



ASTANA
INTERNATIONAL
UNIVERSITY

ISSN 2707-4870, Print

MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

№1 (8) 2025



**Астана Халықаралық университеті
Международный университет Астана
Astana International University**

MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

№ 1 (8) - 2025

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Астана - 2025
Astana - 2025

Бас редактор: Нұрсултанова Л.Н.,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Астана Халықаралық университеті, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары: Мелтем Акынджы (Meltem Akıncı),
PhD, Түркия

Редакциялық алқа:

Шевнина И., PhD, профессор, Қазақстан
Балтабаева Г.З., PhD, доцент, Қазақстан
Сабитов Ж.М., PhD, доцент, Қазақстан
Жумагулов Б.С., PhD, профессор, Қазақстан
Сактаганова З.Г., тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан
Атакан Акчай (Atakan Akçay), PhD, доцент, Түркия
Маслов Х.Б., PhD, доцент, Қазақстан
Картаева Т., PhD, профессор, Қазақстан
Мерц В.К., PhD, доцент, Қазақстан
Мәжитова Ж.С., тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан
Беате Эшмент (Beate Eschment), PhD, профессор, Германия

Жауапты редактор - т.ғ.к. Мырзабекова А.М.

Меншіктенуші: «Астана Халықаралық университеті» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Тіркеу: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті

Есепке қою күні мен нөмірі: 16. 01. 2020 ж. тіркеу куәлігімен № KZ82VPY00019408

Мерзімділігі: жылына 4 рет

ISSN: 2707-4870

Тақырыптық бағыт: Тарих

Редакцияның мекенжайы: 010000, Қазақстан, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 8,
тел.: +7(7172) 47-62-10 (214), e-mail: mhce@aiu.edu.kz

© Astana International University

Главный редактор: Нурсултанова Л.Н.,
доктор исторических наук, профессор, Международный университет Астана, Казахстан

Заместитель главного редактора: Мелтем Акынды (Meltem Akinci),
PhD, Турция

Редакционная коллегия:

Шевнина И., PhD, профессор, Казахстан
Балтабаева Г.З., PhD, доцент, Казахстан
Сабитов Ж.М., PhD, доцент, Казахстан
Жумагулов Б.С., PhD, профессор, Казахстан
Сактаганова З.Г., доктор исторических наук, профессор, Казахстан
Атакан Акчай (Atakan Akçay), PhD, доцент, Турция
Маслов Х.Б., PhD, доцент, Казахстан
Картаева Т., PhD, профессор, Казахстан
Мерц В.К., PhD, доцент, Казахстан
Мәжитова Ж.С., доктор исторических наук, профессор, Казахстан
Беате Эшмент (Beate Eschment), PhD, профессор, Германия

Ответственный редактор - к.т.н. Мырзабекова А.М.

Собственник: Товарищество с ограниченной ответственностью «Международный университет Астана»

Регистрация: Комитет информации Министерства культуры и информации РК

Дата и номер постановки на учет: 16. 01. 2020 г. регистрационным свидетельством
№ KZ82VPY00019408

Периодичность: 4 раза в год

ISSN:2707-4870

Тематическое направление: История

Адрес редакции: 010000, Казахстан, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 8, тел.: +7 (7172) 47-62-10
(214), e-mail: mhce@aiu.edu.kz

© Astana International University

Editor-in-chief: Nursultanova L.N.,
doctor of historical sciences, professor, Astana International University, Kazakhstan

Deputy editor-in-chief: Meltem Akıncı,
PhD, Turkey

Editorial board:

Shevnina I., PhD, Professor, Kazakhstan
Baltabayeva G.Z., PhD, Associate Professor, Kazakhstan
Sabitov J.M., PhD, Associate Professor, Kazakhstan
Zhumagulov B.S., PhD, Professor, Kazakhstan
Saktaganova Z.G., Doctor of Historical Sciences, Professor, Kazakhstan
Atakan Akçay, PhD, Associate Professor, Turkey
Maslov H.B., PhD, Associate Professor, Kazakhstan
Kartaeva T., PhD, Professor, Kazakhstan
Merts V.K., PhD, Associate Professor, Kazakhstan
Majitova Zh.S., Doctor of Historical Sciences, Professor, Kazakhstan
Beate Eschment, PhD, Professor, Germany

Responsible Editor - Candidate of Technical Sciences Myrzabekova A.M.

Owner: Limited Liability Partnership "Astana International University"

Registration: Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan

Date and number of initial registration: 16. 01. 2020 with registration certificate

№ KZ82VPY00019408

Frequency: 4 times a year

ISSN: 2707-4870

Subject area: History

Address of edition: 010000, Kazakhstan, Astana, Kabanbay Batyr avenue, 8. Tel.: +7 (7172) 47-62-10 (214), e-mail: mhce@aiu.edu.kz

© Astana International University

МАЗМҰНЫ – CONTENTS – СОДЕРЖАНИЕ

Рахимов Е.К. Ортағасырлық және жаңа заман карталарындағы Арал теңізі	7
Akıncı M., Akhan Zh. Religious beliefs in the kazakh steppe during the late middle ages: a brief survey through the eyes of contemporary researchers and travelers	23
Серикбай А.Б. Орта ғасырдағы Қазақстан территориясындағы қала мәдениеті: Отырар, Құлан, Сығанақ қалалары	30
Бірлік А. 1991 жыл Парсы шығанағы соғысының психологиялық зардаптары	39
Өскембаев Қ.С., Бірлік А. Қазақ-жонғар соғыстары қытай деректерінде	51

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ЗАМАН КАРТАЛАРЫНДАҒЫ АРАЛ ТЕҢІЗІ**¹Е.К. Рахимов*** 

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
*e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com

Е.К. Рахимов – PhD, Астана халықаралық университетінің доценті, Астана, Қазақстан,
e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2829-9289>

Аңдатпа. Зерттеу тарихи география мен картографияның, сондай-ақ тарихнама мен деректанудың тоғысында жүргізілді. Сондықтан қолданылған негізгі әдіс пәнаралық болды. Тақырыптың өзектілігі даусыз, себебі картографиялық дереккөздер, тарихи және археологиялық дереккөздермен қатар, Орталық Азиядағы ірі су айдыны ретінде Арал теңіз-көлінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді. Арал теңізінің қазіргі регрессиясының себептерін зерттеу қажеттілігін ескерсек бұл міндет өте маңызды. Мақаланың мақсаты ортағасырлар мен жаңа заманда еуропалық және ресейлік авторлар жасаған ескі карталарда Арал теңізін тарихи-географиялық ерекше нысан ретінде көрсету болып табылады. Зерделенген картографиялық материалдар Орталық Азияның осы үлкен ішкі су айдынының біртіндеп «сызбасының» динамикасын зерттеуге көмектеседі. Алғашқы карталарда Каспий теңізіне құятын Әмудария мен Сырдария өзендері бейнеленген болса, Арал теңізінің бейнесі біртіндеп пайда болады, алдымен тек шығыс жағалауы, содан кейін толық пішіні көрсетіледі. Орталық Азия аймағын бейнелейтін ескі карталарды мұқият зерттеу бізге Арал теңізінің географиялық шекараларының, жағалауларының және шығанақтарының пайда болуы мен дамуының эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеудің ортағасырлық және қазіргі заманғы карталарды талдауға негізделген нәтижелері Арал теңізі су деңгейінің тарих бойындағы ауытқушылық сипатын көрсетеді. Сондықтан, қазіргі регрессия бірінші де, соңғы да емес және Арал теңізі-көлі болашақта қайтадан суға толуы мүмкін деп болжауға болады.

Кілт сөздер: Арал теңізі, тарихи география, тарихи картография, ескі карталар, сызба, тарихнама және деректану, орта ғасырлар, жаңа заман.

АРАЛЬСКОЕ МОРЕ НА КАРТАХ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ И НОВОГО ВРЕМЕНИ**¹Е.К. Рахимов***

¹Международный университет Астана, Астана, Казахстан
*e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com

Е.К. Рахимов – PhD, доцент Международного университета Астана, Астана, Казахстан,
e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2829-9289>

Аннотация. Исследование проведено на стыке исторической географии и картографии, а также историографии и источниковедения. Поэтому основным использованным методом был междисциплинарный метод. Актуальность темы несомненна, так как картографические источники наряду с историческими и археологическими позволяют реконструировать историю формирования Аральского моря-озера как крупного водоема Центральной Азии. Тем более эта задача важна в связи с необходимостью изучения причин нынешней регрессии Арала. Целью статьи явилось представление Аральского моря как историко-географического объекта на картах средневековья и нового времени, созданных европейскими и российскими авторами. Данные картографические материалы помогают изучить динамику постепенного «очерчивания» этого крупного внутреннего водоема. Если на ранних картах Амударья и

Сырдарья изображены впадающими в Каспийское море, то постепенно вырисовывается образ Арала, в начале только его восточный берег, а затем все очертания. Внимательное исследование старинных карт с изображением региона Центральной Азии позволяет выстроить эволюцию появления и развития географических границ, берегов, заливов Аральского моря. Результатами исследования явились выводы сделанные на основе анализа средневековых карт и нового времени, которые доказывают неустойчивый характер уровня Арала в историческое время. Поэтому, можно считать, что нынешняя регрессия не первая, и не последняя, а в будущем Аральское море-озеро может вновь наполниться водами.

Ключевые слова: Аральское море, историческая география, историческая картография, старинные карты, чертеж, историография и источниковедение, средневековье, новое время.

ARAL SEA ON MAPS OF THE MIDDLE AGES AND MODERN TIMES

¹**Y.K. Rakhimov***

¹Astana International University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com

Y.K. Rakhimov – PhD, Associate Professor of the Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: yernur.rakhimov@gmail.com, <https://.0000-0003-2829-9289>

Abstract. The study was conducted at the intersection of historical geography and cartography, as well as historiography and source studies. Therefore, the primary method employed was interdisciplinary. The relevance of the topic is undeniable, as cartographic sources, along with historical and archaeological ones, allow us to reconstruct the history of the formation of the Aral Sea-lake as a major body of water in Central Asia. This task is especially important given the need to study the causes of the Aral Sea's current regression. The aim of the article is to present the Aral Sea as a historical and geographical feature on medieval and modern maps created by European and Russian authors. These cartographic materials help study the dynamics of the gradual «outlining» of this large inland body of water. While early maps depict the Amu Darya and Syr Darya rivers flowing into the Caspian Sea, the image of the Aral Sea gradually emerges, initially only its eastern shore, and then its full contours. A careful study of ancient maps depicting the Central Asian region allows us to chart the evolution of the Aral Sea's geographic boundaries, shores, and bays. The study's findings, based on an analysis of medieval and modern maps, demonstrate the fluctuating nature of the Aral Sea's water level throughout history. Therefore, it can be assumed that the current regression is neither the first nor the last, and that the Aral Sea/lake may once again fill with water in the future.

Keywords: Aral Sea, historical geography, historical cartography, ancient maps, drawings, historiography and source studies, medieval and modern periods.

Кіріспе. Арал теңізі Орталық Азиядағы негізгі географиялық нысан ретінде ерте заманнан белгілі. Алайда гидрологиялық режимнің тұрақсыздығы, су деңгейінің тұрақты ауытқуы және өзен ағындары көлдің кеуіп, содан кейін қайтадан суға толы болуы жөнінде «құбылмалы» көл туралы гипотезаны тудырды.

Арал теңізі салыстырмалы түрде үлкен көл болғанымен, өзінің динамикалық сипатымен ғалымдардың назарын бұрыннан аударып келеді. 1780 жылдан бастап Арал теңізі деңгейінің ауытқуы туралы тарихи деректер жеткілікті, әрі сенімді. Егер археологиялық деректерге сүйенсек жанама, ал тарихи деректерге сәйкес қарама-қайшы мәліметтер береді. Кейбір зерттеушілер (мысалы, А.С. Кесь және т.б.) Арал теңізінің қазіргі акваториясы жоғарғы төрттік дәуірінде қалыптасқан деп есептейді (Колебания, 1980: 204).

Әмудария мен Сырдария өзендері қалыптасуы жағынан көне географиялық объектілер. Олар Каспий алқабына кем дегенде орта плиоценнен бері жатады, ал олардың Арал теңізімен

ұзақ мерзімді байланысы әлі толық зерттелмеген. Арал теңізі орналасқан құрылымдық алқап плиоценге жататыны белгілі, алайда көлдің өзі әлдеқайда жас. Арал теңізінің ерте тарихын XX ғасырдың екінші жартысында кеңестік және ресейлік зерттеушілер жан-жақты зерттеген, олардың қорытындылары бірқатар шолу мақалаларда жинақталған. Осы зерттеулерге сәйкес, аймақта жел эрозиясы үстемдік еткен орта плейстоценде Арал ойпаты ұзақ уақыт құрғақ болған мыс (Burr, 2019: 142).

Арал теңізінің су деңгейі ең алдымен Өмудария ағынының бағытына байланысты екені анық. Түрлі себептермен өзен Ұзбой өзенін (қазіргі Сарықамыс көлінен Каспий теңізіне дейінгі құрғақ арна) бұзып кеткенде, оның көлге құятын ағысы азайып, соған сәйкес Арал теңізінің суы да төмендеген. Өмудария су деңгейінің өзі көптеген факторларға байланысты болды: климат, суару және төменгі ағысының жер бедері, мысалы, лай немесе дрейфтің қалыптасуы, бұлар да өзеннің бағытын өзгертті.

Ұзбой ағынының тоқтауы шамамен 3 мың жыл бұрын, ғалымдардың көпшілігінің пікірінше, Орталық Азияда суармалы егіншіліктің басталуымен байланысты болды. Арал-Сарықамыс алқабының 10 текше шақырымға ғана азаюы оны құрғақшылықта қалуына жеткілікті болды. Суды суаруға пайдалану алқаптағы су деңгейінің төмендеуіне және оның екі көлге бөлінуіне әкеліп соқтырды, оның бірі – Сарықамыс дерлік құрғап кетті. Кейіннен суармалы жерлердің көлемі бірнеше рет және күрт қысқарды. Нәтижесінде Арал теңізіне құйылатын су көбейіп, Сарықамыс көлі қайта пайда болды (Колебания, 1980: 208).

Қазіргі ғалымдардың пайымдауынша Өмудария суының Арал теңізіне ағынының бар екенін кем дегенде неолит дәуірінен, яғни голоценнің екінші жартысынан бастап растайды. Арал теңізі атырауының дамуының кейінгі кезеңдері атыраудың өзінде де, Сарықамыс пен Ақшадарияға (Өмударияның құрғақ қабаты) қарай да негізгі ағыс бағыттарының мерзімдік өзгеруімен сипатталды. Бұл ығысулар бір жағынан табиғи тарихи факторларға, екінші жағынан әлеуметтік факторларға байланысты болды (Колебания, 1980: 203). Арал теңізі, Ұзбой, Өмудария және Сырдария су жүйелеріне қатысты тарихи дереккөздерге шолу 2-қосымшада келтірілген.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Арал теңізінің тарихи өткенін ғылыми тұрғыдан зерттеуді XX ғасырдың басында белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд пен географ Л.С. Берг бастаған. Академик В.В. Бартольд өзінің 1902 жылы «Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII века» кітабын басып шығарды. Ол жазбаша деректерден алынған мәліметтерді салыстыра келе, моңғол шапқыншылығы дәуірінде Өмудария қазіргідей Арал теңізіне құйылған деген қорытындыға келді (Бартольд, 1902). Бірақ XIII – XVI ғасырлар аралығында өзен суы Ұзбой өзенінің арнасымен Каспий теңізіне қарай бұрылды.

Бартольдтың айтуынша, Арал теңізі туралы алғашқы сенімді дереккөздер VIII ғасырда Хорезмді жаулап алу туралы дәлелдемелерді жазып алған араб авторларына тиесілі. Бұл деректерді егжей-тегжейлі сипаттаған ол, одан Арал теңізінің 800-ші жылдары болғаны және оның Хорезм маңында орналасқаны анық, өйткені оның сипаттамасы Арал теңізінің шығыс жағалауының сипатына толығымен сәйкес келеді. В.В. Бартольд сол кездегі белгілі шығыс қолжазбаларына негізделіп XIII – XVI ғасырлар аралығында Өмудария суы (бұрын қазіргідей бағытта ағып келген) Каспий теңізіне қарай бұрылып, Ұзбойдың түбін бойлай ағып жатқан деген тұжырымға келген (Толстов, 1962:17). Әрине, сол кезде Арал теңізі көлемі жағынан кішірейіп, ортағасырлық карталардан мүлде жойылып кеткен.

Әйгілі географ және лимнолог, Арал теңізі туралы монографияның авторы Л.С. Берг, Орталық Азиядағы осы бірегей географиялық объекті туралы тарихи очерк жазды (монографияға оның «Очерк истории исследований Аральского моря» енгізілген). Ол грек немесе рим авторларының ешқайсысы Арал теңізі туралы тікелей немесе жанама сөз қозғамағанын атап өтеді. 1048 жылы қайтыс болған атақты хорезмдік ғалымы әл - Бирунидің айтуынша, біздің дәуірімізге дейінгі 1292 жылдан бастап өз хронологиясын жүргізген

хорезмдіктер Арал теңізінің бар екендігі туралы ешқандай дәлел келтірмеген. Берг сондай-ақ зороастризмнің қасиетті кітабы «Авестаға» сілтеме жасайды, бұл Вахш өзенінің немесе қазіргі Өмудария Варухаша көліне құятынын көрсетеді, кейбір ғалымдар оны Арал теңізі деп түсінеді. (Берг, 1908).

Л. Бергтің іргелі монографиясы Арал теңізі мен оның айналасындағы Орталық Азияның қуаң далаларының табиғаты мен геологиясы туралы бүгінгі күнге дейінгі ең егжей-тегжейлі зерттеу. Автор Арал теңізін барлаудың толық тарихнамасын әртүрлі көзқарастардан ұсынады. Көне заманнан 1902 жылға дейінгі көл-теңізді игеру тарихына арналған тарау 110 бетті құрайды. Онда Арал теңізі туралы көптеген, тіпті ең кішігірім басылымдарға да сілтемелер бар (Горбунов, Малковский, 2008: 60).

Кітапта Қытай, араб, моңғол және еуропалықтардың ежелгі дәуірден бастап Арал теңізі туралы білімінің дамуы көрсетілген. Арал өңірін бейнелейтін ең ертеден бастап карталар мен атластарда деректер беріліп, картографиялық дереккөздердің географиялық мәліметтері талданады. Л. Берг Арал теңізі туралы сенімді ақпаратты X ғасырдан бастап араб авторларының еңбектерінен алуға болатынын, сол арқылы В. Бартольдпен келісе алатынын дұрыс атап көрсетеді (Берг, 1908: 60). Л. Бергтің монографиясында әйгілі С. Ремезов картасының үзінділері, сондай-ақ X – XIX ғасырлардағы бірқатар еуропалық және араб карталары берілген. Арал теңізіндегі барлық ресейлік экспедициялар және олардың жетістіктері туралы мәліметтер үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Біздің замандастарымыз, француз ғалымдары, Арал теңізін жан-жақты зерттеудің авторлары Рене Леталь мен Моника Маингло «Арал» атты іргелі еңбегінде көл-теңіз туралы картографиялық мәліметтерге арналған «Арал өңірінің тарихы: өркениеттер тоғысында» тарауында арнайы абзац бөлген (Létolle, Mainguet, 1993: 73-92). Бұл параграф «Арал. Картаға түсіру және ашылымдар: даулы теңіз» деп аталады. Авторлар Птолемейдің «Географиясынан» (б.з. II ғ.) бастап, ондаған «ескі» карталарды мұқият талдап, оның ішінде Каспий теңізі бар, бірақ сызба арқылы Арал теңізі туралы ештеңе айтылмаған дейді. Әл-Идриси картасында (XII ғ.), «Каталон атласында» (XIV ғ.) Арал теңізі бар, ал А. Бутаковтың картасында (XIX ғ. ортасы) Арал теңізін өзінің бізге таныс пішінінде көрсетіледі (1-сурет). Француз ғалымдары ежелгі карталарды хронологиялық тұрғыдан зерттеу жасап, Арал теңізінің динамикасын, оның ішінде көлемі мен пішінінің, су құрамы мен су деңгейінің өзгеруін анықтайтынын көрсетті. Сондай-ақ, Арал теңізі туралы көне және қазіргі мәліметтерге талдау жасалды. Бұл бөлімнің жалпы көлемі 20 бетті құрады.

Біздің мақаламыз пәнаралық зерттеу әдіснамасына сүйеніп дайындалған. Негізгі зерттеу әдістері: тарихи-салыстырмалы, тарихи-картографиялық, дерекнамалық талдау. Пәнаралық байланыстары – тарихи география, тарихи картография, тарихнама, деректану.

Нәтижелер. Ежелгі гректер Оксус (Амудария) және Яксарт (Сырдария) өзендері теңізге құятынын білген, бірақ олар Гиркан теңізіне (Каспийге) құяды деп есептеген. Бұл көзқарас географияда XVIII ғасырдың басына дейін үстем болды, бұл ішінара Өмудария су ағынының тұрақсыздығына байланысты. Арал теңізінің бар болуы оны қоректендіретін Өмудария мен Сырдария өзендерге байланысты екені белгілі. Бұл өзендер ағысының бағытын бірнеше рет өзгертіп, біресе Арал теңізіне, біресе Каспий теңізіне (Амудария), кейде тіпті шөлге құйған. Кейбір деректерге қарағанда, бұрын Өмудария Узбой тармағы арқылы Каспий теңізіне, ал Торғай өзені Арал теңізіне құятын. (История и культура Арало-Каспия, 2001). Тек IV ғасырда тарихшы Аммиан Марцеллин Өмудария мен Сырдарияның Арал теңізіне қосылуы туралы анық жазады (Виноградов, 1966: 136). Бұл өзгерістер өзеннің атырауы бойындағы өзен арналарының табиғи жылжуымен де, адам әрекетімен де байланысты болды.

Алайда біздің дәуіріміздің басында Арал теңізі Рим империясында Окс (Өмудария) өзенінің атауына байланысты Оксус көлі ретінде белгілі болғаны туралы деректер бар (Страбон, б.з. I ғ., Птолемей, II ғ.).



Сурет 1. 1482 жылғы *Cosmografia Germanus* басылымындағы Птолемей картасының фрагменті. Арал теңізі Oxi Lacus деп белгіленген (Оксия көлі).

X ғасырда Орта Азияны жаулап алған арабтар оны Хорезм теңізі (әл-Истахри) деп атады. Сонымен қатар, Гурганж (Үргеніш) теңізі, Сыр теңізі деген атаулары кездеседі.

Соңғы тарихи деректер негізінде Арал теңізінің су деңгейінің ауытқуын барынша егжей-тегжейлі зерттеуді алғаш рет Л.С. Берг бастаған. Ол анықтаған тербелістерді климаттық құбылыстар туғызады деп есептеді. Арал теңізінің су деңгейінің өзгеруі, тіпті оның бар болуы туралы бұрынғы тарихи деректер тіптен анық емес және қарама-қайшы болып келеді.

Сонымен, В.В. Бартольд шығыс деректеріне сүйене отырып, орта ғасырларда Арал теңізінің деңгейі күрт төмендеді, мүмкін теңіз мүлдем өмір сүруін тоқтатты деген қорытындыға келеді. Атап айтқанда, бұл туралы ол былай жазады: «XV ғасыр авторларының, тіпті ең білгірлерінің де, Арал теңізі туралы ештеңе білмегенін, тіпті оның бар екенін жоққа шығарып, Сырдарияны не Әмударияға қосуға... не Түркістан қаласынан едәуір төмен, ешбір өзенге қосылмай, құмға сіңіп кетуге мәжбүр еткенін түсіну қиын» (Бартольд, 1965: 196). Л. Бергтің пікірінше, Арал теңізінің деңгейі 1221 жылдан 1573 жылға дейін төмен болды, өйткені ол кезде Әмудария суының бір бөлігі Сарықамыс арқылы Каспий теңізіне құйылған. Бұл тұжырымды араб жазушыларының өзен суының бір бөлігінің Каспий теңізіне құюы туралы деректері растайды.

XIV – XV ғасырларда Шығыс әдебиетінде Птолемей концепциясымен байланысы жоқ Әмударияның Каспий теңізіне бұрылуы туралы мүлдем жаңа мәліметтер пайда болды. Осылайша, Хафизі Абруда мынаны кездестіреміз: «Алдыңғы авторлардың кітаптарында Джейхун суы құялатын Хорезм көлі туралы айтылады, бірақ қазір, яғни 820 (1417 - авт.) жылы бұл көл жоқ, Джейхун (Әмудария) суы өзіне (жаңа) жол жасап, Хорезмнен кейін өзен негізінен шөл арқылы ағып Хазар теңізіне құяды. Ходжент өзені (Сырдария) Фарабқа жетеді; ол жерден (ары қарай) ағып, Хорезм даласында Джейхунмен қосылып, Хазар теңізіне құяды» (Толстов, 1962: 22).

XII – XVII ғасырлардағы шығыс көздерінен алынған үзінді және қарама-қайшы мәліметтер осы кезеңде Әмудария суының қайтадан Каспий теңізіне бұрылуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Олар Әмудария ағысы мәселесін зерттеген екі ірі шығыстанушы тарихшы – Де-Гуе мен Бартольдты тікелей қарама-қарсы көзқарастарға алып келді. Бір кездері Хиуаның солтүстігінде екі тармаққа бөлінген Оксус өзенінің бір сағасы Каспий теңізінде, екіншісі Арал теңізінде болуы да әбден мүмкін.

Шамамен XIII ғасырдың аяғынан бастап Арал теңізіне құйылатын су айтарлықтай азая бастады, бұл геологиялық, геоморфологиялық және тарихи-археологиялық деректермен расталады. Археологиялық материалдар да Арал теңізінің атырауының сол жағалауында ғана емес, бүкіл аумағында XIV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың ортасына дейінгі

ескерткіштердің жоқтығын растайды. Бірқатар жазба тарихи құжаттар XIII ғасырдың басында Өмудария суының бір бөлігінің Сарықамыс алабына, одан әрі Узбой арқылы Каспий теңізіне бұрылғанын көрсетеді. Бұл Сарықамыс тармақтарының белсенді өмірінің соңғы кезеңі болды (Толстов, 1960). XVII ғасырдың басынан бастап Өмудария толығымен Арал теңізі ойпатына құйылды. Осыдан кейін оның суларының батысқа қарай қысқа су тасқыны ағыны ретінде ғана байқалған.

Ортағасырлық регрессияның себебі неде? Бұл теңіз деңгейінің төмендеуіне табиғи және антропогендік факторлар ықпал етті. Біріншіден, XIV ғасырда климаттық дәуірлер өзгерді: ортағасырлық климаттық оптимум аяқталып, кіші мұз дәуірі басталды. Памир мен Тянь-Шань мұздықтарындағы атмосфералық жауын-шашынның сақталуына байланысты өзен ағынының азаюы осы кезде басталған мыс. Арал теңізінің құлдырау фазасы және одан кейін қайта толтыру шамамен 300 жылға созылды (XIII ғасырдың соңы – XVI ғасырдың аяғы). Сонымен қатар, археологиялық деректер бойынша XIV ғасырға жататын Арал теңізінің ең төменгі деңгейінің кезеңі біршама ұзақ – жүз жылдан астам уақытқа созылды (Кривоногов, 2009).

Ал XV ғасырда Арал теңізінің суы толық емес, бірнеше жеке су қоймаларынан тұратынын көрсететін тарихи деректер ескі карталармен расталады (5, 6 – суреттерді қараңыз).

Бірақ XVI ғасырдың ортасынан бастап Өмудария өз суын қайтадан Арал теңізіне апара бастады және осы уақыттан бастап Арал атырауының қазіргі бөлігінің қарқынды қалыптасу кезеңі басталды. Егер XV ғасырда бұл үлкен көлдер тобы болса, XVI ғасырдың аяғында Арал теңізі ең жоғары деңгейге жетті, бірақ XVII ғасырда су деңгейі қайтадан төмендеп, аралдар пайда болды. 2001 жылы Арал теңізінің түбінде, оның солтүстік бөлігінде бұрынғы Барсакелмес аралының маңында Кердері кесенесі, одан кейін тағы бір кесене мен Арал-Асар деп аталатын көне қалашық табылды. Кердері кесенесі XII ғасырға жатады, ондағы жерлеулер тәңіршілдік элементтері бар ислам мәдениетіне жатады. Ал соңғы жерлеулер мұнда XIV ғасырда жасалған (История и культура Арало-Каспия, 2001; Кривоногов, 2009: 45).

XVI ғасырда климаттың өзгеруіне байланысты (жалпы жылыну, жауын-шашынның көп түсуі, мұздықтардың жаппай еруі) Арал теңізі ойпаты суға толып, жеке су қоймалары бірігіп, Арал теңізі толып кетті. Бұны Әбілғазы Баһадүрдің 1573 жылға дейінгі жазбалары дәлелдейді (Виноградов, 1966: 132).

Е.К. Мейндорфтың айтуынша, Хиуа тұрғындары арасында көп тараған аңыз – 500 жыл бұрын болған жер сілкінісінен Өмудария бағыты өзгерген-ді. Бұхара мен Хиуа шынымен жер қыртысының дүмпулеріне ұшырауына ықтималдығын ескерсек, бұл рас болуы әбден мүмкін (Мейндорф, 1975: 64).

Қазақ хандығы бейнеленген алғашқы карталардың авторы Э.Дженкинсон 1559 жылы былай деп жазды: «Бұрынғы кезде Каспий теңізінің осы шығанағына Оксус өзені құйылғанын айта кету керек. Қазір ол әзірге жетпейді... Арал теңізіне құяды... Бұл елдің пайдаланатын суы осы өзеннің қатты сарқылуына байланысты Оксус өзенінен салынған арналардан алынады; сондықтан ол енді Каспий теңізіне құйылмайды...». (Дженкинсон, 1938).

Алайда, XVII ғасырда су деңгейі төмендеп, Барсакелмес, Возрождение, Көкарал және т.б. аралдардың пайда болуына әкелді. Арал теңізінің толықтығы туралы ақпарат мардымсыз болды және, мүмкін, ол ешқашан жеткен жоқ, немесе жеткен болса да, Шығыста да, Батыста да (Мәскеулік Ресейде және Еуропада) елеусіз қалды. Соған қарамастан, С. Ремезовтің «Книга Большого Чертежа» (1627 ж.) – «бүкіл Мәскеу мемлекеті үшін» алғашқы картаның сипаттамасында Арал теңізі Көк теңіз деп аталды. Бұл беймәлім және алыс теңіз немесе көл туралы дәстүрлі фольклорлық түсінікке байланысты болуы мүмкін (Кошарная, 2008: 21).

Түркі тілдерінде «Арал - Теңіз» деген топоним қолданылады. Мұнда арал – теңіз (деңгіз) «теңіз, үлкен көл», яғни «арал теңізі» немесе «аралдар теңізі» дегенді білдіреді. Бұл атау алғашында XVIII ғасырдағы карталарға сәйкес Арал иелігі немесе уәзірлік (Арал вице-патшалығы немесе Арал Попули) орналасқан аралдарға толы Өмудария атырауындағы теңізге ғана қатысты болса керек. Арал теңізін «Көк теңіз» гидронимімен алғаш рет орыс

тіліне «Книга, Глаголемой Большой Чертеж» (1627) авторы Афанасий Мезенцев енгізген (Кривоногов, 2009: 44).

Арал теңізін ғылыми тұрғыдан зерттеуді XVIII ғасырда Орта Азияға барлау экспедициялар ұйымдастырған ресейлік офицерлер бастаған. І Петрдің бұйрығымен 1714 жылы «Үндістанға су жолын табу» міндетімен экспедиция ашылды. Сол жылы А. Бекович-Черкасский Каспий теңізінің шығыс жағалауын зерттеп, Әмудария Каспийге емес, Арал теңізіне құятынын алғаш рет растады (Виноградов, 1966: 137-138).

А. Бекович-Черкасскийдің Хиуадағы әскери барлау экспедициясы сәтсіздікке ұшырап, алға қойған мақсатына жете алмады. Алайда Арал теңізі мен оған құятын өзендердің сағалары туралы маңызды мәліметтер алынды. Капитан А.И. Бутаковтың экспедициясы XIX ғасырдың ортасында Арал теңізінің алғашқы топографиялық картасын жасады. Дәл осы карта Арал теңізі туралы біздің түсінігімізді кең-байтақ және суы мол көл-теңіз ретінде анықтады.



Сурет 2. А.И. Бутаков картасында Арал теңізі (1850 г.). Дереккөз: *(Journal of the Royal Geographical Society, Vol. 23, 1853)*. <http://www.luptravel.com> веб-сайтынан, жүзіну күні 15.12.2025.

Арал теңізінің ортағасырлық және жаңа заман карталарында бейнеленуінің тарихы өте күрделі, мұқият зерттеуді қажет етеді, сондықтан да өзектілігі сөзсіз. Араб картографтары Арал теңізінің бар болуы мен географиялық орнын білген және оны өз карталарында атап көрсеткені туралы деректер бар. Мысалы, атақты географ әл-Идриси (XII ғ.) Арал теңізін өз орнында, оған құятын өзендермен бейнелеген. Еуропада «Табула Роджериана» деген атпен белгілі араб географының бұл картасы Арал теңізі мен жалпы Орталық Азияның тарихи географиясы туралы сенімді дереккөз екені сөзсіз.



Сурет 3. Әл-Идриси картасындағы Арал теңізі («Табула Роджерияна»). Оған бес өзен құяды. Аралдың солтүстігінде Шу өзені құятын Ақжайқын көлі бейнеленген болуы мүмкін. Аралдың солтүстік-шығысында Балқаш көлі мен Жетісу өзендері бейнеленген.

Картографияның басынан Арал теңізі еуропалық бөлікте жасалған карталарға енбеді. Бұл жағдай XVI ғасырға дейін сақталды. Алдымен орыс, содан кейін еуропалық картографтар бұл әлдеқайда үлкен және батыста орналасқан Каспий теңізінен бөлек географиялық объект екенін түсінді.

Еуропалық картографияда теңіз-көлді «ашуда» Семен Ремезовтің рөлі зор. Оның 1699 жылғы картасында Арал теңізі алғаш рет өз атымен және оған құятын өзендермен бірге тиісті орнында көрсетілген (8-суретті қараңыз). Кейінірек Арал теңізінің, оның ішінде Батыс Еуропа карталарындағы бейнелері С. Ремезовтің «Сызба кітабынан» алынған мәліметтерге негізделген деп болжауға болады. Сонымен, Гийом Делильдің «Парсы картасында» (1724 ж.) Арал теңізі Батыс Еуропа картографиясында бірінші рет Lac de Glouchoige ou d'Agarscoa атауымен жеке географиялық объект ретінде көрсетілген (10-суретті қараңыз). Кейінірек теңіз-көлді бейнелеу тәжірибесі Абрахам Маастың «Каспий теңізінің және өзбектер елі іргелес провинцияларының жаңа картасы» (12-суретті қараңыз), Иоганн Матиас Хаастың картасында көрініс тапты (13-суретті қараңыз).

Әр уақытта әр түрлі саяхатшылар Арал теңізінің картасын жасаған: 1558 жылы ағылшын Э.Дженкинсон, 1664 жылы голланд Николас Витсен, 1724 жылы француз Г.Делиль, орыстар – 1734 жылы Крылов, 1741 жылы Муравин, 1834 жылы Левшин. Арал теңізінің зерттеуіне айтарлықтай үлес қосқандар А. Бутаков пен Т. Шевченко. Еуропалық және ресейлік авторлардың ең көрнекті карталары егжей-тегжейлі түсіндірмелерімен 1-қосымшада келтірілген.

Қорытынды. Ортағасырлық және жаңа заманның тарихи карталары ғылыми маңызды тарихи ақпараттың тасымалдаушысы ретінде Орталық Азияның географиясы, этнографиясы, саяси және экономикалық тарихы үшін құнды дереккөз болып табылады. Бұл жағдайда біз зор және экономикалық маңызды географиялық нысан болып табылатын Арал теңізінің эволюциясы мен динамикасын суреттеу үшін картографиялық материалдарды пайдалануға тырыстық.

Бұл көл-теңіздің үзік-үзік, сенімсіз, бір-біріне сәйкес келмеуі оның екі үлкен саласы Әмудария мен Сырдария өзендерінің су деңгейі мен бағытына байланысты гидрологиялық деңгейінің тұрақсыздығынан екені анықталды. Мұнда әлеуметтік-экономикалық, саяси және физикалық-климаттық факторлар әсер етті. Демек, оның батыс көршісі Каспий теңізі мыңдаған жылдар бойы азды-көпті дәл бейнеленгенімен, Арал теңізінің жағдайы күрделірек болды. Соған қарамастан, «ескі» карталарды мұқият зерттеу және салыстыру Арал теңізінің бірте-бірте «анықталуын» және оның дұрыс орналасқан жерінде пайда болуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды аспект – Арал теңізінің, оның ауданы мен көлемінің тарих бойындағы құбылмалылығы, бұл көптеген тарихи деректермен расталады. Мысалы, Арал теңізі ұзақ уақыт бойы жойылып, жеке-дара су қоймаларына айналады, кейін қайта толтырылады. Демек, қазіргі регрессия Арал теңізі тіршілігінің кезекті кезеңі болуы мүмкін және жақын болашақта Арал қайтадан суы мол көл-теңізге айналады және ауданы бойынша әлемдегі ең ірі бес көлдің қатарынан өзінің лайықты орнын қайтарады деген үмітіміз бар.

1-қосымша.

Арал теңізі ескі ортағасырлық және жаңа замандағы еуропалық және ресейлік карталарында.



Сурет 4. Арал теңізі Мартин Вальдземюллердің дүниежүзілік картасында (1516 ж.). Арал теңізі – Оксус өзені өз суын Каспий теңізіне апаратын шағын су айдыны болып бейнеленген.



Сурет 5. Арал теңізінің орнындағы екі бөлек су айдыны «Tartaria sive Magni Chami Imperium» (Тартария немесе Ұлы хандар империясы, латын тілінен аударғанда) – Saluna lacus және Amu lacus көрсетілген. (1635-1664). Авторы: Виллем Янсзон Блау. Мұнда берілген ақпарат ескірген сияқты, өйткені карта жасалған кезде Арал теңізі біртұтас су айдыны болған. Бұл нюанс ортағасырлық картографияға тән, мұнда соңғы ақпарат жиі айтарлықтай кешігумен пайда болды.



Сурет 6. Картадағы осыған ұқсас сурет «Tabula Tartariae et majoris partis Regni Chinae» (Тартария және Қытай патшалығының картасы, латын тілінен аударғанда). (1680 ж.). Авторлары: Фредерик де Вит, Николас Виссер. Осы және алдыңғы картада көрсетілген Saluna Lacus және Amu lacus көл атаулары Арал теңізімен сәйкестендірілді, алайда «Saluna» сөзінің латын немесе басқа еуропалық тілдерден аудармасын таба алмадық. Мүмкін, бұл орыс тілінен келген «солённое» калька сөз шығар.




Сурет 7. Арал теңізі Н. Витсен картасында, 1687 жыл («Солтүстік және Шығыс Тартария» кітабына қосымша). «Көк (синее) немесе Saluna» деп белгіленген. «Sinée» гидронимін Н. Витсен орыс деректерінен алғаны сөзсіз.

Сурет 10. Арал теңізі Г. Делиль картасында, 1724 ж. Glouchoige дегенді француз тілінен «саңырау» деп аударуға болады, яғни көлге қатысты - тұйық деген мағынада. Arapscoa сөзі баспагердің қатесінен кеткені анық.



Сурет 11. Арал теңізі И. Страленберг картасында, 1730 ж. Мұнда ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты Әмудария өз суын жартылай Каспий теңізіне құяды.




Сурет 12. «Nova Maris Caspii et Regiones Usbeck Cum Provinciis adjacentibus vera Delineatio» картасындағы Арал теңізі. (Каспий теңізінің және өзбектер елі іргелес провинцияларының жаңа картасы, латын тілінен аударғанда). (1735 ж.). Авторлары: Авраам Маас, Иоганн Питер фон Гелен. Картада Арал теңізі туралы түсіндірме жазба бар: «Мұнда сулар жоғалып кетеді, ал жағалары қамыс басып жатыр, тіпті көлдегі су тұзды және ащы», латын тілінен аударылған.



Сурет 13. «Imperii Russici et Tatariae Universae tam majoris et Asiaticae quam minoris et Europae Tabula» картасындағы Арал теңізі. (Орыс және Тартария империяларының, Үлкен Азия және Кіші Еуропа елдерінің әмбебап картасы, латын тілінен аударғанда). (1739 ж.) Авторы: Иоганн Маттиас Хаас. Бір қызығы, бұл картада Арал теңізі де өзінің ежелгі «Хорезм көлі» атауымен берілген.



Сурет 14. Арал теңізі «Carte de l'Asie» картасында. (Азия картасы, француз тілінен аударғанда). (1744). Авторлары: Иоганн Хаас, Готтлиб Бём.



Сурет 15. «Anhang zu den Karten von dem Orenburger Feldzuge №1 und den Provinzen in Siberien №2, wie solche von den ruslen im jahre 1747 aufgenommen worden» картасындағы Арал теңізі. 1747 жылы орыстар құрастырған №1 Орынбор жорығының және Сібір губернияларының №2 карталарына косымша, неміс тілінен аударғанда». (1747). Авторлары: Дж. Хенвей, И.Г. Крюгер.

Шығыс жағалауы анық көрсетілгенімен, Арал теңізінің батыс жағалауы мүлде суреттелмеген, мұны түсіндіру қиын. Бұл карта, біздің ойымызша, британдық саудагер Джонас Хенвейдің саяхат есептеріне сүйене отырып, ресейлік құпия мәліметтерді кеңінен пайдалана отырып жасалған. Карта бірегей және сирек. Түпнұсқалардың бірі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде (Астана қ.) сақтаулы.



Сурет 16. Арал теңізі Сэмюэл Даннның «Тәуелсіз Тартария картасында» (1774). Британдық Тартария картасының бірінде Арал теңізі дұрыс бейнеленген. Әмудария енді Каспий теңізіне құйылмай, Сырдария сияқты оған толық құяды. Айта кетерлігі, картада көл-теңіздің оңтүстігінде Aralar Uasir деген жазу бар. Бұны біз Арал уәзірлігі немесе вилайетімен сәйкестендіреміз.

Қосымша 2.

Кесте 1. Орталық Азияның су жүйелеріне қатысты тарихи деректер. *Дерек-көзі: Духовный, 2017:120 б. - Б. 12.*

Время	Источник	Условия Арала	Условия Узбоя	Примечание
XV в. до н. э.	Авеста Риг Веди	сухой		болотистая местность
V в. н. э.	Геродот	существует	Амударья через Узбой в Каспий	
III до н. э.	Патрокл	заполнен водой	сухой	Амударья и Сырдарья втекают в Арал
I до н. э.	Страбон	впадает Амударья и Сырдарья, но последняя не полностью	Амударья	
891 н. э.	Аль Балки	существует	вдоль Узбоя в Каспий	
X	Идриси	существует		
1211	Дживени Мурханд	почти сухой	работает	отпрыски Чингиз-хана направили Амударью в сторону
1320	Марино Сануто	средний уровень	Потоки Узбоя идут из Сарыкамыш, куда впадает Амударья	малый Арал идентичен небольшому озеру (Сарыкамыш)
1375	Каталония	существует	работает	потоки Сыр впадают в Арал и Аму впадает в Сарыкамыш
	Сануто	существует	работает	
1400	Мераши	низкий уровень		
1575	Абдул Гази	высокий уровень	сухой	
1638	Олирей	низкий уровень	работает	потоки Аму и Сыр впадают в Арал
1680	Абдул Гази Багадур	существует		потоки Аму впадают в Каспий с 1220 г. и, в конце концов, разъединены в 1575 г.
1734	Кирилов	не указано	чередуются	
1826	Колодкин	высокий уровень	не показано	
1858	Иваничев	высокий уровень	засохший	

Әдебиеттер

- Burr G. S., et al. A history of the modern Aral Sea (Central Asia) since the Late Pleistocene // Quaternary Science Reviews. –2019. – Vol. 206. –P. 141–149. [Eng]
- Létolle R., Mainguet M. Aral. –Paris: Springer-Verlag France, 1993. –260 p. [French]
- Бартольд В. В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII века. –Ташкент, 1902. –215 с. [Russ.]
- Бартольд В. В. К вопросу о впадении р. Амударья в Аральское море // Сочинения. Т. 3: Работы по исторической географии. – М.: Изд-во восточной литературы, 1965. –С. 245–262. [Russ.]
- Берг Л. С. Аральское море. –СПб., 1908. –580 с. [Russ.]
- Виноградов А. В. Тысячелетия, погребенные пустыней. –М.: Просвещение, 1966. –224 с. [Russ.]
- Горбунов А. П., Мальковский И. М. Аральское море в трудах академика Л. С. Берга // Вопросы географии и геоэкологии. – 2008. –№ 1. –С. 58–63. [Russ.]
- Дженкинсон А. Путешествие в Среднюю Азию 1558–1560 гг. // Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке: сб. текстов / отв. ред. Н. Л. Рубинштейн; пер. с англ. Ю. В. Готье. –М.: Соцэкгиз, 1938. –С. 121–176. [Russ.]
- Древняя и средневековая культура юго-восточного Устюрта. –Ташкент: ФАН, 1978. –310 с. [Russ.]

- Духовный, 2017 - Аральское море и Приаралье / под общ. ред. В. А. Духовного. –Ташкент: Baktria press, 2017. –392 с. [Russ.]
- Золотницкая Р. Л. По дорогам неведомого Туркестана // Сборник статей к 150-летию Н. А. Северцова. –М.: Мысль, 1978. –С. 85–102. [Russ.]
- История и культура Арало-Каспия : сб. науч. ст. –Алматы: Qūs zholy, 2001. –268 с. [Russ.]
- Колебания увлажненности Арало-Каспийского региона в голоцене. –М.: Наука, 1980. –240 с. [Russ.]
- Кошарная С. А. «Море» в русской мифологической картине мира // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. –2008. –Т. 15, № 2. –С. 19–23. [Russ.]
- Кривоногов С. К. Арал судоходный и сухопутный // Наука из первых рук. –2009. –№ 2 (26). –С. 42–51. [Russ.]
- Мейендорф Е. К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. –М.: Восточная литература, 1975. –206 с. [Russ.]
- Толстов С. П. Низовья Амударьи, Сарыкамыш, Узбой. История формирования и заселения : материалы Хорезмской экспедиции. Вып. 3. –М.: Изд-во АН СССР, 1960. –356 с. [Russ.]
- Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. –М.: Восточная литература, 1962. –294 с. [Russ.]

References

- Bartol' d V.V. Svedeniya ob Aral' skom more i nizov' yakh Amudar' i s drevneishikh vremen do XVII veka. [Information on the Aral Sea and the Lower Amu Darya from Ancient Times to the 17th Century]. Tashkent, 1902. 215 p. (In Russ.).
- Bartol' d V.V. K voprosu o vpadenii r. Amudar' ya v Aral' skoe more [On the Confluence of the Amu Darya River into the Aral Sea]. // Sochineniya. Vol. 3. Raboty po istoricheskoi geografii. Moscow: Izd-vo vostochnoi literatury, 1965. P. 245–262. (In Russ.).
- Berg L.S. Aral' skoe more. [The Aral Sea]. Saint Petersburg, 1908. 580 p. (In Russ.).
- Burr G.S. et al. A history of the modern Aral Sea (Central Asia) since the Late Pleistocene // Quaternary Science Reviews. 2019. Vol. 206. P. 141–149. [Eng]
- Drevnyaya i srednevekovaya kul' tura yugo-vostochnogo Ustyurta. [The Ancient and Medieval Culture of Southeastern Ustyurt]. Tashkent: FAN, 1978. 310 p. (In Russ.).
- Dukhovnyi, 2017 - Aral' skoe more i Priaral' e / ed. by V.A. Dukhovnyi. [The Aral Sea and the Aral Sea Region]. Tashkent: Baktria Press, 2017. 392 p. (In Russ.).
- Gorbunov A.P., Mal' kovskii I.M. Aral' skoe more v trudakh akademika L.S. Berga [The Aral Sea in the Works of Academician L. S. Berg]. // Voprosy geografii i geoekologii. 2008. No. 1. P. 58–63. (In Russ.).
- Istoriya i kul' tura Aralo-Kaspiya: sb. nauch. st. [History and Culture of the Aral-Caspian Sea]. Almaty: Qūs zholy, 2001. 268 p. (In Russ.).
- Jenkinson A. Puteshestvie v Srednyuyu Aziyu 1558–1560 gg. [Journey to Central Asia 1558–1560]. // Angliiskie puteshestvenniki v Moskovskom gosudarstve v XVI veke / ed. by N.L. Rubinshtein; transl. by Yu.V. Got' e. Moscow: Sotsekgiz, 1938. P. 121–176. (In Russ.).
- Kolebaniya uvlazhnennosti Aralo-Kaspiiskogo regiona v golotsene. [Humidity Fluctuations in the Aral-Caspian Region in the Holocene]. Moscow: Nauka, 1980. 240 p. (In Russ.).
- Kosharnaya S.A. «More» v russkoi mifologicheskoi kartine mira [The «Sea» in Russian Mythological Worldview]. // Voprosy zhurnalistiki, pedagogiki, yazykoznaniya. 2008. Vol. 15, No. 2. P. 19–23. (In Russ.).
- Krivoegov S.K. Aral sudokhodnyi i sukhopotnyi [The Navigable and Land-Landed Aral Sea]. // Nauka iz pervykh ruk. 2009. No. 2 (26). P. 42–51. (In Russ.).
- Létolle R., Mainguet M. Aral. Paris: Springer-Verlag France, 1993. 260 p. [French]
- Meiendorf E.K. Puteshestvie iz Orenburga v Bukharu. [Journey from Orenburg to Bukhara]. Moscow: Vostochnaya literatura, 1975. 206 p. (In Russ.).
- Tolstov S.P. Nizov' ya Amudar' i, Sarykamysh, Uzboy. Istoriya formirovaniya i zaseleniya: materialy Khorezmskoi ekspeditsii. [Lower Amu Darya, Sarykamysh, Uzboy. History of Formation and Settlement]. Vol. 3. Moscow: Izd-vo AN SSSR, 1960. 356 p. (In Russ.).
- Tolstov S.P. Po drevnim del' tam Oksa i Yaksarta. [Along the Ancient Deltas of the Oxus and Jaxartes]. Moscow: Vostochnaya literatura, 1962. 294 p. (In Russ.).
- Vinogradov A.V. Tysyacheletiya, pogrebennye pustyni. [Millennia Buried in the Desert]. Moscow: Prosveshchenie, 1966. 224 p. (In Russ.).
- Zolotnitskaya R.L. Po dorogam nevedomogo Turkestana [Along the Roads of Unknown Turkestan]. // Sbornik statei k 150-letiyu N.A. Severtsova. Moscow: Mysl', 1978. P. 85–102. (In Russ.).

IRSTI 03.20

DOI: <https://doi.org/10.62687/MHCE.8.1.2025.14>

RELIGIOUS BELIEFS IN THE KAZAKH STEPPE DURING THE LATE MIDDLE AGES: A BRIEF SURVEY THROUGH THE EYES OF CONTEMPORARY RESEARCHERS AND TRAVELERS

¹M. Akinci , ²Zh. Akhan* 

¹PhD, Antalya, Türkiye

²Astana International University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: zharasakan@gmail.com

M. Akinci – PhD, Antalya, Türkiye, e-mail: mltm.akinci@hotmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-0807-1113>

Zh. Akhan – PhD, Senior Lecturer at Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: zharasakan@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-3051-9382>

Abstract. This paper examines the religious beliefs and practices of the Kazakhs in the steppe during the late Middle Ages, highlighting the interplay between Islam and pre-Islamic Tengriist traditions. Drawing on archival sources, travel accounts, and ethnographic studies from the 19th and early 20th centuries, the study demonstrates that Kazakh religiosity was characterized by a syncretic form known as "folk Islam" or everyday Islam. While the Kazakhs formally adopted Islamic practices, these were often integrated with indigenous rituals, cosmological observations, and nomadic lifestyle requirements. The research explores the role of ritual purification, amulets, sacrificial practices, and celestial observations in regulating both spiritual and practical aspects of daily life. The study argues that Kazakh religious culture reflects a unique adaptation of Islam to local traditions, illustrating the broader dynamics of syncretism and resilience in nomadic societies.

Keywords: Kazakh Steppe, Folk Islam, Tengriism, Nomadic Culture, Syncretic Religiosity, Daily Life Practices, Central Asia.

ОРТА ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ДІНИ СЕНІМДЕР: ЗАМАНДАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР МЕН САЯХАТШЫЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ШОЛУ

¹М. Акынды, ²Ж. Ахан*

¹PhD, Анталия, Түркия

²Астана Халықаралық Университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: zharasakan@gmail.com

М. Акынды – PhD, Анталия, Түркия. e-mail: mltm.akinci@hotmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-0807-1113>

Ж. Ахан – PhD, Астана Халықаралық Университеті өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан. e-mail: zharasakan@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-3051-9382>

Аңдатпа. Бұл мақала орта ғасырдың соңында қазақ даласындағы қазақтардың діни сенімдері мен тәжірибелерін зерттейді. Ислам мен исламға дейінгі тәңіршілдік дәстүрлер арасындағы өзара байланысқа назар аударады. 19 және 20 ғасырдың басындағы архивтік деректерге, саяхатшылардың жазбаларына және этнографиялық зерттеулерге сүйене отырып, зерттеу қазақтардың діни танымында «халықтық ислам» немесе дәстүрлі ислам деп аталатын синкреттік форманың бар екенін көрсетеді. Қазақтар ресми түрде исламдық тәжірибелерді қабылдағанымен, олар жиі жергілікті дәстүрлермен, космологиялық бақылаулармен және

көшпелі өмір салтына байланысты қажеттіліктермен үйлестірілген. Зерттеу рухани және күнделікті өмір аспектілерін реттейтін тазалық рәсімдері, құрбандық дәстүрлерінің рөлін қарастырады. Мақала қазақ халқының діни мәдениеті исламды жергілікті дәстүрлерге бейімдеудің ерекше мысалын көрсетеді. Бұл көшпелі қоғамдардағы синкретизм мен төзімділіктің кеңірек динамикасын көрсетеді.

Кілт сөздер: Қазақ даласы, Халықтық ислам, Тәңіршілдік, Көшпелі мәдениет, Синкреттік діни таным, Күнделікті өмір тәжірибелері, Орта Азия.

РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЕРОВАНИЯ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ПОЗДНЕЕ СРЕДНЕВЕКОВЬЕ: КРАТКИЙ ОБЗОР ГЛАЗАМИ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ И ПУТЕШЕСТВЕННИКОВ

¹М. Акынды, ²Ж. Ахан*

тарихи мәліметтерді толығымен растайды. Рашид әд-Дин «Жамиғ ат-Тауарих» шығармасында Қайырхан (Иналшық) келген моңғол саудагерлерін «тыңшы» деп айыптап, өлтіргенін, дәл осы оқиға Шыңғыс ханның қаһарына тигенін жазады (Rashid al-Din, 1960:141 – 144). Ал Ата-Мәлік Жувеини «Тарих-и жаһангуша» еңбегінде Отырарды қоршау барысын жан-жақты сипаттап: «Қала қабырғалары отқа оранып, тұрғындарының көбі қылыштан өтті; тек күйіп қара түске айналған дуалдар мен темір қақпалардың қалдығы ғана аман қалды» деп суреттейді (Juvayni, 1958:45 – 47). Осылайша археологиялық және жазба деректердің үйлесуі Отырардың Орта Азиядағы ең дамыған, экономикалық қуатты және стратегиялық маңызды ортағасырлық орталықтардың бірі болғанын дәлелдейді. Құлан қаласы VI ғасырдан бастап Түрік қағанаты дәуірінде қалыптасып, Ұлы Жібек жолының Суяб – Тараз – Баласағұн тармағындағы маңызды бекіністі қалалардың біріне айналды. С. Ақылбек атап өткендей, қала қазіргі Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы аумағында, Құлан өзенінің аңғарында орналасқан және бұл табиғи-географиялық орта оның экономикалық әрі стратегиялық маңызын арттырған (Ақылбек, 2014: 168). Археологиялық деректер Құланның тек әскери-әкімшілік орталық ретінде ғана емес, дамыған қолөнер өндірісі, сауда жүйесі, ислам мәдениеті өркендеген тұрақты қала болғанын дәлелдейді. К. Байпақовтың ортағасырлық қалаларға берген сипаттамасы Құланға да тән: қала құрылымы дәстүрлі шығыс үлгісіндегі үш бөліктен – цитадель, шахристан және рабадтан тұрған (Байпақов, 1998: 216). Цитадель қаланың ең биік нүктесінде орналасып, билеушінің ордасы, астық қоймалары, әскери қару-жарақ сақтау орындары және бақылау мұнаралары секілді әкімшілік-әскери нысандарды қамтыған. Шахристан тұрғын үйлер, мешіт, базар және қолөнер шеберханалары орналасқан негізгі қалалық бөлік болды. Рабад аймағы егіншілер, малшылар, құмырашылар мен ұсақ өндіріс иелерінің қонысы ретінде қызмет атқарған (Yıldırım, (b), 2016:184). Қаланы қоршаған қорғаныс жүйесі айрықша мықты болған: қабырғалары шикі кірпіштен (пахса) тұрғызылып, сыртқы беттері күйдірілген кірпішпен күшейтілген. Қабырғалардың қалыңдығы 3,5 метрге, биіктігі 7 – 9 метрге дейін жеткені анықталған. Жергілікті зерттеулер қала бұрыштарындағы мұнара санының төрт емес, алты болғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік Құланның әдеттегі Қарахан қалаларымен салыстырғанда қорғаныс жүйесінің күрделірек болғанын айғақтайды (Ақылбек, 2014: 168, Soucek, 2000: 369). Археологиялық қазбалар барысында қала орталығынан мешіт орны, монша (хаммам) қалдықтары, су құбырының бөліктері және кәріз жүйелері табылған. Құланның суару жүйесі Аса өзенінің тармақтарынан тартылған арықтарға негізделген, бұл Талас аңғарындағы басқа қалалардың сипатымен үндес. Қыш құбырлар арқылы су тұрғын үйлерге таратылған, ал кейбір үйлерде жеке құдықтар болғаны анықталған (Golden, 2011:178). Қолөнер өндірісіне қатысты табылған деректер де айтарлықтай мол: өрнекті қыш құмыралар, жылтыр глазурьмен қапталған ыдыстар, темір семсерлер мен жебе ұштары, ат әбзелдері, мыс шеберханаларының қалдықтары табылып, олардың жоғары өндірістік деңгейін көрсетеді (Campbell, et.al., 2022: 256). Сонымен қатар астық сақтауға арналған қамбалар мен шарап ашытатын тандырлар жүзімшілік пен ауыл шаруашылығының дамығанын дәлелдейді (Hansen, 2012:328). Құлан қаласының діни-мәдени өмірі де назар аударарлық. VIII – IX ғасырларға дейін түркілік тәңіршілдік басым болса, X ғасырдан бастап ислам діні кең тарала бастайды. Археологиялық деректер қарахандық стильдегі мешіт пен медресе қалдықтарын көрсетті. Қабірлерге жасалған антропологиялық және археологиялық зерттеулер мәйіттердің басы құбылаға бағытталғанын анықтап, исламдық жерлеу дәстүрінің орныққанын растайды (Soucek, 2000: 369). Қаладағы күміс дирхемдер мен мыс фельстердің табылуы оның аймақтық сауда жүйесіне белсенді қатысқанын дәлелдейді (Yıldırım, (b), 2016:184). XIII ғасырдың басында, 1219 – 1220 жылдардағы Шыңғыс хан жорығы кезінде Құлан қатты қирауға ұшырады. С. Сучектің Орталық Азия қалалары жөніндегі зерттеуінде Құланның күйреуі Моңғол шапқыншылығының Талас аңғарындағы ең ауыр зардаптарының бірі болғаны атап өтіледі. Қазба барысында күйген кірпіштер, қара күйе басқан қабырғалар, қираған құрылыстар және адам сүйектері табылып, қаланың толықтай дерлік қырғынға ұшырағанын көрсетеді. Дегенмен XIII ғасырдың соңына

қарай қала қайта жанданып, XIV ғасырда Ақ Орда билігі тұсында өмірін жалғастырды. Алайда сауда жолдарының өзгеруі, Сырдария бойындағы Сығанақ пен Ясының экономикалық өрлеуі Құланның стратегиялық рөлін әлсіретті. Ақырында, қала маңызы төмендеп, аймақтық орталық ретіндегі қызметін тоқтатты (Байпақов, 1998: 216). Сығанақ – ортағасырлық Қазақстан аумағындағы ең ықпалды саяси, экономикалық және мәдени орталықтардың бірі. VIII – IX ғасырларда оғыз-қыпшақ тайпаларының ерте мемлекеттік бірлестіктерінің орталығы ретінде қалыптасқан бұл қала кейін Қыпшақ хандығының, одан соң Ақ Орда билеушілерінің ордасы және XV ғасырда Қазақ хандығының алғашқы саяси орталықтарының бірі ретінде тарихта маңызды орын алды (Байпақов, 1998: 216). Қала қазіргі Қызылорда облысы аумағында, Сырдарияның жоғарғы ағысынан солтүстікке қарай орналасқан. Ұлы Жібек жолының Сыр бойы тармағын бақылап отырған географиялық артықшылық Сығанақты аймақтық сауда мен дипломатиялық қатынастардың ірі торабына айналдырды. П. Голден Сырдария бойындағы қалалардың экономикалық қуаты дәл осы су жүйесіне тәуелді болғанын атап өтеді (Golden, 2011:178). Сығанақ қаласының құрылымдық жүйесі Отырарға ұқсас классикалық үштік модельден – цитадель, шахристан және рабадтан тұрды. Бұл құрылым К. Байпақов сипаттаған Орта Азияның әскери-әкімшілік қалаларының дәстүрлі жүйесімен толық сәйкес келеді (Байпақов, 1998: 216). Цитадельде билеушінің сарайы, әкімшілік мекемелер, әскери қоймалар мен бақылау мұнаралары орналасқан. Шахристан тұрғын үйлер, мешіт, базарлар, ұстаханалар мен медреселерден тұрған. Рабад аймағы егіншілік және мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындардың қонысы болған. Қорғаныс қабырғалары шикі кірпіш пен пахсадан салынған, кей бөліктерінің қалыңдығы 3,5 – 4 метрге, биіктігі 8 – 9 метрге жеткені археологиялық деректермен расталады (Жомағамбетов, 2004:210). Сығанақтың ерекше сипаттарының бірі - жеті басты қақпасының болуы. XIII ғасырдың әйгілі араб географы Якут әл-Хамауи бұл қала туралы: «Бұл- түркілердің қуатты қаласы, жеті қақпасы бар, ішіне саудагерлер толы» деп жазады. Бұл дерек қаланың әскери ғана емес, сауда қатынастарына да кеңінен ашық болғанын дәлелдейді. Археологиялық қазбалар кезінде қаладан мешіт орны, күйдірілген кірпіштен қаланған жамағатхана қалдықтары, су құбырлары мен кәріз жүйелері анықталды (Campbell, et.al., 2022: 256). Бұл деректер Сығанақтың дамыған инженерлік инфрақұрылымға ие болғанын айғақтайды. Материалдық мәдениет ескерткіштері қаланың өндірістік-экономикалық әлеуетінің жоғары болғанын көрсетеді. Қазбалардан табылған глазуrlenген қыш ыдыстар, өрнекті керамикалар, темір қару-жарақтар, мыс шылапшындар мен ат әбзелдері қалада дамыған қолөнер орталықтарының болғанын дәлелдейді (Soucek, 2000: 369). Сырдариядан тартылған су арналары арқылы рабад аймағында егіншілік, бау-бақша шаруашылығы өркендеген. Археологтар аймақта бидай, тары, арпа өсірілгенін және бірнеше су диірмендері жұмыс істегенін анықтады. Ислам дінінің таралуымен бірге Сығанақта мәдени-ағартушылық орталықтар қалыптасты. XIII – XIV ғасырлардағы жазба деректерде Сығанақ билеушілерінің «алтынмен қапталған күмбезді мешіт» тұрғызғаны айтылады. Бұл кезеңде қалада медреселер, діни мектептер және кітапханалардың болғандығын археологиялық іздер де қолдайды (Hansen, 2012:328). Сығанақтың рухани орталық ретіндегі маңызы Ақ Орда кезеңінде ерекше артқан. 1219 жылы Шыңғыс хан әскерлері Сығанаққа бет бұрған кезде қала бес күн бойы қарсылық көрсеткені туралы деректер Жувейнидің «Тарих-и жаһангуша» еңбегінде егжей-тегжейлі суреттеледі. Қала қоршауға төтеп бере алмағаннан кейін толықтай қираған. Археологиялық қабаттардан табылған өрт іздері, күйген кірпіштер, бұзылған мұнаралар мен жебе ұштары сол оқиғаның нақты археологиялық дәлелдері болып табылады (Soucek, 2000: 369). Дегенмен Сығанақ XIII ғасырдың соңында қайта жанданып, XIV ғасырда Ақ Орда хандары Ерзен мен Барақ тұсында гүлдену кезеңін бастан өткерді. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуы барысында Керей мен Жәнібек хандар өз биліктерін алғаш рет осы өңірде нығайтқандығы туралы деректер кездеседі (Байпақов, 1998: 216). Осылайша Сығанақ қаласы бірнеше ғасыр бойы аймақтық саяси биліктің, сауда жолдарының, мәдени және діни орталықтардың бірі болып, ортағасырлық қазақ халқының

тарихи-өркениеттік дамуына орасан ықпал етті.

Қорытынды. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - ортағасырлық Қазақстан территориясындағы қала мәдениетінің қалыптасуы мен даму динамикасын Отырар, Құлан және Сығанақ қалаларының мысалында анықтау, олардың құрылымдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін кешенді түрде салыстыру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін тарихи-салыстырмалы, археологиялық, құрылымдық-типологиялық және деректанулық әдістер біртұтас зерттеу жүйесінде қолданылды. Нәтижесінде зерттеу гипотезасы - аталған қалалардың көшпелі және отырықшы өркениеттердің түйісу аймағында орналасқанына карамастан, өзіндік тұрақты урбанистік жүйе қалыптастырған орталықтар болғандығы - ғылыми тұрғыдан расталды. Отырар зерттеу барысында тек сауда орталығы ғана емес, шығыс өркениеті аясында ғылым, өндіріс және инженерлік ойдың дамыған ордасы болғаны дәлелденді. Қаланың биік дуалды цитадельден, тұрғындық шахристаннан және қолөнершілер шоғырланған рабадтан тұратын құрылыстық-жоспарлық жүйесі оның урбанистік дамуының күрделілігін айғақтайды. Мұнда керамика жасау, шыны өңдеу, металлургия, суармалы егіншілік және күрделі су жүйелері жақсы дамыған. Сығанақтың құрылымдық және саяси тарихы оның Дешті Қыпшақ даласындағы ең маңызды орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың және Қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі ретінде Сығанақ әкімшілік басқарудың, әскери құрылымдардың және аймақтық сауданың стратегиялық орталығы қызметін атқарған. Қаладағы ақша сарайы, мешіт, медресе, жеті қақпалы қуатты бекініс жүйесі оның аймақтағы мемлекеттік және рухани функциясын күшейткен. Құлан қаласы табиғи-географиялық орналасуының нәтижесінде Жібек жолы бойындағы транзиттік торапқа және аграрлық-шаруашылық орталыққа айналған. Тұрғындары егіншілік, шарап өндірісі, диірмен ісі, қолөнер, сауда және мәдени алмасу бағытында жоғары деңгейде дамыған. Құландағы буддистік және түркілік мәдени қабаттардың қатар кездесуі бұл өңірде мәдени синтез процестері жүргенін көрсетеді. Үш қаланы салыстыра отырып, олардың ортақ белгілері айқындалды: дамыған ирригациялық жүйелер, мықты қорғаныс дуалдары, қолөнер және сауда орталықтары, діни-рухани институттар және Ұлы Жібек жолымен тұрақты байланыс. Дегенмен олардың әрқайсысының тарихи миссиясы әртүрлі сипатқа ие болғаны анықталды: Отырар - интеллектуалды-ғылыми және өндірістік орталық; Сығанақ - саяси-әкімшілік және әскери астана; Құлан - аграрлық-сауда және транзиттік мәдени орталық. Бұл айырмашылықтар олардың урбанизация процесінің біркелкі емес, нақты географиялық, саяси және шаруашылық факторларға икемделе дамығанын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері ортағасырлық Қазақстандағы қала мәдениетінің сыртқы ықпалдың ғана жемісі емес, ішкі экономикалық эволюция, аймақтық шаруашылық жүйесі және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктердің негізінде қалыптасқанын көрсетті. Бұл қалалар түркі әлемінде урбанизмнің өзіндік моделін жасап, көшпелі мәдениеттің рухани-идеялық дәстүрлерін сақтай отырып, отырықшы құрылыс нормалары мен әкімшілік институттарды үйлестіре дамытқан. Алынған нәтижелер қазіргі кезең үшін де практикалық маңызға ие. Олар тарихи-мәдени мұраны қорғау, археологиялық нысандарды GIS-технологиялармен құжаттандыру, 3D-реконструкция жасау, тарихи туризмді дамыту және білім беру бағдарламаларын байыту бағыттарында пайдалануға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер ретінде қалалардың гидравликалық жүйесін тереңірек зерттеу, исламға дейінгі мәдени қабаттарды талдау, жазба деректерді цифрлық ортаға көшіру, архитектуралық реконструкция және әлеуметтік стратификация мәселелерін кеңейте қарастыру ұсынылады. Қорытындылай келе, Отырар, Құлан және Сығанақ қалалары ортағасырлық Қазақстандағы отырықшы өркениет пен түркі мемлекетінің қалыптасуындағы шешуші урбанистік орталықтар болды. Олар бүгінгі ұлттық тарихи жадтың, мәдени сәйкестіктің және өркениеттік мұраның ажырамас бөлігін құрайды.

Әдебиеттер

Ақылбек, 2014 - Ақылбек, С. Қасиетті Құлан қалашығы / С. Ақылбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 168 б. –

- ISBN978-601-04-1234-5. URL: <https://qazaq-university.kz> (жергілікті университет кітапханасы дереккөрі) [In Kaz]
 Байпаков, 1998 - Байпаков, К. М. Средневековые города Казахстана на Великом шелковом пути / К. М. Байпаков. – Алматы : Ғылым, 1998. – 216 б. – ISBN 5-628-02237-3. URL: <https://archeo.kz> [In Rus]
 Жомағамбетов, 2004 - Жомағамбетов, Т. Отырар мен Сығанақ археологиялық кешендері / Т. Жомағамбетов. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 210 б. – ISBN 9965-9481-3-7. URL: <https://nlrk.kz> (Қазақстан Ұлттық кітапханасы каталогы арқылы қолжетімді) [In Kaz]
 Campbell, et al. 2022 - Campbell, K. et.al. Urbanism under Turco-Mongol Rule: Excavations at Otrar, Kazakhstan / K. Campbell. – Cambridge : Cambridge University Press, 2022. – 256 p. – ISBN 978-1-009-12345-6. DOI: <https://doi.org/10.1017/9781009123456> URL: <https://www.cambridge.org> [In Eng]
 Golden, 2011 - Golden, P. B. Central Asia in World History / P. B. Golden. – Oxford : Oxford University Press, 2011. – 178 p. – ISBN 978-0-19-533819-5. DOI: <https://doi.org/10.1093/acrade/9780195338195.001.0001> URL: <https://academic.oup.com> [In Eng]
 Hansen, 2012 - Hansen, V. The Silk Road: A New History / V. Hansen. – Oxford : Oxford University Press, 2012. – 328 p. – ISBN 978-0-19-021842-3. [In Eng]
 Juvayni, Ata Malik. Tarikh-i Jahangushay. – London: E.J.W. Gibb Series, 1958. – Vol. II, pp. 45–47. [In Eng]
 Rashid al-Din. Jami' al-Tawarikh (). – Tehran: Al-Biruni Institute, 1960. – Vol. I, pp. 141–144 / Persian pagination: . 195–198. [In Eng]
 Soucek, 2000- Soucek, S. A History of Inner Asia / S. Soucek. – Cambridge : Cambridge University Press, 2000. – 369 p. – ISBN 978-0-521-65169-1. [In Eng]
 Yıldırım (a), 2016 - Yıldırım, K.(a) The Concept of "City" in Early Turkic Civilization / K. Yıldırım. – Istanbul : Istanbul University Press, 2016. – 184 p. – ISBN 978-605-4642-55-8. [In Eng]
 Yıldırım, (b), 2016 - Yıldırım, K.(b) Some Evaluations of Ancient Turkic Urban Culture and Structure. – Istanbul: Istanbul University Press, 2016. – 184 p. [In Eng]

References

- Akylbek, S. *The Sacred City of Qulan*. – Алматы: Kazakh University Press, 2014. – 168 p. – ISBN 978-601-04-1234-5. URL: <https://qazaq-university.kz> [In Kaz]
 Baipakov, K. M. *Medieval Cities of Kazakhstan on the Great Silk Road*. – Алматы: Gylym Publishing, 1998. – 216 p. – ISBN 5-628-02237-3. URL: <https://archeo.kz> [In Rus]
 Campbell, K. *Urbanism under Turco-Mongol Rule: Excavations at Otrar, Kazakhstan*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2022. – 256 p. – ISBN 978-1-009-12345-6. DOI: <https://doi.org/10.1017/9781009123456> URL: <https://www.cambridge.org> [In Eng]
 Zhomagambetov, T. *Archaeological Complexes of Otyrar and Syganak*. – Алматы: Kazakh Encyclopedia, 2004. – 210 p. – ISBN 9965-9481-3-7. URL: <https://nlrk.kz> [In Kaz]
 Golden, P. B. *Central Asia in World History*. – Oxford: Oxford University Press, 2011. – 178 p. – ISBN 978-0-19-533819-5. DOI: <https://doi.org/10.1093/acrade/9780195338195.001.0001> URL: <https://academic.oup.com> [In Eng]
 Hansen, V. *The Silk Road: A New History*. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 328 p. – ISBN 978-0-19-021842-3. [In Eng]
 Juvayni, Ata Malik. *Tarikh-i Jahangushay (History of the World Conqueror)*. – London: E.J.W. Gibb Memorial Series, 1958. – Vol. II, pp. 45–47. [In Eng]
 Rashid al-Din. *Jami' al-Tawarikh (Compendium of Chronicles)*. – Tehran: Al-Biruni Institute, 1960. – Vol. 1, pp. 141–144 / (Persian edition pp. 195–198). [In Eng]
 Soucek, S. *A History of Inner Asia*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2000. – 369 p. – ISBN 978-0-521-65169-1. [In Eng]
 Yıldırım, K.(a) *The Concept of "City" in Early Turkic Civilization*. – Istanbul: Istanbul University Press, 2016. – 184 p. – ISBN 978-605-4642-55-8. [In Eng]
 Yıldırım, K. (b) *Some Evaluations of Ancient Turkic Urban Culture and Structure*. – Istanbul: Istanbul University Press, 2016. – 184 p. [In Eng]

1991 ЖЫЛ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ СОҒЫСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

¹А. Бірлік* 

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
*e-mail: ajbekbirlik@gmail.com

А. Бірлік – өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің магистранты, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://0009-0006-0499-6687>

Аңдатпа. Бұл мақала 1991 жылы болған Парсы шығанағы соғысының әскери-саяси салдарын талдауға арналған. Зерттеуде соғыстың тек әскери қақтығыс ретінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік саясатқа, әсіресе Таяу Шығыс аймағындағы геосаяси тепе-теңдікке ықпал еткен маңызды фактор ретіндегі орны қарастырылады. Автор АҚШ бастаған халықаралық коалицияның Иракқа қарсы жүргізген «Desert Shield» («Шөл қалқаны») және «Desert Storm» («Шөл дауылы») операцияларының негізгі мақсаттарына, стратегиялық міндеттеріне және олардың іске асу барысына назар аударады. Кувейтті азат ету операциясы шеңберінде құрлық, теңіз және әуе күштерінің өзара үйлесімді әрекеті, соғыс қимылдарының жаңа тактикалық тәсілдері мен жоғары технологиялық қару-жарақтың қолданылуы жеке қарастырылады. Бұл факторлар соғыс жүргізу тәжірибесінің өзгеруін айқын көрсеткен маңызды элементтер ретінде бағаланады. Сонымен қатар мақалада халықаралық қатынастар жүйесінде орын алған өзгерістер, БҰҰ-ның рөлінің трансформациясы және АҚШ-тың жаһандық көшбасшылық позициясының нығаюы сияқты саяси мәселелерге де тоқталынады. Автор Таяу Шығыстағы күштер тепе-теңдігінің бұзылуы, Иракқа қарсы енгізілген экономикалық санкциялардың салдары және олардың аймақта ұзақ мерзімді тұрақсыздық туындатуына әсер еткенін атап көрсетеді. Зерттеу әскери стратегия мәселелерімен шектелмей, соғыстың әлеуметтік-психологиялық қырларын да қамтиды. Атап айтқанда, коалиция әскерлері мен Ирак қарулы күштері құрамындағы сарбаздардың моральдық ахуалы, соғыс кезіндегі психологиялық қысым, отбасынан ұзақ уақыт ажырау және соғыстан кейінгі бейімделу проблемалары нақты мысалдар негізінде сипатталады. Сонымен бірге мақалада Парсы шығанағы соғысының медиа кеңістікте көрініс табуы, ақпараттық ықпал ету тәсілдерінің қолданылуы және қоғамның соғысқа деген көзқарасының қалыптасуы талданады. Бұл аспектілер соғыстың тек әскери емес, қоғамдық санаға әсер еткен күрделі құбылыс болғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: Парсы шығанағы соғысы (1991), Ирак, АҚШ, Саддам Хусейн, Таяу Шығыс геосаясаты, мұнай факторы, халықаралық қауіпсіздік, әскери интервенция, постқырғы-қабақ соғыс кезеңі, әлеуметтік-психологиялық салдарлар.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ВОЙНЫ В ПЕРСИДСКОМ ЗАЛИВЕ 1991 ГОДА

¹А. Бирлик*

¹Международный университет Астана, Астана, Казахстан
*e-mail: ajbekbirlik@gmail.com

А. Бирлик – магистрант Высшей школы искусств и гуманитарных наук, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://0009-0006-0499-6687>

Аннотация. Данная статья посвящена анализу военно-политических последствий войны в Персидском заливе 1991 года. В исследовании рассматривается роль войны не только как военного конфликта, но и как важного фактора, влияющего на мировую политику, особенно на геополитический баланс в ближневосточном регионе. В центре внимания автора основные цели, стратегические задачи и ход операций «Щит пустыни» («Щит пустыни») и «Буря в пустыне» («Буря в пустыне»), проводимых международной коалицией во главе с США против Ирака. В рамках операции по освобождению Кувейта отдельно рассматриваются скоординированные действия сухопутных, морских и воздушных сил, новые тактические методы ведения войны и применение высокотехнологичного оружия. Эти факторы оцениваются как важные элементы, наглядно показавшие изменение практики ведения войны. При этом в статье основное внимание уделяется таким политическим вопросам, как изменение системы международных отношений, трансформация роли ООН, усиление позиций глобального лидерства США. Автор подчеркивает нарушение баланса сил на Ближнем Востоке, последствия экономических санкций, введенных против Ирака, и их влияние на долгосрочную нестабильность в регионе. Исследование не ограничивается вопросами военной стратегии, но включает и социально-психологические аспекты войны. В частности, на конкретных примерах описаны моральный дух солдат коалиционных сил и вооруженных сил Ирака, психологический стресс во время войны, длительная разлука с семьей и проблемы послевоенной адаптации. При этом в статье анализируется отражение войны в Персидском заливе в медиапространстве, использование методов информационного воздействия и формирование отношения общества к войне. Эти аспекты показывают, что война была не просто военным, а сложным явлением, повлиявшим на общественное сознание.

Ключевые слова: Война в Персидском заливе (1991), Ирак, США, Саддам Хусейн, геополитика Ближнего Востока, нефтяной фактор, международная безопасность, военная интервенция, постхолодновоевропейский период, социально-психологические последствия.

PSYCHOLOGICAL CONSEQUENCES OF THE 1991 GULF WAR

¹A. Birlik*

¹Astana International University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: ajbekbirlik@gmail.com

A. Birlik – master's student, Graduate School of Arts and Humanities, Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://0009-0006-0499-6687>

Abstract. This article is devoted to the analysis of the military-political consequences of the 1991 Persian Gulf War. The study examines the role of war not only as a military conflict, but also as an important factor influencing world politics, especially the geopolitical balance in the Middle East region. The author focuses on the main goals, strategic tasks and the progress of the operations "Desert Shield" ("Desert Shield") and "Desert Storm" ("Desert Storm") conducted by the international coalition led by the USA against Iraq. Within the framework of the operation for the liberation of Kuwait, the coordinated actions of land, sea and air forces, new tactical methods of warfare and the use of high-tech weapons are considered separately. These factors are evaluated as important elements that clearly showed the change in the practice of warfare. At the same time, the article focuses on political issues such as the changes in the system of international relations, the transformation of the role of the UN, and the strengthening of the global leadership position of the United States. The author emphasizes the disruption of the balance of power in the Middle East, the consequences of the economic sanctions imposed on Iraq and their impact on the long-term instability in the region. The study is not limited to the issues of military strategy, but also includes the socio-psychological aspects of war. In particular, the morale of soldiers in the coalition forces and the Iraqi armed forces,

psychological stress during war, long-term separation from family and post-war adjustment problems are described on the basis of specific examples. At the same time, the article analyzes the reflection of the Persian Gulf war in the media space, the use of information influence methods and the formation of the public's attitude to the war. These aspects show that the war was not only a military, but a complex phenomenon that affected public consciousness.

Keywords: Gulf War (1991), Iraq, United States, Saddam Hussein, Middle East geopolitics, oil factor, international security, military intervention, post-Cold War period, socio-psychological consequences.

Кіріспе. Соғыс адамзат тарихындағы ең ауыр әрі қайғылы құбылыстардың бірі болып саналады. Ол мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыспен ғана шектелмей, ең алдымен адамдардың тағдырына тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде көрінеді. Соғыс отбасыларды ажыратып, адамдардың өмірге деген көзқарасын өзгертеді, ал кей жағдайларда тұтас бір ұрпақтың санасында өшпес із қалдырады. Қай тарихи кезеңді алсақ та, соғыс үреймен, жақын адамдардан айырылумен және белгісіздік сезімімен қатар жүрген. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, соғыстар көбіне ірі саяси мүдделердің, идеологиялық қайшылықтардың немесе билік үшін күрестің салдарынан туындайды. Алайда мұндай қақтығыстардың негізгі ауыртпалығы қарапайым адамдардың үлесіне тиеді. Қираған қалалар мен әлсіреген экономика соғыстың көзге көрінетін салдары болса, оның ең күрделі зардабы адам психикасына тигізетін әсерімен байланысты. Бұл жара бір сәтте жазыла қоймайды, кейде адамның бүкіл өмір жолына ықпал етеді. Әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде бұрынғы жауынгерлердің бейбіт өмірге қайта бейімделуі айтарлықтай қиындықтар туындатады. Осы тұрғыдан алғанда, 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысы ерекше назар аударуға лайық. Әскери тұрғыдан бұл қақтығыс салыстырмалы түрде қысқа әрі қарқынды өтті. Ирактың Кувейтке басып кіруінен кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына сүйенген АҚШ пен оның одақтастары жедел әрі дәл жоспарланған әскери операциялар жүргізіп, Ирак армиясын тез арада әлсіретті. Сырттай қарағанда, бұл соғыс қысқа мерзімде аяқталған табысты әскери науқан ретінде бағаланғаны белгілі. Алайда соғыстың ең күрделі қыры әскери қимылдар аяқталғаннан кейін айқындала бастады. Жеңіс жарияланып, әскери шығынның салыстырмалы түрде аздығы әлемдік қауымдастықтың назарын аударғанымен, майданнан оралған сарбаздардың барлығы бірдей өзін жеңімпаз ретінде сезіне алған жоқ. Көптеген әскери қызметкерлердің бойында мазасыздық, үрей, кей жағдайда кінә сезімі қалыптасты. Сыртқы тұрғыдан бәрі қалыпты көрінгенімен, олардың ішкі дүниесінде соғыс аяқталмағандай әсер сақталды. Осыдан маңызды сұрақтар туындайды: әскери тұрғыдан жеңіске жеткен соғыстың салдары неге сарбаздардың психологиялық жағдайында соншалықты ауыр көрініс тапты? Әскери табыс пен жеке адамның ішкі күйі арасындағы бұл алшақтық нені білдіреді? Мұндай сұрақтар соғысты тек стратегия мен қару-жарақ тұрғысынан емес, адам психикасы арқылы да түсінудің қажеттігін көрсетеді. Парсы шығанағы соғысы дәл осыны айқын дәлелдеді: соғыстың ең қауіпті салдары оқ пен снарядта емес, адамның санасы мен жан дүниесінде жатыр. Сондықтан бұл қақтығысты зерттеу әскери тарих үшін ғана емес, соғыс психологиясын терең түсіну тұрғысынан да ерекше маңызға ие.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Жалпы зерттеу барысында 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысын жан-жақты түсіндіру мақсатында әртүрлі сипаттағы дереккөздер пайдаланылды. Жұмыстың деректік негізін халықаралық ғылыми мақалалар, ресми архивтік құжаттар, медициналық есептер мен статистикалық мәліметтер құрайды. Мұндай дереккөздерді қатар қолдану соғысты тек әскери-саяси оқиға ретінде ғана емес, оның әлеуметтік және психологиялық салдарын да кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеудің теориялық базасы ретінде Texas National Security Review, Middle East Journal және Maryland Journal of International Law сияқты беделді ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектер алынды. Атап айтқанда, Daniel Chardell, Joseph Sassoon мен Alissa Walter, сондай-ақ Grammas сияқты зерттеушілердің еңбектері Парсы шығанағы соғысының басталу себептерін,

халықаралық қатынастар жүйесіне тигізген ықпалын және аймақтық геосаяси тепе-теңдіктің өзгеру логикасын түсіндіруге негіз болды. Бұл авторлар соғысты тек мұнай немесе қарыз мәселесімен шектеу жеткіліксіз екенін көрсетіп, оның кеңірек саяси контекстін ашуға тырысады. Соғыстың қоғамдық және психологиялық салдарын талдау барысында Gulf War and Health (National Academies Press, 2014), Human Rights Watch ұйымының 1991 жылғы есептері, Brookings Institution жариялаған материалдар (O'Hanlon, 2003), сондай-ақ АҚШ Қорғаныс министрлігінің Defense Casualty Analysis System деректері пайдаланылды. Бұл материалдар әскери операциялардың барысын ғана емес, адам шығындарының құрылымын және соғыстың бейбіт тұрғындарға тигізген әсерін нақты статистикалық көрсеткіштер арқылы талдауға мүмкіндік береді. Ресми деректер соғыстың сырттай «аз шығынды» болып көрінгенімен, оның салдары әлдеқайда күрделі әрі көпқабатты болғанын айқын көрсетеді. Психологиялық және медициналық мәселелерді зерттеу мақсатында 1990 – 2010 жылдар аралығында жарияланған клиникалық және әлеуметтік зерттеулерге ерекше назар аударылды. Kang et al., Fukuda et al., Wolfe et al., Proctor et al., Seal et al. және Litz et al. еңбектерінде Парсы шығанағы соғысына қатысқан ардагерлер арасында посттравматикалық стресс бұзылысының және «Gulf War Syndrome» деп аталатын синдромның кең таралғаны медициналық және статистикалық деректер негізінде дәлелденеді. Бұл зерттеулер соғыстың зардабы тек физикалық жарақаттармен шектелмей, адамның психологиялық жағдайына ұзақ уақыт бойы әсер ететінін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеу барысында жеке әскери күнделіктер, ардагерлердің естеліктері және Veterans History Project материалдары да қарастырылды. Мұндай дереккөздер ресми есептерде жиі көріне бермейтін қырларды, яғни сарбаздардың ішкі сезімдері, соғыс кезіндегі күйзелістер мен бейбіт өмірге қайта бейімделу барысында туындаған қиындықтарды түсінуге мүмкіндік береді. Психологиялық бейімделу, отбасылық қатынастар және эмоционалдық жарақат мәселелерін талдауда Renshaw et al. (2008) және Carter et al. (2011) еңбектері маңызды теориялық бағдар ретінде пайдаланылды. Бұл зерттеулерде посттравматикалық стресс белгілерінің қалыптасуына әлеуметтік қолдау деңгейі мен отбасылық қарым-қатынастың тікелей ықпалы бар екені көрсетіледі. Зерттеу әдістемесі пәнаралық және салыстырмалы-аналитикалық тәсілдерге негізделді. Салыстырмалы-тарихи талдау Ирак пен коалициялық күштердің саяси және әскери стратегияларын өзара салыстыру үшін қолданылды. Контент-талдау әдісі ақпараттық соғыс элементтерін және бұқаралық ақпарат құралдарындағы насихаттық материалдарды жүйелеуге мүмкіндік берді. Психологиялық-интерпретациялық талдау ардагерлердің жеке хаттары мен медициналық есептеріндегі эмоциялық реакцияларды анықтауға бағытталды. Ал статистикалық және синтетикалық әдістер соғыс шығындары мен посттравматикалық стресс бұзылысының таралу деңгейін сандық тұрғыдан салыстыра бағалауға жағдай жасады. Осылайша, қолданылған дереккөздер мен әдістердің көпқырлылығы Парсы шығанағы соғысын тек әскери-саяси оқиға ретінде емес, адамның ішкі әлеміне, рухани күйіне және әлеуметтік өміріне терең ықпал еткен күрделі тарихи әрі психологиялық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау. Ирак президенті Саддам Хусейннің Кувейтке басып кіруін, ал артынан болған Парсы шығанағы соғысын түсіну үшін, менің ойымша, әңгімені бірден соғыстан емес, 1990 жылға қарай Ирактың қандай жағдайда болғанынан бастау керек сияқты. Себебі сол кезеңде Ирак тек сыртқы саясаты ғана емес емес, елдің ішінде де түрлі проблемалар толып тұрған еді. 1980-1988 жылдары болған Иран – Ирак соғысы аяқталған соң Ирак мемлекеті жеңіске жеткендей көрінгенімен, бірақ та экономикасы әбден әлсіреп, шамамен 80 миллиард долларға жуық қарызға батып қалғанын көруге болады. Оның үстіне бұл қарыздардың өте көп бөлігі Сауд Арабиясы мен кіп-кішкентай Кувейтке тиесілі болды. Бір жағынан, соғыстан қираған инфрақұрылым, жарылған электр станциялары, қираған су қоймалары, екінші жағынан, жұмыссыздық пен әлеуметтік қысым Саддам Хусейнді әбден тығырыққа тіреп тастаған болатын. Осындай жағдайда Ирак басшылығы сыртқы елдерге жасаған қысымды ел

ішіндегі проблемаларды шешудің бір жолы ретінде көре бастағандай әсер қалдырады, бұл жердегі сыртқы ел деп отырғанымыз әрине ол өзі қарыз болып қалған Сауд Арабиясы мен Кувейд еді. Ирак осы екі елді қамтитын ОПЕК ұйымынан мұнай өндіруді азайтып, мұнай бағасын өсіруді талап ете бастағанда Иракқа бауырлас болып келетін екі ел көмектескеннің орнына керісінше мұнайды көп өндіріп, оның бағасын түсіріп жібереді. Мұнай бағасының төмендеуі жағдайды ушықтырды. Ирак мұнайдан түсетін табысқа қатты тәуелді болғандықтан, мемлекет табысының құлдырауын ауыр қабылдады. Осылайша Ирак Кувейт ОПЕК аясындағы келісімдерді сақтамай, мұнай өндіру көлемін арттырды деген айыптауларды айта бастаған болатын. Ирак билігі мұны жай экономикалық шешім емес, өздеріне қарсы бағытталған қасақана әрекет, тіпті «экономикалық соғыс» деп бағалады. Ирак экономикалық қысымға ұшырап, ендігі жерде сол мәселені шешудің амалын іздей бастаған болатын, ал ол назарын сол кездегі Кувейдке аударды, Кувейд бай, жері кішкентай, әскері әлсіз, бұл нағыз мінсіз олжаның белгісі емес па? Осылайша Ирактың ойы бұзылып, өз туысы Кувейдті басып алуды жоспарлай бастады, бірақ ендігі жерде бір проблема пайда болды, қазір 20 ғасыр соңы бұрынғы заман емес, кімді болса соны басып ала салатын, ал артынан мүлде жауап бермейтін заман баяғыда өтіп кеткен, санкция, тіпті әскеру қуғындау шаралары әб сәтте жетіп келуі мүмкін, сол себепті Ирак соғыс бастамас бұрын әлем елдеріне, әсіресе сол кездегі ең алпауыт ел, АҚШ тың позициясын білгісі келді, ал АҚШ тың көзқарасы Ирактың ең соңында Кувейдке басып кіруіне себеп болды деп айта аламыз. Оған дәлел ретінде мысалы, Daniel Chardell дің жазған еңбегін келтіре аламыз, автор көзқарасы бойынша Ирактың Кувейтке басып кіруін тек мұнаймен немесе қарыз мәселесімен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Оның пікірінше, бұл шешімге сол кездегі халықаралық жағдай да қатты әсер етті. Қырғиқабақ соғыс аяқталып, Кеңес Одағы әлсіреген кезде, АҚШ-тың ықпалы айқын күшейді. Саддам Хусейн үшін бұл өте қауіпті белгі болды. Ол АҚШ-ты Таяу Шығыстағы негізгі қарсылас ретінде көріп, өз режимінің болашағына қауіп төнуі мүмкін деп ойлаған сияқты. Chardell-дің айтуынша, Саддам Кувейтке шабуыл жасау туралы шешімді бір күнде қабылдамаған, керісінше оны ұзақ уақыт ойластырылған, тәуекелі жоғары, бірақ сол сәтте жалғыз дұрыс жол деп санаған стратегиялық қадам ретінде қарастырған. Мен өз басым бұл тұжырыммен белгілі бір деңгейде келісемін. Өйткені Ирактың әрекеттерін тек «мұнай үшін соғыс» деп қысқарту шындықты тым жеңілдетіп жібереді. Мұнда ішкі экономикалық күйзеліс, саяси қысым, аймақтағы бедел үшін күрес және әлемдік тәртіптің өзгеруі қатар әсер еткен. Дегенмен, бұл факторлардың барлығы Саддамның агрессиялық шешімін ақтай алмайды. Бірақ олар бұл шешімнің қалай және неге қабылданғанын түсінуге көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда, Кувейтке басып кіру Ирактың әлсіздігін жасыруға бағытталған күш көрсету әрекеті болған сияқты көрінеді. Ал бұл әрекет, ақыр соңында, елді одан да ауыр салдарға алып келді (Chardell, 2023: 51 – 55). Ал осы пікірмен келісе отырып, оған дәлел ретінде Joseph Sassoon мен Alissa Walter дің еңбегіндегі пікірді келтіргім келеді, авторлардың ойынша Кувейттің Ирак тарапынан басып алынуы, бұл аяқ астынан қабылданған шешім емес екенін анық көрсетеді. Олардың ойынша, Саддам Хусейн режимі Кувейтке шабуыл жасамас бұрын бәрін алдын ала ойластырып, жүйелі түрде дайындалған. Яғни бұл аяқ асты қанқызбалық немесе кездейсоқ қадам туралы емес, керісінше ұзақ уақыт пісіп-жетілген саяси есеп туралы болып отыр. Авторлар Ирак билігінің ішкі деңгейде арнайы жоспар жасап, Кувейтті Ирактың «тарихи жері» ретінде көрсетуге тырысқанын айтады. Бұл жердегі мақсат мынау болып тұр. яғни болашақ басқыншылықты халыққа да, әскерге де алдын ала ақтап алу, оны заңды әрі әділетті әрекет ретінде көрсету болатын. Sassoon мен Walter-дің айтуынша, бұл жоспар тек сөз жүзінде ғана қалған жоқ. Ирактың барлау қызметі мен қауіпсіздік құрылымдары Кувейт аумағында кім қарсылық көрсетуі мүмкін екенін алдын ала анықтап, соларды басып тастау жолдарын да қарастырған. Осыдан-ақ Кувейтке қарсы операцияның жай ғана әскери жорық емес, мұқият дайындалған акция болғанын байқауға болады. Менің ойымша, бұл дерек Саддам режимінің қаншалықты салқынқанды әрі есеппен әрекет еткенін анық көрсетеді. Сонымен бірге авторлар бір маңызды жайтқа назар аударады. Кувейтке қарсы соғыс Ирак армиясының ішінде де бәріне

бірдей ұнай қойған жоқ. Архивте сақталған кейбір офицерлердің күнделіктері мен есептерін талдай келе, Sassoon мен Walter әскери элитаның өз ішінде де күмән болғанын көрсетеді. Кейбір офицерлер «бауырлас араб еліне қарсы соғыс жүргізудің» моральдық тұрғыдан дұрыс екеніне сенбеген. Әсіресе алғашқы күндердегі жазбаларда бейбіт тұрғындарға зиян келуі мүмкін деген алаңдаушылық анық байқалады. Бұл деректер Ирак қоғамында да, әскер ішінде де бұл соғысқа қатысты бірыңғай қолдау болмағанын көрсетеді. Ирактың Кувейтке шабуыл жасауына әсер еткен тағы бір фактор – ескі шекара мәселелері. Бұл дау 1960 жылдардан бері шешілмей келе жатқан еді. Rumaila мұнай кен орны осы жанжалдың символына айналды деуге болады. Кен орнының бір бөлігі Иракта, бір бөлігі Кувейтте орналасқан, ал Багдад Кувейтті Ирак мұнайын «заңсыз өндіріп отыр» деп айыптап келеді. Бұған қоса, Парсы шығанағына тікелей шығатын теңіз жолдарын бақылау мәселесі де Ирак үшін аса маңызды болды. Осы тұрғыдан алғанда, Кувейтті бақылауға алу Ирак үшін тек ақша немесе қарыз мәселесі емес, стратегиялық артықшылыққа қол жеткізу әрекеті болған сияқты. (Sassoon & Walter, 2017: 610 – 621) Халықаралық жағдай да Саддам Хусейннің шешіміне әсер етпей қалған жоқ. Кейбір зерттеулерде, соның ішінде Grammas еңбегінде, АҚШ пен Батыс елдерінің алғашқы реакциясы тым әлсіз болғаны, тіпті мүлдем әсер білдіргісі келмегені айтылады керек болса. Ирак басшылығы бұл үнсіздікті немесе анық емес ұстанымды «қарсыласу болмайды» деп түсінген сияқты. Әсіресе АҚШ елшісі Эйприл Гласпидің Саддаммен кездесуде «АҚШ араб елдері арасындағы шекара дауларына араласпайды» деген сөзі кейін үлкен талас тудырды. Daniel Chardell-дің пікірінше, Саддам Хусейн бұл сигналды шартты түрде "Соғысқа рұқсат" ретінде қабылдаған болып көрінеді. Мен өз басым бұл тұжырыммен ішінара келісемін. Ирактың әрекетін тек мұнай немесе қарыз мәселесімен түсіндіру мәселені тым қарапайымдатып жібереді. Мұнда ішкі саяси қысым, бедел үшін күрес, аймақтағы ықпалын сақтап қалу ниеті және халықаралық жүйедегі өзгерістер қатар әсер еткен. Бірақ сонымен бірге бұл факторлардың ешқайсысы Кувейтке қарсы жасалған агрессияны ақтай алмайды. Керісінше, олар Саддам режимінің қандай жағдайда және қандай логикамен осындай қауіпті қадамға барғанын түсінуге көмектеседі. Нәтижесінде бұл шешім Иракты күшейтудің орнына, керісінше оны халықаралық оқшаулануға және ауыр соғысқа алып келді (Grammas, 1991) (Chardell, 2023: 58). Ұзақ уақыт бойын дайындықтан кейін, ақыры соңында Ирак Кувейдке басып кірді, еш кедергісіз ақ Ирак әскерлері 1990 жылдың 2-ші тамызында Кувейдке басып кірді, көп ұзамай сол күні Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімі шықты, шешім нәтижесінде мемлекеттердің басым бөлігі Ирактың Кувейдтен кетуін талап етті, ал бірақ бұған Саддам Хусейн пысықырып та қарамады, нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының ультиматум уақыты аяқтап, АҚШ бастаған әскеру топқа Иракқа соққы жасауына рұқсатын берген болатын. 1991 жыл «Desert Shield» яғни "Шөлдала қалқаны" және сосын «Desert Storm» "Шөлдала бораны" әскеру операциялары басталды. Меннің ойымша бұл операцияларға қарапайым көзбен қарау дұрыс емес деп ойлаймын. Өйткені бұл соғыс Парсы шығанағы аймағындағы геосаяси қатынастарды ғана емес, соғыстың өзін жүргізу тәсілін де түбегейлі өзгерткен әлем тарихындағы алғашқы замануи соғыс. Мұнда мәселе тек қару-жарақ пен стратегияда емес, ақпарат пен психологияның соғыс құралына айналуында болды. Осы тұрғыдан алғанда, В. Baker бұл операцияларды өте дәл сипаттайды. Ол соғыс «тек майдан даласында емес, ақпарат кеңістігінде де жүрді» деп атап көрсетеді. Автордың ойынша, коалициялық күштердің мақсаты Ирак армиясын жеңумен ғана шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы соғысқа оң бейне қалыптастыру, қоғамға оны «әділетті соғыс» ретінде қабылдату болды деп есептейді, себебі 1960 жылдары болған Вьетнам соғысы осы бұқаралық ақпарат құралдарының "қаралауынан" немесе басқаша айтқанда соғыстың қатігез жағын көрсету арқылы АҚШ халқының оған қаршы шығуымен жеңіліске ұшыраған болатын (Baker, 1991: 90–93). Desert Shield (Шөлдала қалқаны) операциясы кезінде коалиция әскерлері Сауд Арабиясы аумағында шоғырланып, соғысқа дайындала бастағанда, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше артты. Теледидар, радио, газет беттерінде Ирактың әрекеттері халықаралық қауіпсіздікке төнген үлкен қатер ретінде көрсетіліп отырды.

Менің ойымша, дәл осы кезеңде соғыстың моральдық тұрғыдан ақталуы қоғам санасында біртіндеп қалыптасты. Ал Desert Storm (Шөлдала қалқаны) операциясы басталған сәттен бастап ақпарат құралдары соғыстың көріністерін үздіксіз тарата бастады, тіпті тек қана АҚШ көрермендері емес, әлем халқы бұл соғысты тікелей эфирден көрді. Baker бұл кезеңді сипаттай келе, соғыстың басты ерекшелігі «ақпараттың қаруға айналуы» болғанын атап өтеді, ал бұндай әрекет әлі де болса болып көрмеген еді бұрындары. Себебі теледидардағы кадрлар мен визуалды бейнелер әскери әрекеттерден кем әсер етпей, саяси легитимділікті қалыптастырудың негізгі тетігіне айналды (Baker, 1991: 95 – 99). Зерттеуде көрсетілгендей, бұл ақпараттық саясаттың түпкі мақсаты соғыстың шынайы зардаптарын көлеңкеде қалдырып, технологиялық дәлдік пен әскери тиімділікті алға шығару болды. Қарапайым көрермен үшін бұл соғыс «таза», «жылдам», «аз шығынды» сияқты әсер қалдырды. Бірақ менің ойымша, дәл осы тәсіл соғыстың гуманитарлық және моральдық қырларын қоғам санасынан ығыстырып шығарды. БАҚ-та жиі қолданылған «еркіндік», «тәртіп орнату», «жаһандық қауіпсіздік» секілді ұғымдар соғысқа сын көзбен қарауға мүмкіндік бермеді. Baker мұны ақпараттық манипуляцияның айқын мысалы ретінде бағалап, қоғамдық сана мен саяси шешімдердің арасындағы байланыстың жаңа моделін көрсетеді (Baker, 1991: 88–101). Осы тұрғыдан қарасак, Парсы шығанағы соғысы XX ғасыр соңындағы жаңа коммуникациялық дәуірдің басталуына себеп болды деуге болады. Теледидар арқылы көрсетілген соғыс бейнелері тек әскери жеңісті емес, сонымен бірге белгілі бір идеологияны да таратты. Меніңше, Desert Storm операциясы халықаралық саясатта ақпараттық үстемдік қаншалықты маңызды рөл атқаратынын айқын көрсеткен тәжірибе болды. Соғыс шындығы мен оның медиадағы көрінісі арасындағы айырмашылық қоғам санасында «әділетті соғыс» деген жалған түсінік қалыптастырып, кейінгі ұрпақтың тарихи қабылдауына әсер еткенін байқауға болады. Сондықтан Baker еңбегін Парсы шығанағы соғысын тек әскери емес, мәдени-ақпараттық феномен ретінде қарастыратын маңызды зерттеу деп бағалауға болады. «Desert Storm» операциясының әуе соққылары кезеңі 1991 жылғы 17 қаңтарда басталып, Ирак аумағына бағытталған жоғары технологиялы шабуылдармен ерекшеленді. Бұл кезең шамамен 43 күнге созылып, соғыстың шешуші сатысына айналды. Gulf War and Health ғылыми жинағында берілген мәліметтер көрсеткендей, коалицияның әуе операциялары әскери стратегияда жаңа дәуір ашты. Мұнда қарсыласпен тікелей жердегі қақтығысқа бармай-ақ, жоғары дәлдіктегі қару арқылы оны әлсірету тәсілі кеңінен қолданылды (Gulf War and Health, 2014). Дегенмен, бұл әуе соққылары мінсіз өтті деу қиын. Иә, технологиялық тұрғыдан алғанда, операциялар өте дәл жоспарланды, бірақ қателіктер де болды. Соның ең ауыр мысалы – 1991 жылғы 13 ақпанда Багдадтағы Al-Amiriyah тұрғын убежищесінің бомбалануы. Бұл шабуыл салдарынан кем дегенде 408 бейбіт азамат қаза тапқаны белгілі. Human Rights Watch бұл оқиғаны соғыс заңдарының бұзылуы ретінде бағалады (Human Rights Watch, 1991). Менің ойымша, дәл осындай жағдайлар «әділетті соғыс» деген ұғымның қаншалықты ойға сыймайтынын көрсетеді. Сараптамалық деректерге сүйенсек, әуе соққылары Ирактың онсыз да Иранмен болған соғысынан күл паршасы шыққан командалық жүйесін, көлік және энергетикалық инфрақұрылымын бір жолата қиратты деуімізге болады. Коалиция әскерлері жер операциясын бастамай тұрып-ақ Ирак армиясының әскери әлеуетін күйретіп үлгерді. Бұл «төмен қарсылық» стратегиясының классикалық үлгісі ретінде сипатталады (Baker, 1991: 20 – 25). Ал 1991 жылғы 24 – 28 ақпан аралығында басталған коалицияның жер операциясы Кувейтті азат етуге бағытталды. Liberation of Kuwait деп аталған бұл кезеңде коалиция күштері күрделі маневрлер мен флангтық шабуылдарды пайдаланып, Ирак армиясының қарсылығын қысқа уақыт ішінде жойды. Нәтижесінде шамамен 100 сағат ішінде операция аяқталып, Ирак әскерінің негізгі бөлігі жеңіліске ұшырады (Martin, 2022: E16). Соғыс толығымен аяқталғаннан кейін әрине шығындар болады міндетті түрде, ал енді екі жақтың шығынына назар аударсақ, Парсы шығанағы соғысы кезіндегі әскери шығындар мәселесінде ең алдымен көзге түсетіні – коалициялық күштер мен Ирак әскерінің арасындағы үлкен теңсіздік. Әскери тұрғыдан алғанда АҚШ пен оның

одақтастары бұл соғысты салыстырмалы түрде аз адам шығынымен аяқтады. Америкалық ресми деректерге сүйенсек, тікелей жауынгерлік әрекеттер кезінде қаза тапқан АҚШ әскери қызметкерлерінің саны 147 адамды ғана адамды құраған. (Defense Casualty Analysis System, 1991). Сырттай қарағанда бұл көрсеткіш «таза әрі жылдам жеңістің» белгісіндей көрінеді. Бірақ соғыстың екінші беті де бар. Brookings институтының сарапшысы Майкл О'Хэнлон жүргізген талдаулар коалиция мен Ирак арасындағы шығындар айырмашылығының өте үлкен болғанын көрсетеді. Оның болжамы бойынша, Ирак тарапынан қаза тапқандар саны ондаған мың сарбазға жетуі мүмкін, бұл қарапайым тұрғындардың шығынын санамағанда (O'Hanlon, 2003: 5 – 10). Бұл жерде меніңше бір маңызды сұрақ туындайды: соғыс бір тарап үшін «жеңіл» өткенмен, екінші тарап үшін ол нағыз қырғынға айналды. Human Rights Watch ұйымының «Needless Deaths in the Gulf War» атты баяндамасында әуе шабуылдарының бейбіт тұрғындарға тигізген зардаптары егжей-тегжейлі қарастырылып, мыңдаған азаматтың қаза тапқаны немесе ауыр жарақат алғаны айтылған (Human Rights Watch, 1991). Бұл деректер соғыстың тек әскери емес, гуманитарлық трагедия екенін де анық көрсетеді. Осындай ауыр әскери шығын болуына әсер еткен негізгі факторларға келсек, Ирак армиясының техникалық және ұйымдастырушылық әлсіздігі шешуші рөл атқарды. Логистикалық жүйенің әлсіз және жүйесіз болуы, ескі техниканың көп болуы, заманауи америкалық қару-жараққа қарсы тұра алмау – мұның бәрі қысқа мерзім ішінде Ирак әскерінің күйреуіне алып келді. «Deception in the Desert» еңбегінде көрсетілгендей, коалиция күштері әдейі жасалған алдаулар мен маневрлер арқылы Ирак әскерін шатастырып, негізгі соққының бағытын жасырын түрде өзгерткен, бұл тактикалық тұрғыдан үлкен артықшылық берген (Army University Press, 1998). Ашық айтқанда, бұл соғыс тек күшпен емес, ақылмен де сайысқа түскен соғыс болды. Алайда әскери жеңіс сарбаздардың ішкі жағдайын автоматты түрде жақсартып жіберген жоқ. Керісінше, соғыстан кейін америкалық әскери қызметкерлердің елеулі бөлігі рухани және психологиялық қиындықтарға тап болды. Ғалымдар бұл құбылысты кейіннен «Gulf War Syndrome» деп атап, оны жауынгерлік психологиялық жарақаттармен байланыстырды (Kang et al., 2009: 401). Кейбір сарбаздар ұзақ уақыт бойы әскери ортада өмір сүргеннен кейін бейбіт өмірге қайта үйрене алмай, әсіресе отбасы ішіндегі қатынастарда қиындықтарға тап болған. Kang және әріптестерінің зерттеуінде ардагерлер арасында ажырасулардың, сенім дағдарысының және эмоционалдық алшақтаудың жиілегені көрсетіледі (Kang et al., 2009: 406). Соғыстан кейінгі кезеңде «көрінбейтін соғыс» деп аталатын психикалық қиындықтар одан сайын айқындала түсті. Fukuda және әріптестері JAMA журналында жариялаған зерттеуде көптеген ардагерлер ұйқысыздық, созылмалы шаршау, бас ауруы мен тұрақты мазасыздыққа шағымданғанын жазады (Fukuda et al., 1998: 985). Wolfe және оның әріптестері жүргізген ұзақмерзімді талдау Парсы шығанағы соғысына қатысқан сарбаздар арасында PTSD ең кең таралған психологиялық бұзылыстардың бірі болғанын дәлелдейді (Wolfe et al., 1999: 523). Proctor және әріптестерінің еңбектерінде шөлейт аймақтағы ауыр климат, ұзақ оқшаулану және белгісіздік сезімі көптеген сарбаздарда жалғыздық пен өмірдің мәнсіздігі туралы ойлардың күшеюіне әкелгені айтылады (Proctor et al., 1998: 1005). Бұған қоса, бірқатар зерттеулер «moral injury» деп аталатын құбылысты да алға тартады. Яғни сарбаздардың әскери әрекеттер барысында жасаған немесе куә болған оқиғалар үшін ішкі кінә мен ұят сезімін бастан кешіруі олардың психикалық саулығына ұзақ мерзімді әсер еткен (Litz et al., 2009: 698). Кейбір ардагерлер соғыстан кейін мазасыз түстер, елестер көру немесе «шөлдегі елестер» тәрізді ерекше психологиялық тәжірибелер туралы айтқан. Seal және әріптестері мұндай жағдайларды посттравматикалық стресс пен жүйке жүйесінің шамадан тыс шаршауымен байланыстырады (Seal et al., 2007: 478). Сол авторлар 100 мыңнан астам ардагердің деректерін талдай отырып, депрессия, мазасыздық және PTSD деңгейінің өте жоғары болғанын анықтаған (Seal et al., 2007: 476). Ал Vasterling жүргізген нейрорпсихологиялық зерттеулер сарбаздардың есте сақтау, зейін және ойлау қабілеттерінде әлсіреу байқалғанын көрсетіп, соғыстың адам санасына тигізетін ұзақ мерзімді салдарын нақты дәлелдеді (Vasterling et al., 2006: 522). Меніңше,

осы деректердің барлығы бір қарапайым ойға әкеледі: Парсы шығанағы соғысы әскери тұрғыдан жеңіспен аяқталғанымен, адам психикасы үшін оның салдары әлдеқайда ауыр болды. Бұл соғыс оқ пен снарядтан бөлек, сарбаздардың санасында, жадында және өмір бойы жазылмайтын ішкі жара қалдырған соғыс ретінде тарихта қалды. Жалпы соғыс барысында сарбаздар тек қана алдыңғы майданда болған әскери операциялардан ғана психологиялық соққы алған жоқ деп есептеймін, себебі: соғысқа қатысқан америкалық сарбаздардың психологиялық күйзелісі тек майдандағы қауіп-қатермен ғана шектелмей, олардың жеке өміріндегі ауыр моральдық соққылармен де тікелей байланысты еді. Сол ауыр соққылардың бірі әскери психологияда жақсы белгілі «Dear John letters» феноменімен, яғни сарбаздың соғыс аймағында жүрген кезінде жолдасынан немесе сүйіктісінен опасыздық туралы хабар алумен байланысты болды. Kachadourian және әріптестері жүргізген зерттеу бұл құбылыстың әскери қызметкерлердің психологиялық саулығына жойқын әсер еткенін нақты көрсетеді, себебі алдыңғы майданда жүрген сарбаздың жалғыз ғана демеуі ол өзінің отбасысы, сүйіктісі, балалары, ол қай заманда да болсын солай болған, бола береді де (Kachadourian et al., 2015: 418 – 425). Соғыс жағдайындағы тұрақты стресс, белгісіздік пен өлім қаупі сарбаздардың эмоциялық тұрақтылығын әлсіретіп тұрған кезде, жеке өмірдегі сатқындық сезімі олардың ішкі тепе-теңдігін мүлде шайқалтқан. Нәтижесінде мұндай күйзеліс посттравматикалық стресс бұзылысының, депрессия мен агрессиялық мінез-құлықтың күшеюіне алып келген. Зерттеу деректеріне қарағанда, опасыздық факторы өзін-өзі кінәлау, тұлғалық құнсыздану және өмірдің мәнін жоғалту сезімдерінің артуымен тікелей байланысты болған. Осыған байланысты әскери психологтар бұл жағдайды «қосарланған психологиялық жарақат», яғни double trauma деп сипаттайды. Бір жағынан –соғыстың өзі тудырған моральдық және физикалық күйзеліс, екінші жағынан – жеке өмірдегі сатқындықтың әкелген рухани соққысы сарбаздың ішкі әлеміне қатар әсер еткен. Осындай жағдайлар салдарынан кейбір әскери қызметкерлерде соғысқа деген ішкі ынта төмендеп, ашу мен агрессиялық реакциялар күшейе түскен. Сондықтан Парсы шығанағы соғысының психологиялық зардаптарын талдағанда тек ұрыс қимылдарын ғана емес, соғысқа қатысушылардың жеке өміріндегі эмоциялық және моральдық драмаларды да бірге қарастыру қажет екені анық байқалады. Бұл мәселе қазіргі әскери психологияда маңызды бағыттардың біріне айналып отыр, өйткені ол сарбаздың тек соғыс кезіндегі мінез-құлқына ғана емес, оның кейін бейбіт өмірге қайта бейімделуіне де тікелей әсер етеді (Kachadourian et al., 2015: 418 – 425). Парсы шығанағы соғысына қатысқан америкалық әскери қызметкерлердің жеке естеліктері мен күнделіктері олардың тек майдан даласында ғана емес, рухани әрі отбасылық деңгейде де ауыр сынақтардан өткенін айқын көрсетеді. Veterans History Project архивінде сақталған көптеген жазбаларда сарбаздардың моральдық күйзелісі ұрыс даласындағы қауіппен қатар туған жерден алшақтық, белгісіздік және жеке қатынастардағы тұрақсыздықпен ұштасып отырғаны байқалады (Veterans History Project, 1991). Мысалы, теңіз флотының әскери қызметкері Лаура Двайер өз естелігінде Парсы шығанағына аттанған сәтін «үйден кетер кезде ішімде бір дүниенің үзілгенін сездім» деп сипаттайды. Бұл сөздер соғысқа қатысқан әйел әскери қызметкерлердің де эмоциялық тұрғыдан қандай қысым көргенін жақсы аңғартады. Ал әуе күштерінің технигі Мег Парриш Майнер түнгі уақытта шатыр сыртында отырып қаладағы азан үнін тыңдаған сәттерін еске алып, бұл дыбыстың бір жағынан тыныштық сыйлағанымен, екінші жағынан өзін бөтен әлемде жүргендей сезіндіргенін жазады (Veterans History Project, 1991). Архив материалдарына қарасақ, көптеген сарбаздар үшін отбасынан алыстау, хат-хабар алмасудың қиындығы және жеке өмірдегі дағдарыстар кейде соғыстың өзінен де ауыр соққы болған. Күнделіктерде «хатсыз өткен апталар», «үйден жауап жоқ», «тылдағы белгісіздік» сияқты жазбалардың жиі кездесуі соғыс кезінде жеке байланыстардың үзілуі адамның моральдық төзімділігіне тікелей әсер еткенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Veterans History Project архивіндегі материалдар Парсы шығанағы соғысының тек әскери қақтығыс емес, адамның ішкі рухани күресі болғанын дәлелдейді. Сарбаздың психологиялық жарақаты көбіне жеке өмірдегі жалғыздық пен үмітсіздік сезімімен

күшейген. Көптеген зерттеушілер соғыс кезіндегі жеке өмір мен отбасылық қатынастардың бұзылуын әскери қызметкерлердің психологиялық әл-ауқатына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі деп санайды. Себебі моральдық тұрғыдан сарбаздың басты тірегі саналатын отбасы мен жақындарының қолдауы ұзаққа созылған әскери операциялар, тұрақты қауіп пен белгісіздік жағдайында әлсіреп, сенім дағдарысына ұшырайды. Renshaw және әріптестері жүргізген зерттеулерде әскери қызметкерлер мен олардың жұбайлары арасындағы эмоциялық ашықтық пен қарым-қатынас сапасының PTSD деңгейіне тікелей әсер ететіні көрсетіледі. Егер сарбаз өз уайымы мен қорқынышын жұбайымен бөлісе алмаса, оның ішкі психологиялық жүктемесі арта түсетіні дәлелденген (Renshaw et al., 2008: 307). Осыған ұқсас тұжырымды Carter және әріптестері де ұсынады. Олар жұбайлар арасындағы коммуникация деңгейі мен PTSD белгілерінің арасындағы байланысты талдай отырып, отбасылық қолдаудың жетіспеуі мен эмоциялық алшақтық жарақаттан кейінгі стресс деңгейін күшейтетінін көрсетеді. Олардың пікірінше, PTSD белгілері тек соғыс даласында ғана емес, бейбіт өмірге оралған соң да отбасындағы салқындық пен сенімнің әлсіреуі арқылы жалғасады деген пікір білдіреді (Carter et al., 2011: 353). Осылайша, соғыс кезінде және соғыстан кейінгі эмоциялық оқшаулану мен жалғыздық сезімі сарбаздың моральдық жүйесіне терең жара салып, кейде «екінші жарақат» деп аталатын құбылысты тудырады. Физикалық жара жазылғанымен, рухани жара ұзақ уақыт сақталып, кей жағдайда жеке өмірдегі күйзеліс майдандағы қауіптен де ауыр соққыға айналады. Зерттеулер әлеуметтік қолдау жүйесін қалпына келтіру мен коммуникацияны күшейту PTSD белгілерін жеңілдетудің негізгі тетігі екенін дәлелдейді. Көптеген ардагерлер өз естеліктерінде соғыстың ең ауыр салдарын оқ пен жарылыстан емес, рухани жалғыздық пен адамдар арасындағы алшақтықтан көргенін атап өтеді, бұл тұжырым Парсы шығанағы соғысына қатысқан әскери қызметкерлерге жүргізілген психологиялық бақылаулармен толық сәйкес келеді (Renshaw et al., 2008) (Carter et al., 2011).

Нәтижелер. Жалпы жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысын тек әскери қақтығыс ретінде қарастыру жеткіліксіз деген қорытындыға келген болатынын. Менің ойымша, бұл соғыс бір мезетте әлеуметтік, психологиялық және гуманитарлық салдары өте терең болған күрделі құбылыс ретінде бағалануы тиіс. Пайдаланылған деректер мен ғылыми еңбектерді жүйелеу барысында бірнеше маңызды тұжырым айқындалды, яғни соғыс қимылдарының геосаяси себептері мен халықаралық салдары аймақтық қауіпсіздік тепе-теңдігінің бұзылуымен және мұнай саясатының үстемдігімен тікелей байланысты болғаны анық көрінеді (Chardell, 2023) (Sassoon, Walter, 2017). Бұл жағдай Парсы шығанағы соғысының XX ғасыр соңындағы жаңа геосаяси құрылымның қалыптасуына әсер етіп, Таяу Шығыста ұзақ уақытқа созылған тұрақсыздық кезеңінің басталуына жол ашқанын көрсетеді. Яғни соғыс бір сәттік әскери әрекет емес, кейінгі ондаған жылға созылған аймақтық дағдарыстардың бастауы болды деуге негіз бар. Соғыстың экологиялық және медициналық салдары халықаралық ұйымдар мен ғылыми орталықтардың материалдары арқылы айқындалып отыр. Атап айтқанда, химиялық және биологиялық факторлардың әсері салдарынан көптеген әскери қызметкерлер мен бейбіт тұрғындардың ұзақмерзімді ауруларға шалдыққаны анықталған (Human Rights Watch, 1991) (Gulf War and Health, 2014). Бұл деректер соғыстың адам ағзасына тигізген әсерін тек физикалық жарақат деңгейінде ғана емес, тұтас биологиялық орта мен ұрпақ денсаулығы тұрғысынан қарастыру қажет екенін көрсетеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері ардагерлер арасында посттравматикалық стресс бұзылысының кең таралғанын дәлелдейді. Клиникалық және әлеуметтік-медициналық зерттеулерде соғысқа қатысқан сарбаздардың шамамен үштен бірі ауыр эмоциялық күйзеліс пен депрессия белгілерін бастан өткергені көрсетіледі (Kang et al., 2009) (Litz et al., 2009) (Seal et al., 2007). Осы үрдіс кейін «Gulf War Syndrome» ұғымының қалыптасуына негіз болып, әскери медицинаның жаңа зерттеу бағытының дамуына жол ашты. Соғыстан кейінгі кезеңдегі әлеуметтік бейімделу дағдарысы мен отбасылық қарым-қатынас проблемалары ардагерлердің психологиялық жағдайына тікелей әсер еткен

маңызды фактор ретінде айқындалады. Эмоциялық ашықтықтың болмауы, жалғыздық пен коммуникация тапшылығы олардың өмір сапасына және отбасылық тұрақтылығына елеулі кері ықпал еткені байқалады (Renshaw et al., 2008) (Carter et al., 2011). Бұл жерде, менің ойымша, соғыстың салдары тек жеке адамның мәселесі емес, тұтас отбасы мен әлеуметтік ортаға әсер ететін құбылыс ретінде көрінеді. Тарихи және психологиялық деректерді салыстырмалы талдау нәтижесінде соғыс тек физикалық майдан шеңберінде ғана емес, адамның ішкі әлемінде де жалғасатыны анық байқалады. Көптеген ардагерлер өз өмірін ұзақ уақыт бойы кінә, үрей, жалғыздық пен рухани күйзеліс сезімімен сипатталатын «рухани соғыс» ретінде қабылдайтыны көрсетіледі (Wolfe et al., 1999) (Proctor et al., 1998). Бұл тұжырым соғыстың аяқталуы автоматты түрде адамның ішкі жарасының жазылуына әкелмейтінін айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысы әскери тұрғыдан жеңіспен аяқталғанымен, оның адам психологиясы мен әлеуметтік құрылымға қалдырған ізі ондаған жылдарға созылғанын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, соғыс салдары тек тарихи немесе саяси құбылыс ретінде ғана емес, адамның рухани, отбасылық және әлеуметтік болмысын түбегейлі өзгерткен терең гуманитарлық феномен ретінде бағалануы тиіс. Мақала нәтижесінде соғыстың адам санасына тигізетін әсерін кешенді түрде сипаттайтын тұжырымдамалық бағыт ұсынылып, Парсы шығанағы соғысы аймақтық қақтығыс қана емес, адамзаттың моральдық жадында сақталған ұзақмерзімді психологиялық жараның символы ретінде айқындалады.

Қорытынды. Жалпы қорытындылай келе мынаны айтқым келеді, 1991 жылғы Парсы шығанағы соғысы қазіргі заман тарихындағы әскери-саяси қақтығыстарға деген көзқарасты түбегейлі өзгертті деп ойлаймын. Зерттеу барысында жинақталған деректер мен талданған ғылыми еңбектер бұл соғыстың салдарын тек әскери жетістік немесе геосаяси көрсеткіштермен шектеу мүмкін еместігін айқын көрсететінін шындық. Парсы шығанағы соғысы адамзаттың ұжымдық жадында терең психологиялық жара ретінде сақталып қалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, соғыстың ең басты ерекшелігі - оның адам психикасына ұзақ мерзімді әсері болуымен ерекшеленеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл әскери науқан мыңдаған ардагердің өмір сапасын төмендетіп, қоғамдағы моральдық тепе-теңдікке елеулі нұқсан келтірді. Kang, Seal, Litz және Wolfe еңбектерінде дәлелденгендей, посттравматикалық стресс бұзылысы (ПТСР) мен Gulf War Syndrome феномені жай ғана медициналық диагноз емес, соғыстың адам болмысына терең сіңген зардаптары ретінде көрінеді. Сонымен қатар зерттеу соғыстың адам мен қоғам арасындағы байланысты әлсіреткенін де көрсетті. Эмоционалдық окшаулану, рухани күйзеліс пен жалғыздық сезімінің күшеюі көптеген ардагер үшін соғыстан кейінгі ең ауыр сынаққа айналды. Renshaw және Carter еңбектерінде көрсетілгендей, отбасылық қатынастардағы түсініспеушілік пен эмоционалдық қолдаудың жетіспеуі ардагерлердің бейбіт өмірге бейімделуін едәуір қиындатқан. Бұл жағдай соғыстың моральдық зардаптары әскери қимылдар аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт сақталатынын дәлелдейді. Геосаяси және әлеуметтік талдаулар негізінде соғыстың себептері мен салдарлары арасындағы өзара байланыс та анық байқалады. Chardell мен Sassoon еңбектерінде көрсетілгендей, Парсы шығанағы соғысы мұнай мүддесіне негізделген аймақтық саясаттың көрінісі болса, оның салдары жаһандық деңгейдегі психологиялық дағдарысқа ұласты. Яғни соғыс белгілі бір аумақта басталғанымен, оның рухани және моральдық салдары әлдеқайда кең ауқымда сезілді. Қорыта айтқанда, бұл зерттеу Парсы шығанағы соғысын тек әскери тарих аясында ғана емес, адамның рухани әлемін сынаған күрделі гуманитарлық құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Соғыс – тек мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыс емес, ол адамның ішкі кеңістігінде жүретін күрес: үміт пен үрейдің, парыз бен азаптың, жеңіс пен жараның арасындағы қайшылық. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шынайы жеңіс қару-жарақ арқылы емес, адамның рухани сауығуы мен моральдық тұтастығын қалпына келтіру арқылы ғана мүмкін. Парсы шығанағы соғысының психологиялық сабақтары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Олар қоғамға бейбітшіліктің ең үлкен құндылығы – адамның жан тыныштығы

мен адамгершілік тұрақтылығы екенін қайта-қайта еске салады.

References

- Army University Press, 1998 –Army University Press. (1998). Deception in the Desert. Fort Leavenworth. [Eng]
- Baker, 1991 –Baker, B. (1991). Desert Shield/Desert Storm: The War of Words and Images. Naval War College Review, 44(2), pp. 88–101. [Eng]
- Carter et al., 2011 –Carter, S. P., Loew, B., Allen, E. S., Osborne, L. J., Stanley, S. M., & Markman, H. J. (2011). Relationships between Soldiers' PTSD Symptoms and Spousal Communication during Deployment. Journal of Traumatic Stress, 24(3), pp. 352–355. [Eng]
- Chardell, 2023 –Chardell, D. (2023). The Origins of the Iraqi Invasion of Kuwait Reconsidered. Texas National Security Review, Vol. 6, Issue 3, pp. 51–78. DOI: 10.26153/tsw/47415. [Eng]
- DCAS, 1991 –Defense Casualty Analysis System (DCAS). (1991). Gulf War Statistics. U.S. Department of Defense. [Eng]
- Fukuda et al., 1998 –Fukuda, K., Nisenbaum, R., Stewart, G., Thompson, W. W., Robin, L., Washko, R. M., et al. (1998). Chronic Multisymptom Illness Affecting Air Force Veterans of the Gulf War. JAMA, 280(11), pp. 981–988. DOI: 10.1001/jama.280.11.981. [Eng]
- Grammas, 1991 –Grammas, G. N. (1991). Multilateral Responses to the Iraqi Invasion of Kuwait. Maryland Journal of International Law. [Eng]
- Gulf War and Health, 2014 – Gulf War and Health: Volume 9. Long-Term Effects of Blast Exposures. Washington, DC: National Academies Press, 2014. DOI: 10.17226/18253. [Eng]
- Human Rights Watch, 1991 – Human Rights Watch. (1991). Needless Deaths in the Gulf War: Civilian Casualties During the Air Campaign and Violations of the Laws of War. New York. [Eng]
- Kachadourian et al., 2015 –Kachadourian, L. K., Smith, B. N., & Taft, C. T. (2015). The Impact of Infidelity on Combat-exposed Service Members. Journal of Traumatic Stress, 22(5), pp. 418–425. DOI: 10.1002/jts.22033. [Eng]
- Kang et al., 2009 – Kang, H. K., Li, B., Mahan, C. M., Eisen, S. A., & Engel, C. C. (2009). Health of US Veterans of 1991 Gulf War: A Follow-up Survey in 10 Years. Journal of Occupational and Environmental Medicine, 51(4), pp. 401 – 410. DOI: 10.1097/JOM.0b013e3181a2feeb. [Eng]
- Litz et al., 2009 –Litz, B. T., Stein, N., Delaney, E., Lebowitz, L., Nash, W. P., Silva, C., & Maguen, S. (2009). Moral Injury and Moral Repair in War Veterans: A Preliminary Model and Intervention Strategy. Clinical Psychology Review, 29(8), pp. 695–706. DOI: 10.1016/j.cpr.2009.07.003. [Eng]
- Martin, 2022 –Martin, K. J. (2022). Operations Desert Shield and Desert Storm: A Neurosurgical Article. Neurosurgical Focus, Vol. 53, No. 3, Article E16. DOI: 10.3171/2022.6.FOCUS22237. [Eng]
- O'Hanlon, 2003 –O'Hanlon, M. E. (2003). Estimating Casualties in a War to Overthrow Saddam. Washington, DC: Brookings Institution, pp. 5–10. [Eng]
- Proctor et al., 1998 –Proctor, S. P., Heeren, T., White, R. F., Wolfe, J., Borgos, M. S., Davis, J. D., et al. (1998). Health Status of Persian Gulf War Veterans: Self-reported Symptoms, Environmental Exposures and the Effect of Stress. International Journal of Epidemiology, 27(6), pp. 1000–1010. DOI: 10.1093/ije/27.6.1000. [Eng]
- Renshaw et al., 2008 –Renshaw, K. D., Rodrigues, C. S., & Jones, D. H. (2008). Psychological Symptoms and Marital Functioning in OEF/OIF Service Members and Their Spouses: The Importance of Emotional Disclosure. Journal of Traumatic Stress, 21(3), pp. 303–311. [Eng]
- Sassoon & Walter, 2017 –Sassoon, J., & Walter, A. (2017). The Iraqi Occupation of Kuwait: New Historical Perspectives. Middle East Journal, Vol. 71, No. 4, pp. 607–628. DOI: 10.3751/71.4.15. [Eng]
- Seal et al., 2007 –Seal, K. H., Bertenthal, D., Miner, C. R., Sen, S., & Marmar, C. (2007). Bringing the War Back Home: Mental Health Disorders among 103,788 US Veterans Returning from Iraq and Afghanistan Seen at Department of Veterans Affairs Facilities. Archives of Internal Medicine, 167(5), pp. 476–482. DOI: 10.1001/archinte.167.5.476. [Eng]
- Vasterling et al., 2006 –Vasterling, J. J., Proctor, S. P., Amoroso, P., Kane, R., Heeren, T., & White, R. F. (2006). Neuropsychological Outcomes of Army Personnel Following Deployment to the Iraq War. JAMA, 296(5), pp. 519 – 529. DOI: 10.1001/jama.296.5.519. [Eng]
- Veterans History Project, 1991 –Veterans History Project. (1991). Personal Diary Collection –Gulf War Veterans. Library of Congress. <https://www.loc.gov/vets> [Eng]
- Wolfe et al., 1999 –Wolfe, J., Erickson, D. J., Sharkansky, E. J., King, D. W., & King, L. A. (1999). Course and Predictors of Posttraumatic Stress Disorder among Gulf War Veterans: A Prospective Analysis. Journal of Consulting and Clinical Psychology, 67(4), pp. 520–528. DOI: 10.1037/0022-006X.67.4.520. [Eng]
- OpenAI. ChatGPT (GPT-5.2) Language Model. - OpenAI, 2023. - URL: <https://chat.openai.com>
- Intended use: language editing, grammatical correction, and assistance in structuring academic writing. The GPT-5.2 model was used exclusively as an editorial support tool and was not employed for content generation.- Accessed: October 15, 2025 [Eng].

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНДЕ**¹Қ.С. Өскембаев*** , **¹А. Бірлік** ¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан*e-mail: k.uskembayev@gmail.com

Қ.С. Өскембаев – өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры, т.ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, e-mail: k.uskembayev@gmail.com, <https://0000-0001-7154-8303>

А. Бірлік – өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 1 курс магистранты, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://0009-0006-0499-6687>

Аңдатпа. Бұл мақала XVII – XVIII ғасырлардағы қазақ – жоңғар соғыстарының тарихи сипатын талдауға арналған. Зерттеуде аталған қақтығыстардың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу барысына және аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруіне тигізген ықпалына назар аударылады. Автор қазақ-жоңғар қатынастарын тек әскери қарсыластық шеңберінде ғана емес, кеңірек саяси және дипломатиялық үдерістер контекстінде қарастыруға тырысады. Зерттеу барысында Қытайдың ресми архивтік деректері мен Цин империясы дәуірінде жасалған тарихи құжаттар пайдаланылды. Бұл дереккөздер қазақ – жоңғар қатынастарын сыртқы дипломатиялық көзқарас тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Аталған материалдар арқылы жоңғар мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайы, сондай-ақ Цин билігінің аймаққа қатысты ұстанымы айқынырақ көрінеді. Жоңғар мемлекетінің құлауы аймақтағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруіне алып келіп, қазақтардың саяси рөлінің артуына жағдай жасады. Осы кезеңде қазақ билеушілерінің халықаралық дипломатиялық қатынастарға тікелей араласуы күшейіп, қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстары жаңа деңгейге көтерілгені байқалады. Мұндай үдерістер қазақ қоғамының саяси құрылымына да елеулі ықпал етті. Сонымен қатар мақалада қазақ-жоңғар соғыстарының халықтың тарихи жадындағы орнына да көңіл бөлінеді. Бұл қақтығыстар уақыт өте келе ұлттық тұтастық пен саяси бірлікті нығайтатын маңызды тарихи тәжірибе ретінде қабылданғаны көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қытай дереккөздерін жүйелі әрі сындарлы түрде пайдаланудың қазақ тарихындағы бірқатар мәселелерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: қазақ-жоңғар соғыстары; қазақ мемлекеті; жоңғар хандығы; Цин империясы; қытай архив деректері; дипломатиялық қатынастар; Тянь-Шань өңірі; жоңғар мұрасы; геосаяси кеңістік; тарихи сана.

КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВОЙНЫ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ**¹К.С. Ускембаев*, ¹А. Бирлик**¹Международный университет Астана, Астана, Казахстан*e-mail: k.uskembayev@gmail.com

К.С. Ускембаев – профессор Высшей школы искусств и гуманитарных наук, кандидат исторических наук, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан, e-mail: k.uskembayev@gmail.com, <https://0000-0001-7154-8303>

А. Бирлик – магистрант 1 курса Высшей школы искусств и гуманитарных наук, Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://0009-0006-0499-6687>

Аннотация. Данная статья посвящена анализу исторического характера казахско-джунгарских войн XVII-XVIII веков. Исследование фокусируется на влиянии

этих конфликтов на формирование казахской государственности и изменение геополитической ситуации в регионе. Автор пытается рассматривать казахско-джунгарские отношения не только в рамках военного противостояния, но и в контексте более широких политических и дипломатических процессов. В исследовании использованы официальные китайские архивные данные и исторические документы, созданные во времена Цинской империи. Эти источники позволяют анализировать казахско-джунгарские отношения с точки зрения внешней дипломатии. Данные материалы дают более ясное представление о внутренней и внешней политической ситуации в Джунгарском государстве, а также о позиции правительства Цинской империи по отношению к региону. Распад Джунгарского государства привел к изменению баланса сил в регионе и создал условия для усиления политической роли казахов. В этот период усилилось прямое участие казахских правителей в международных дипломатических отношениях, а внешнеполитические связи Казахского ханства вышли на новый уровень. Подобные процессы также оказали значительное влияние на политическую структуру казахского общества. В статье также рассматривается место казахско-джунгарских войн в исторической памяти народа. Показано, что эти конфликты воспринимались как важный исторический опыт, укрепивший национальную целостность и политическое единство с течением времени. Результаты исследования доказывают, что систематическое и конструктивное использование китайских источников позволяет по-новому взглянуть на ряд вопросов казахской истории.

Ключевые слова: казахско-джунгарские войны; казахское государство; Джунгарское ханство; империя Цин; китайские архивные источники; дипломатические отношения; Тянь-Шаньский регион; джунгарское наследие; геополитическое пространство; историческое сознание.

KAZAKH-DZUNGAR WARS IN CHINESE SOURCES

¹K.S. Uskembayev*, ¹A. Birlik

¹Astana International University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: k.uskembayev@gmail.com

K.S. Uskembayev – Professor, Graduate School of Arts and Humanities, Candidate of Historical Sciences, Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: k.uskembayev@gmail.com, <https://.0000-0001-7154-8303>

A. Birlik – First-year Master's student, Graduate School of Arts and Humanities, Astana International University, Astana, Kazakhstan, e-mail: ajbekbirlik@gmail.com, <https://.0009-0006-0499-6687>

Abstract. This article is devoted to the analysis of the historical nature of the Kazakh-Dzungarian wars of the 17th-18th centuries. The study focuses on the impact of these conflicts on the formation of Kazakh statehood and the changing geopolitical situation in the region. The author attempts to consider Kazakh-Dzungarian relations not only within the framework of military confrontation, but also in the context of broader political and diplomatic processes. The study used official Chinese archival data and historical documents created during the Qing Empire. These sources allow us to analyze Kazakh-Dzungarian relations from an external diplomatic perspective. These materials provide a clearer picture of the internal and external political situation of the Dzungarian state, as well as the position of the Qing government in relation to the region. The collapse of the Dzungarian state led to a change in the balance of power in the region and created conditions for an increase in the political role of the Kazakhs. During this period, the direct involvement of Kazakh rulers in international diplomatic relations intensified, and the foreign political relations of the Kazakh Khanate rose to a new level. Such processes also had a significant impact on the political structure of Kazakh society. The article also focuses on the place of the Kazakh-Dzungarian wars in the historical

memory of the people. It is shown that these conflicts were perceived as an important historical experience that strengthened national integrity and political unity over time. The results of the study prove that the systematic and constructive use of Chinese sources allows for a new understanding of a number of issues in Kazakh history.

Keywords: Kazakh–Dzungar wars; Kazakh statehood; Dzungar Khanate; Qing Empire; Chinese archival sources; diplomatic relations; Tian Shan region; Dzungar heritage; geopolitical space; historical memory.

Қысқашы. XVII – XVIII ғасырлардағы қазақ – жоңғар соғыстары Еуразия тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл қақтығыстарды тек әскери сипаттағы соғыстар ретінде ғана түсіндіру жеткіліксіз, өйткені олар қазақ мемлекеттілігінің ішкі қалыптасу үдерістерімен және сыртқы саяси қатынастардың өзгеруімен тығыз байланысты болды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ – жоңғар соғыстары қазақ қоғамының саяси құрылымының нығаюына, билік институттарының орнығуына және аймақтағы дипломатиялық бағыт-бағдарының қалыптасуына елеулі ықпал етті. Қазіргі кезеңде бұл соғыстарды зерттеу ұлттық тарихтың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Ғылыми еңбектерде қазақ халқының этникалық бірлігінің қалыптасуы, саяси дамуы және сыртқы байланыстары осы қақтығыстармен тығыз байланыста қарастырылады. Қазақ – жоңғар қатынастарының тарихи сипатын барынша объективті түрде түсіну үшін сыртқы жазба деректердің, әсіресе қытай архив материалдарының маңызы ерекше. Цин империясы дәуірінде жасалған ресми құжаттар, дипломатиялық хаттамалар мен әскери жазбалар қазақ – жоңғар соғыстарының барысы мен салдарын нақты деректер негізінде сипаттайды. Абдиләшім Д.-нің еңбегінде Цяньлун императорының қазақ сұлтандарына жолдаған хаттары мен нұсқауларының мазмұны жан-жақты талданады. Автор бұл құжаттар арқылы Цин билігінің қазақ хандығына қатысты көзқарасын, қазақ елшіліктерін қабылдау тәртібін және қазақ билеушілерінің аймақтық саяси рөліне берген бағасын анықтайды. Мұндай талдау жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін қазақ – қытай қатынастарының жаңа дипломатиялық кезеңге өткенін көрсетуге мүмкіндік береді. Қытай дереккөздерінде қазақ – жоңғар соғыстарының динамикасы әскери-стратегиялық тұрғыда егжей-тегжейлі баяндалады. Мәселен, Ци Гуан еңбегінде қазақ жасақтары мен жоңғар әскерінің қақтығыс аймақтары, жорық бағыттары және қолданылған соғыс тактикасы сипатталады. Бұл мәліметтер қазақтардың жоңғарларға қарсы әскери әрекеттерінің деңгейін, соғыс жүргізудегі ұйымдастырушылық қабілетін және жоңғар мемлекетінің әскери қуатын салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді. Қытайдың қазіргі зерттеушілерінің еңбектері де жоңғар мұрасының тарихи маңызын ашуда маңызды орын алады. Ма Цыму жоңғар хандығының саяси-дипломатиялық мәдениетінің Цин империясы тарапынан қабылдануы мен пайдаланылуын талдай отырып, жоңғар – Цин – қазақ арасындағы үшжақты тарихи өзара байланыстарды көрсетеді. Автордың пайымдауынша, Цин империясының Орта Азия бағытындағы дипломатиялық саясаты жоңғар тәжірибесіне сүйенген, ал қазақ билеушілерінің Цинмен тікелей келіссөздер жүргізе бастауы аймақта жаңа саяси тепе-теңдіктің қалыптасуына ықпал етті. Бұл тұжырым қазақ – жоңғар соғыстарының тек екі жақтың әскери текетіресі ғана емес, кең ауқымды дипломатиялық үдерістердің қалыптасуына әсер еткенін аңғартады. Қазақ–жоңғар соғыстарының барысы мен нәтижелерін талдауда ерекше маңызға ие дереккөздердің бірі – «平定准噶尔方略» жинағы. Бұл еңбек Цин империясының жоңғар хандығын бағындыру науқанын әскери-құжаттық негізде баяндаумен қатар, жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейінгі қазақтардың аумақтық қозғалысын, қазақ билеушілерімен жүргізілген дипломатиялық келіссөздерді және қазақтардың аймақтағы жаңа саяси рөлін көрсетуімен құнды. Аталған дереккөз қазақ тарихын қайта пайымдауда нақты фактілік негіз береді. Осылайша, қазақ – жоңғар соғыстарын зерттеу бүгінгі таңда тек бір халықтың әскери тарихын зерделеумен шектелмейді. Бұл мәселе көшпелі мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың модельдерін салыстыру, аймақтық дипломатиялық жүйенің қалыптасуын түсіндіру және қазақ мемлекеттілігінің Еуразия кеңістігіндегі орнын

объективті бағалау тұрғысынан да өзекті болып табылады. Зерттеудің өзектілігі қазақ–жоңғар соғыстарының тарихи салдарын қытай деректері негізінде талдау арқылы жаңа ғылыми интерпретация ұсыну, қазақ мемлекеттілігінің тарихи континуумдағы орнын нақтылау және ұлттық тарихты аймақтық әрі халықаралық контексте қарастыру қажеттілігімен айқындалады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бұл зерттеу жұмысы қазақ–жоңғар соғыстарының тарихи динамикасын, олардың дипломатиялық қырларын және қазақ мемлекеттілігінің эволюциясына тигізген ықпалын талдауға бағытталды. Жұмыс барысында әртүрлі тілдік және мазмұндық сипаттағы тарихи дереккөздерге сүйену қажеттілігі туындады. Осыған байланысты зерттеуде қытай зерттеушілерінің еңбектері, мәнжүр тіліндегі әскери-хаттамалық құжаттар, жоңғар тарихына қатысты империялық есептер, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі отандық ғылыми зерттеулер қатар пайдаланылды. Негізгі дереккөздердің бірі ретінде ХХІ ғасырдағы қазақ – қытай дипломатиялық қатынастарына арналған құжаттық материалдарды талдаған Д. Абдиләшімнің еңбектері алынды. Бұл зерттеулерде Цин патшалығының қазақ билеушілеріне жолдаған ресми хаттары мен саяси нұсқаулықтарының мазмұны қарастырылып, қазақ, жоңғар және қытай мемлекеттері арасындағы сыртқы саяси байланыстарды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін маңызды деректер ұсынылады. Аталған материалдар қазақ – жоңғар соғыстары кезеңіндегі дипломатиялық қатынастардың күрделі сипатын түсіндіруде ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар жоңғар – қазақ соғыстарының әскери сипаттамалары мен негізгі кезеңдері Ци Гуанның еңбегінде нақты деректер арқылы баяндалады. Бұл материалдар соғыстың әскери тарихын, қақтығыстардың географиясын және соғыс жүргізу ерекшеліктерін талдауға пайдаланылды. Ал жоңғар мұрасының саяси және дипломатиялық салдары, Цин билігінің Орта Азиядағы саясатының жоңғар тәжірибесіне сүйенуі, сондай-ақ қазақ – Цин қатынастарындағы жаңа форматтағы диалогтың қалыптасуы Ма Цзымудың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады. Осы еңбектер аталған мәселелерді кең тарихи контексте түсіндіруге мүмкіндік беретін теориялық және модельдік негіз ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында «平定准噶尔方略» жинағы да маңызды дереккөз ретінде қолданылды. Бұл еңбек Цин империясының жоңғар хандығын талқандауына қатысты ресми әскери-дипломатиялық есептерді қамтиды және жоңғар мемлекеті құлағаннан кейінгі кезеңдегі қазақтардың аумақтық қозғалысын, қазақ билеушілерімен жүргізілген келіссөздерді сипаттайды. Мәнжүр тіліндегі бастапқы материалдарды пайдалану қазақ – жоңғар қатынастарының Цин архивтеріндегі бейнесін барынша нақты анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Біріншіден, деректанулық талдау әдісі архивтік материалдардың түпнұсқалық мазмұнын анықтауға және олардың тарихи шынайылығын бағалауға бағытталды. Екіншіден, тарихнамалық әдіс әртүрлі кезеңдерде жазылған еңбектерді салыстыру арқылы қазақ–жоңғар соғыстары жөніндегі ғылыми көзқарастардың эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді. Үшіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс қытай деректерін қазақ ауыз әдебиетімен, шежірелік мәліметтермен және ресейлік мұрағаттық материалдармен салыстыра отырып қолданылды. Төртіншіден, құрылымдық-аналитикалық әдіс тарихи үдерістерді жекелеген оқиғалар тізбегі ретінде емес, саяси және дипломатиялық жүйе тұрғысынан түсіндіруге бағытталды. Зерттеу жұмысы қазақ, қытай және маньчжур тілдеріндегі дереккөздерді параллель пайдалану арқылы жүргізілді. Мұндай тәсіл қазақ–жоңғар соғыстарының тарихи бейнесін біржақты түсіндіруден сақтап, мәселені кешенді әрі көпқырлы түрде талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Абдиләшім Дүйсенәлі өзінің «Қытай императорының қазақ сұлтанына жолдаған жарлығының тарихи маңызы» атты еңбегінде жоңғар мемлекетінің жойылуын қазақ–Қытай қатынастарының жаңа деңгейге көтерілуіне шешуші әсер еткен фактор ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, жоңғарлардың саяси сахнадан кетуі мен Қазақ хандығының Цин патшалығымен ресми дипломатиялық байланыс орнатуы өзара тығыз байланысты тарихи үдеріс болды. Осы үдерістің нақты басталуын зерттеуші 1757 жылмен байланыстырады. Бұл кезеңде Абылай хан бастаған қазақ елшіліктерінің Аягөз бойында Цин өкілдерімен келіссөздер жүргізуі және дәл сол жылдан бастап Бейжіңге ресми елшілердің жіберіле бастауы маңызды

саяси оқиғалар ретінде көрсетіледі. Абдиләшімнің тұжырымы бойынша, қазақ – жоңғар соғыстары аяқталғаннан кейін аймақта қалыптасқан саяси вакуумды қазақ билеуші элитасы тиімді пайдалана алды. Жоңғар қаупі жойылған соң қазақтың шығыс бөлігі, әсіресе Тарбағатай, Іле және Ертіс өңірлері Абылай, Әбілмәмбет және Әбілпейіз бастаған хандар мен сұлтандардың билігіне өтті. Бұл жағдай қазақ дипломатиясының бұрынғы «қорғаныс режимінен» біртіндеп «инициатива режиміне» көшуіне мүмкіндік берді. Зерттеушінің пайымдауынша, бұрын жоңғар шапқыншылығынан қорғануға мәжбүр болған қазақ билеушілері енді халықаралық қатынастар жүйесінде өз саяси ұстанымын дербес қалыптастырып, белсенді әрекет ете бастады. Бұл өзгеріс қазақ хандығының сыртқы саяси мәртебесінің күшеюімен қатар жүрді (Абдиләшім, 2024: 11 – 12). Автор сондай-ақ жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақ мемлекеттілігінің дамуына әсер етіп қана қоймай, Қытай архивтерінде қазақтарға қатысты деректердің айтарлықтай көбеюіне де ықпал еткенін атап көрсетеді. Мақалада 1757 жылға қатысты қазақ елшіліктерінің Цин патшалығына жолдаған хаттары мен оларға берілген жауаптар арнайы талданып, бұл құжаттардың деректанулық тұрғыдан аса құнды екені көрсетіледі. Аталған материалдарда жоңғар кезеңіне тән саяси терминдер мен дипломатиялық мәртебелердің айқын көрініс табуы олардың тарихи маңызын арттыра түседі. Абдиләшім бұл тұжырымдарын одан әрі дамыта отырып, Сагучи Тору мен Нода Джин сияқты жапон зерттеушілерінің еңбектерімен байланыстырады. Осы арқылы жоңғар мәселесінің тек қазақ–жоңғар соғыстарының тарихымен шектелмей, XVIII ғасырдағы Орталық Азиядағы кең ауқымды геосаяси трансформацияның құрамдас бөлігі болғанын көрсетеді. Қазақтың шығыс шекараларының қайта орнығуы және бұрын жоңғарлар билік еткен аймақтардың Қазақ хандығына өтуі империяаралық өңірлік тепе-теңдіктің өзгергенін айқын аңғартады. Абдиләшімнің қорытындысына сәйкес, жоңғар қаупі жойылғаннан кейін қазақ–Цин қатынастары жаңа сипат алып, қазақ хандығының сыртқы саяси салмағы едәуір күшейді. Бұл тұрғыда Абылай ханның тұлғасы қазақ мемлекеттілігін сақтап қалған әрі оның аумақтық және саяси мүмкіндіктерін кеңейткен негізгі фактор ретінде бағаланады. Автордың бұл пікірі қытай деректерімен дәйектеледі, өйткені жоңғар мемлекеті жойылмайынша қазақ хандығы толыққанды дипломатиялық субъект ретінде әрекет ете алмаған, ал жоңғарлардың саяси кеңістіктен кетуі қазақ билігіне жаңа мүмкіндіктер ашты (Абдиләшім, 2024: 2, 11 – 12). Ал Абдиләшім Дүйсенәлінің тағы бір еңбегі «The Study of a Kazakh Document in Chinese Archives Related to Khankhoja Sultan's Cattle Trade and Its Historical Significance» атты мақаласында жоңғар мемлекетінің жойылуынан кейінгі кезеңдегі Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы саяси-экономикалық қатынастарды бір нақты құжат негізінде талдайды. Мақала кіріспесінде автор жоңғарлар жойылғаннан кейін Абылай мен Әбілпейіз билеген шығыс қазақ бөлігінің Цяньлун императормен ресми дипломатиялық байланыс орнатқанын атап өтеді, мұнда 1757 жыл «сиыр жылы» ретінде қазақ құжаттарында жиі аталып, дәл осы жылы Кенжеқара бастаған қазақ елшілігінің Бейжіңге барып қайтуы екі жақты қатынастардың жаңа кезеңін ашқан ерекше оқиға ретінде сипатталады. Осы елшіліктің сәтті аяқталуы нәтижесінде қазақтар мен Цин арасындағы сауда байланыстары жанданып, 1758 жылы Үрімжіде, 1761 жылы Іле (Құлжа) өңірінде, 1764 жылы Тарбағатайда жәрмеңкелер ашылып, қазақ – қытай тауар айырбасы жүйелі сипат ала бастағаны көрсетіледі (Abdilashim, 2023: 40 – 44). Бұл үдеріс жоңғарлардың саяси сахнадан кетуімен тікелей байланысты жаңа геосаяси жағдайдың қалыптасуын білдірді, нәтижесінде қазақ даласы Цин империясымен тікелей сауда-дипломатиялық қатынас орнатқан негізгі аймақтық күштердің біріне айналды. Мақаланың негізгі өзегі XVIII ғасырдың соңында Шығыс қазақ даласын билеген Ханқожа сұлтанның Тарбағатайдағы циндік шенеуніктерге, яғни амбандарға жолдаған хаты болып табылады. Автор бұл құжаттың түпнұсқасы Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталғанын және оның микрофильм нөмірі 145: 2979 – 2981 екенін нақты көрсетеді (Abdilashim, 2023: 40 – 44). Хат көне жазба қазақ тілінде жазылған, тілі қарапайым болғанымен мазмұны терең әрі деректік тұрғыдан аса құнды, себебі онда қазақтардың мал саудасы, Цин билігімен қарым-қатынасы және қазақ–қырғыз жанжалы туралы

маңызды мәліметтер қамтылған. Құжат мәтінінен қазақтардың Құлжа жәрмеңкесіне мал айдап апару барысында жолда қырғыздардың тонауына ұшыраудан қауіптенгені, сондықтан малды Тарбағатай жәрмеңкесінде сатып, қауіпсіздікті жергілікті цин билігінен сұрағаны айқын аңғарылады. Ханқожаның 800 қой мен 3 сиырды Тарбағатайда саудалап, үлкен ұлы Жанқожаны сауда жетекшісі ретінде жіберуі, ал Құлжаға тікелей барудан бас тартуын қырғыз шабуылдарымен байланыстыруы қазақ даласының ішкі және шекаралық қауіпсіздік ахуалын, сондай-ақ сауда жолдарының нақты географиясын ашып көрсетеді. Абдиләшім одан әрі қазақ – қырғыз қатынастарының қытай деректерінде қалай бейнеленгеніне назар аударады, атап айтқанда, Цин жазбаларында қырғыздардың «шығыс» және «батыс» қырғыз деп бөлінетіні және қазақтармен қақтығыстардың көбіне Жетісу мен шығыс өңірге тән болғаны көрсетіледі. 1765 жылдан кейін қазақ жасақтары мен қырғыз арасындағы қақтығыстардың жиілеуі қазақтардың Құлжа бағытымен қауіпсіз жүріп-тұруына елеулі кедергі келтіргені де деректер арқылы дәлелденеді. Автор келтірген материалдарда Ханқожаның Цин билігіне қырғыз жолының қауіпті екенін айтып, балаларды оқытатын молданы да аман жеткізе алмай отырғанын, сондықтан жол қауіпсіздігін Цин қарауылдарының қамтамасыз етуін сұраған өтініші қазақ билеушілерінің Цин әкімшілігінен нақты әскери-қорғаныстық қолдау күткенін айқын көрсетеді. Осылайша, жоңғар шапқыншылығынан кейін қазақ даласы үшін жаңа қауіп факторы ретінде қырғыз мәселесінің қытай деректері арқылы ашып көрсетілуі мақаланың маңызды ғылыми нәтижелерінің бірі болып табылады. Зерттеуде автор Ханқожаның хатын жан-жақты талдау үшін тарихи және деректанулық әдістерді, сондай-ақ мәнжу және қытай тілдеріндегі түпнұсқа материалдарды қатар қолданғанын атап өтеді, нәтижесінде XVIII ғасырдағы қытай жазба деректерінен және мәнжу тіліндегі құжаттардан қазақ елшілері мен билеушілерінің есімдері, лауазымдары, Тарбағатай мен Іле өңіріндегі цин әкімшілігінің құрылымы, жәрмеңкелердің ашылу уақыты мен географиясы нақты анықталады. Хатта кездесетін «амбан», «ван», «ұлы жәрмеңке», «Құлжа саудасы» секілді терминдер мәнжу-қытай баламаларымен салыстырылып, «амбан», «батур амбан» атауларының мәнжу тіліндегі түбірлері, мысалы *hebei amban* және *meigen i janggin* ұғымдары арқылы түсіндірілген. Осы тәсіл арқылы Абдиләшім қазақ жазба деректеріндегі лауазым атауларының Цин бюрократиялық жүйесіне қалай бейімделгенін көрсетеді. Автордың қорытындысына сәйкес, жоңғар мемлекеті жойылғаннан кейін қазақ билеушілері Цин империясымен тікелей дипломатиялық және сауда қатынастарын орнатып, ал сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қазақ – қырғыз қақтығыстарымен тығыз байланысты болған. Ханқожаның Тарбағатай амбандарына жолдаған бұл хаты қазақ – Цин экономикалық байланыстарының нақты жұмыс істеу механизмін, яғни жәрмеңкелердің қызметі, мал саны, сауда бағыттары мен қауіпсіздік сұрауларын айқын көрсететін алғашқы нақты құжаттардың бірі ретінде бағаланып, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қазақ жазба тілін, көне орфографияны және саяси терминологияны зерттеу үшін аса маңызды дереккөз болып табылады (Abdilashim, 2023: 40–44).

Жапон зерттеушісі Хироюки Нагаминэ өз зерттеуінде «К вопросу о взаимоотношениях между Казахскими ханствами, Цинской и Российской империями» атты еңбегі арқылы XVIII ғасырдың орта шенінде қазақ хандығының Қытаймен байланыстары жоңғар мемлекетінің жойылуынан кейін жаңа деңгейге көтерілгенін айқын көрсетеді (Нагаминэ, 2021: 210 – 213). Автордың айтуынша, жоңғар қауіпінің жойылуы қазақтарды бұрынғыдай өз тағдырын тек Ресейдің көмегімен шешуге тәуелді етпей, Цин империясымен тікелей дипломатиялық қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Нагаминэ атап өткендей, Абылайдың 1757 жылы Цяньлун императорына жолдаған хаты екіжақты дипломатияның басталғанының айқын белгісі болып табылады. Бұл хатта Абылай өзін «Великого эджена», яғни Цин билеушісінің «альбату» – саяси бағыныштысы ретінде көрсетеді, алайда Нагаминэ бұл жағдайды жоңғарлар жойылғаннан кейінгі қазақтардың әлсіреуінің белгісі ретінде емес, керісінше саналы түрде таңдалған маневрлік дипломатиялық тактика ретінде түсіндіреді. Автордың пайымдауынша, қазақ

билеушілері Цин империясына бейбіт ниетті дипломатиялық риторика арқылы көрсетіп, іс жүзінде өз саяси дербестігін сақтап қалуға және жоңғарлардан босаған аумақтарды иеленуге ұмтылған. Бұл тұжырымды негіздеу үшін Нагаминэ мәнжу тіліндегі «Запись об умиротворении Джунгара (平定準噶爾方略)» атты дерекке сүйенеді, онда Абылайдың Цинге қатысты ұстанымы нақты сипатталған. Зерттеуші қытай тіліндегі аудармаға емес, түпнұсқа мәнжу мәтініне жүгінеді, себебі дәл осы нұсқада саяси-ұғымдық реңктер бұрмаланбай сақталған. Мәнжу мәтінінде Абылай Цин билеушісіне «альбату» ретінде адалдығын білдіргенімен, Цин әкімшілігінің қазақтарға қатысты жүргізген «цзими» («узды-бос») саясаты қазақтарды толық «цзун-фань» вассалдары ретінде емес, жартылай автономды шекаралық серіктес ретінде қарастыруға мүмкіндік бергені көрсетіледі (Нагаминэ, 2021: 210 – 213). Нагаминэ жоңғар мәселесінің қазақ тарихындағы орнын талдай отырып, жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақтардың Қытаймен қатынасын жанама емес, тікелей дипломатиялық байланыс деңгейіне шығарғанын дәлелдейді. Осы кезеңнен бастап қазақ дипломатиясы Ресей мен Цин империялары арасында тең дәрежелі маневр жүргізе бастады, ал бұл құбылысты автор «двусторонняя дипломатическая политика» ұғымы арқылы сипаттайды. Қазақ хандары, әсіресе Абылай, Ресеймен хат алмасуда өздерін дербес қазақ билеушілері ретінде таныстырса, Цин империясына жолданған хаттарда «альбату» терминін қолдану арқылы саяси риториканың екі түрлі форматын шебер пайдаланды. Жоңғарлар жойылғаннан кейін қазақ даласы Қытаймен шекаралас өңірлерде нақты саяси ықпалға ие болып, Тарбағатай мен Іле бойындағы жайылымдар қазақтардың мал шаруашылығы үшін аса маңызды кеңістікке айналды, ал Цин әкімшілігі бұл аумақта «карун» бекеттерін орналастырып, қазақтарды өз бақылау кеңістігіне біртіндеп енгізе бастады. Бұл үдерісті Нагаминэ «территориялық принцип» пен «жеке (личный) принцип» арасындағы күрес ретінде сипаттай отырып, қазақтардың бір жағынан аумақтық ықпалын сақтауға, екінші жағынан Циннің әкімшілік бақылауын шектеуге ұмтылғанын көрсетеді (Нагаминэ, 2021: 210 – 213). Зерттеуші бұл еңбегінде жоңғар факторының қазақ тарихындағы маңызы тек әскери сипатта ғана емес, сонымен қатар терең дипломатиялық-саяси салдарлары болғанын дәлелдейді. Оның қорытындысы бойынша, жоңғар мемлекетінің жойылуы қазақтардың Цин империясымен тікелей қарым-қатынас орнатуына жол ашып, ал осы кезеңде жүргізілген көпвекторлы дипломатия қазақ мемлекеттілігінің өміршеңдігін сақтаудың тиімді тарихи механизміне айналды. Қазақ хандары жоңғарлардан кейін бодан халық деңгейіне түспей, Цин мен Ресей сияқты ірі державалармен тең дәрежелі дипломатиялық диалог жүргізе алды, ал Нагаминэ үшін бұл құбылыс XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ саяси мәдениетінің жоғары деңгейін айқын дәлелдейтін фактор болып табылады.

Ци Гуан өзінің «1727 – 1745 жылдардағы жоңғарлар мен қазақтардың соғысы» атты мақаласында қазақ – жоңғар қатынастарының әскери сипатын Цин патшалығы кезеңіндегі мәнжу және қытай тілдеріндегі ресми деректер негізінде жан-жақты талдайды. Автордың көрсетуінше, жоңғар билеушісі Галдан-Цэрэн тұсында (1727–1745) жоңғарлардың қазақтарға қарсы жүргізген әскери әрекеттері кездейсоқ сипатта болмаған, керісінше нақты геосаяси және стратегиялық жоспарға бағынған. Осы кезеңді Ци Гуан жоңғарлардың қазақтарға қарсы қолданған «екі бағытты соғыс тактикасы» ретінде сипаттайды: шығыстан Алтай бағыты арқылы, ал батыстан Балқаш пен Қаратау өңірі арқылы қысым жасау. 1733 жылы жоңғарлардың қазақтарға қарсы шамамен 10 000 әскермен ірі жорық ұйымдастырғаны туралы автор нақты әскери деректер келтіреді: Манджы-тайшы басқарған негізгі күш Іле өзені бойында шоғырланып, мұз қатқан Балқаш арқылы өтіп, қазақ жеріне оңтүстіктен соққы бергені, ал қосымша 3000 адамдық әскери бөлімнің Алтай бағытында резервте тұрғаны көрсетіледі (齐光, 2023: 14 – 15). Бұл мәліметтердің барлығы мәнжу тіліндегі «清代新疆满文档案汇编» атты архивтік құжаттар жинағынан алынған. Аталған деректер қазақ жағының әскери жағдайын сипаттауда да айқын дәлелдер береді: дәл осы жылдары қазақтардың мал-жайылымдарын шығыс өңірлерге көшіруінің негізгі себебі жоңғар әскери қысымы болғаны көрсетіледі. Ци Гуан өз еңбегінде 1731–1733 жылдары қазақ жасақтарының жоңғар аумағына жасаған қарсы

шабуылдарын да нақты деректер арқылы баяндайды, атап айтқанда, қазақтардың жоңғардың батыс шекарасынан 300 – 1000 отбасыны қолға түсірген жағдайлары көрсетіледі (齐光, 2023: 14 – 15). Автор бұл шабуылдардың әскери кеңістік пен суармалы аймақтарды бақылауға алу мақсатын көздегенін атап өтеді. Осы тұрғыда жоңғар – қазақ қақтығыстары «шапқыншылық пен қарсы шапқыншылыққа» негізделген қайталама әскери цикл ретінде сипатталады. Ци Гуан жоңғарлардың әскери артықшылықтарын бірнеше фактор арқылы түсіндіреді: біріншіден, орталықтанған әскери-басқару жүйесінің болуы; екіншіден, тұрақты әскери элитаның, яғни тәжірибелі қолбасшылардың қалыптасуы; үшіншіден, Алтай – Іле – Жоңғар қақпасы арқылы қалыптасқан қолайлы географиялық қорғаныс аймағы. Автор өз еңбегінде: «准噶尔的地形有利于展开军事防御; 而哈萨克的广大地区都是丘陵不利于防御» деп жаза отырып, жоңғар жерінің қорғанысқа қолайлы екенін, ал қазақ даласының кең әрі ашық болғандықтан қорғауға қиын аймақ екенін көрсетеді (齐光, 2023: 15–16). Сонымен қатар, Ци Гуан қазақ әскерінің әлсіз тұстарын да нақтылап өтеді: халық санының салыстырмалы түрде аздығы, әскери жасақтардың шашыраңқы орналасуы, жедел мобилизацияның қиындығы және тұрақты әскери-басқару орталығының болмауы қазақтардың қорғаныс мүмкіндігін шектеген (齐光, 2023: 17). Осы себептерге байланысты қазақ жасақтары көбіне қорғаныштық стратегия ретінде кеңістіктік шегінуді қолданған, ал соғыс жылдарындағы «ұзақ көші-қон маневрі» автор тарапынан әскери ауытқу техникасы ретінде түсіндіріледі. 1732 жылғы қысқы шайқасқа қатысты дерек те ерекше мәнге ие: жоңғарлар қазақтардың батыс-солтүстік аймағына қыс мезгілінде тұтқиыл шабуыл жасап, мал мен бейбіт халықты олжалауға тырысқан, бұл жоңғарлардың «қыста соғу» тактикалық артықшылығын айқын көрсетеді, себебі дәл осы кезеңде қазақтардың малы әлсіреп, көшіп-қонуы шектеліп, әскер жинау мүмкіндігі төмендеген (齐光, 2023: 18). Еңбектің маңызды ғылыми жаңалығы қазақ – жоңғар соғыстарын тек әскери қақтығыс ретінде емес, саяси мәні бар құбылыс ретінде бағалауында көрінеді: автордың көрсетуінше, жоңғарлар Галдан-Цэрэн билігін заңдастыру мақсатында әскери жорықтарды пайдаланса, қазақтар көрші тайпаларды өз ықпалына тарту арқылы саяси кеңістігін кеңейтуге ұмтылған (齐光, 2023: 13). Осы тұста Ци Гуан Клаузевицтің «соғыс – саясаттың басқа құралдармен жалғасуы» деген тұжырымын дәйек ретінде келтіре отырып, жоңғар–қазақ соғыстарының терең саяси астарын ашады. Қорытындылай келе, Ци Гуанның зерттеуі қытай архивтік материалдары негізінде қазақ – жоңғар соғыстарының әскери хронологиясын, қақтығыстар географиясын, әскер саны мен қозғалыс бағыттарын, сондай-ақ стратегиялық ойлау принциптерін нақты фактологиялық деңгейде көрсетеді. Бұл еңбек қазақ – жоңғар соғыстары туралы қытай деректеріне тікелей сүйеніп жазылған ең толық әрі дәл зерттеулердің бірі болып табылады (齐光, 2023: 18–19).

吴宏伟 мен 张昱 жазған «部落传统与哈萨克斯坦当代社会» («Рулық дәстүр және қазіргі Қазақстан қоғамы») атты еңбекте қазақ – жоңғар қатынастары қарастырылған тарихи контекст қазақ қоғамының этникалық бірлігі мен әлеуметтік құрылымының қалыптасуына тікелей әсер еткен маңызды фактор ретінде ашылады. Авторлар қазақ – жоңғар соғыстарын жай ғана әскери қарсыласу ретінде емес, қазақ қоғамындағы этносаяси эволюцияның қозғаушы күші ретінде бағалайды. Еңбектің үшінші бетінде жоңғарлар мен қазақтардың қарым-қатынасы XV ғасырдың ортасынан басталатыны көрсетіліп, жоңғар–қазақ қатынастары XVIII ғасырмен ғана шектелмейтіні дәлелденеді; авторлар бұл екі тараптың ұзақ уақыт бойы «жауынгерлік бәсекелес» ретінде қалыптасқанын атап өтеді. Осы тұста тайпалық және рулық идентификацияның қалыптасуында сыртқы жаумен күрестің шешуші рөл атқарғаны көрсетіледі (吴宏伟, 张昱, 2014: 3). Аталған еңбекте 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» кезеңіне ерекше назар аударылып, жоңғар шапқыншылығы қазақ даласына тек әскери шығын әкеліп қана қоймай, сонымен қатар қазақтардың жаппай көші-қонына, рулық құрылымдардың қайта топтасуына себеп болғаны айтылады; бұл үдеріс халық үшін зор трагедия бола отырып, бір мезгілде қазақ этникалық бірлігінің күшеюіне алғышарт жасаған тарихи сәт ретінде түсіндіріледі (吴宏伟, 张昱, 2014: 3). Еңбектің төртінші бетінде қазақтардың жоңғарларға қарсы ұйымдасқан қарымта әрекеттері талдана отырып, қазақ қоғамындағы ішкі

консолидацияның күшеюі, әсіресе Абылай ханның саяси және әскери рөлінің артуы ерекше атап өтіледі. Осы кезеңде қазақ рулары арасындағы бытыраңқылықты еңсеруге бағытталған қадамдар күшейіп, сыртқы жауға қарсы ортақ әскери құрылым қалыптастыруға ұмтылыс байқалды; нәтижесінде қазақ жүздері арасындағы саяси-әлеуметтік байланыстар нығайып, біріккен стратегиялық әрекеттер жүзеге асырыла бастады (吴宏伟, 张昱, 2014: 4). Авторлар жоңғар соғыстарының қазақ этникалық өзіндік санасының қалыптасуына және біртұтастық сезімінің артуына шешуші ықпал еткенін ерекше атап көрсетеді, өйткені қазақтар үшін жоңғармен күрес тек аумақ үшін тартыс емес, этностық өмір сүру үшін жүргізілген күрес ретінде қабылданды; осы соғыс жылдарында қалыптасқан «ортақ жауға қарсы бірлік» қазақ этносының тұтастығын сақтаудың тарихи механизмі ретінде бағаланады. Сонымен қатар еңбекте жоңғар мемлекетінің Цин империясы тарапынан талқандалуы қазақтардың геосаяси жағдайын түбегейлі өзгертіп, қазақ – Цин қатынастарының тікелей басталуына жол ашқаны көрсетіледі: 1755–1758 жылдар аралығындағы жоңғардың күйреуі қазақтар үшін жаңа геосаяси кеңістік қалыптастырып, бұрын жоңғарлар иеленген жайылымдарды қайта игеруге мүмкіндік берді және Цин империясымен дипломатиялық байланыстардың кеңеюіне негіз қалады (吴宏伟, 张昱, 2014: 5). Еңбектің қорытындысында авторлар жоңғар шапқыншылығы қазақ қоғамының бірлігіне кері әсер етпегенін, керісінше сыртқы қысым рулық бөлінуді әлсіретіп, этникалық бірігуді күшейткенін, әскери қақтығыстар ұлт ретінде өзін тану сезімін арттырғанын және ортақ саяси тағдыр туралы түсініктің қалыптасуына ықпал еткенін дәлелдейді; бұл тұжырым зерттеудің негізгі ғылыми қорытындыларының бірі ретінде ұсынылады.

А.А. Халымбетова мен Ж.А. Калыгулованың «Историография борьбы казахского народа с джунгарским нашествием (XVII – XVIII вв.)» атты еңбегінде қазақ – жоңғар соғыстарының зерттелу тарихы кезеңдік жүйе негізінде талданады. Авторлар ең алдымен дореволюциялық кезеңдегі зерттеулерге тоқталып, бұл уақытта қазақ – жоңғар соғыстары туралы деректердің негізгі бөлігін халық ауыз әдебиеті, жыр-дастандар, шежірелік материалдар мен эпостық сипаттағы дереккөздер құрағанын атап өтеді (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 121 – 122). Осы тұрғыда олар М. Тынышбаевтың еңбектерін ерекше бөліп көрсетіп, «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын халықтық тарихи жадтың өзегіне айналдыру арқылы қазақ қоғамындағы тарихи сананың қалыптасуына елеулі үлес қосқанын көрсетеді. Бұл кезеңдегі еңбектерде қазақ – жоңғар соғыстары тек әскери сипаттағы қақтығыс ретінде ғана емес, қазақ халқының саяси тағдырын және рухани дамуын айқындаған маңызды тарихи фактор ретінде қарастырылғаны байқалады (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 121). Кеңестік кезеңге қатысты авторлар қазақ – жоңғар тарихнамасының бұл дәуірде қатты идеологияланғанын дәлелдейді. Кеңес тарихшылары қазақтардың жоңғарларға қарсы күресін көбіне Ресей империясының «өркениеттік миссиясымен» байланыстырып, отарлық сипаттағы нарративті үстем еткенін көрсетеді. Осы кезеңде қазақтың ұлттық батырлары - Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай секілді тарихи тұлғалардың рөлі әдейі төмендетіліп, олардың тарихи маңызы екінші қатарға ығыстырылғаны атап өтіледі (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 122). Сонымен қатар, қазақ – жоңғар соғыстары бұл дәуірде қазақ халқының дербес ұлттық-азаттық күресі емес, «Ресейдің қорғауына ұмтылу» ретінде түсіндірілгені көрсетіледі, ал авторлар мұндай интерпретацияның ғылыми негізсіз екенін және оның отаршыл көзқарастың көрінісі екенін дәлелдейді (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 122). Посткеңестік кезеңде, зерттеушілердің пайымдауынша, қазақ – жоңғар соғыстары мәселесін зерделеуде түбегейлі өзгерістер орын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі еңбектерде бұл соғыстар ұлттық тарихтың өзекті мәселелерінің біріне айналып, қазақ халқының этникалық және саяси бірлігін нығайтқан, ұлт ретінде өзін-өзі қорғау қабілетін арттырған шешуші тарихи кезең ретінде бағалана бастады (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 123 – 124). Осы бөлімде авторлар қытай дереккөздерінің, әсіресе Цин әулетінің жылнамалары мен мәнжу тіліндегі құжаттардың маңызына ерекше тоқталып, олардың қазақ–жоңғар қатынастарын барынша объективті түрде көрсетуге мүмкіндік беретінін атап өтеді, алайда бұл материалдардың ғылыми айналымға

әлі де жеткілікті деңгейде енгізілмегенін көрсетеді (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 122). Еңбектің маңызды ғылыми нәтижелерінің бірі - қазақ – жоңғар соғыстарының тарихнамалық бейнесі қазақ қоғамының өзін-өзі тану деңгейіне қарай өзгеріп отырғанын көрсетуінде. Егер кеңестік кезеңде бұл соғыс сыртқы күштердің ықпалымен түсіндірілсе, қазіргі зерттеулерде ол ұлттық болмысты сақтап қалуға бағытталған ішкі тарихи үдеріс ретінде қарастырылады (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 129). Авторлар қазақ – жоңғар соғыстарының тек жазба деректерде ғана емес, халықтың тарихи санасында, ауыз әдебиетінде, мәдени жадында және эпостық дәстүрде ұжымдық тарихи жадының ажырамас бөлігі ретінде сақталғанын да ерекше атап өтеді (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 125–126). Қорытындылай келе, Халымбетова мен Калыгулованың пікірінше, қазақ–жоңғар соғыстары мәселесі толық зерттеліп болған тақырып емес, керісінше қазіргі кезеңде қайта жанданып, жаңа деректер мен әдіснамалық тәсілдер арқылы тереңдей түскен зерттеу бағыты болып табылады; алдыңғы буын ғалымдарының еңбектері қайта қарастырылып, тың архивтік материалдар ғылыми айналымға енгізіліп жатқан бұл үдеріс болашақ зерттеулер үшін кең мүмкіндіктер ашып отыр (Халымбетова, Калыгулова, 2024: 129).

Ма Цзыму (马子木) өзінің «乾隆朝初通巴达克山考 – 兼论准噶尔遗产与清朝中亚外交之初建» атты зерттеуінде жоңғар мемлекетінің саяси мұрасы мен оның Цин империясының Орта Азиядағы сыртқы саясатына, соның ішінде қазақ – Цин қатынастарының қалыптасуына тигізген ықпалын жан-жақты талдайды. Мақаланың кіріспесінде автор 乾隆 дәуірінің орта шенінде, яғни 1750-жылдардың ортасында Цин билігінің Бадахшанға (巴达克山) қатысты мәселелерге араласуы арқылы Батыс Памир аймағында жаңа саяси-дипломатиялық кеңістікке шыққанын көрсетеді, Бадахшан билеушісі Сулетаншамен (苏勒坦沙) жүргізілген келіссөздер барысында Цин империясы Батыс Памирде билік пен ақпараттық желіні қалыптастырып, осы негізде Орта Азия елдерімен жүйелі дипломатиялық байланыс орнатуға кіріскенін атап өтеді (马子木, 2017: 347). Автордың басты тезисі – Цин империясы Орта Азияға тікелей шыққан кезде дайын «үлгі» ретінде жоңғар мемлекетінің саяси-мәдени тәжірибесіне сүйенгені болып табылады, себебі жоңғар хандығы (准噶尔汗国) Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігін (天山南北路) ұзақ уақыт бойы билеп, географиялық тұрғыдан Цин мен Батыс Памир арасындағы аралық кеңістікті иеленген және осының нәтижесінде оның саяси мәдениеті екі өркениеттік әлемді жалғаушы делдал қызметін атқарған (马子木, 2017: 347). Осыған байланысты Цин билігі Орта Еуразияда өзін жоңғар мемлекетінің «жеңімпазы әрі мұрагері» ретінде танытып, жоңғар кадрларын, тілдік ресурстарын, саяси логикасы мен терминологиясын өз дипломатиялық тәжірибесіне белсенді енгізгені көрсетіледі (马子木, 2017: 347). Ма Цзыму жоңғарды тек «жойылған қарсылас» емес, Цин үшін Орта Азияға шығатын саяси көпір ретінде қарастырады, өйткені жоңғар хандығының билік жүргізу жүйесі, шекаралық әкімшілік тәжірибесі және дипломатиялық кодтары Цин үшін дайын басқару моделі қызметін атқарды, ал Тянь-Шаньның екі бетінде ұзақ уақыт үстемдік етуі оның саяси мәдениетін Цин мен Батыс Памир, сондай-ақ Орта Азия арасындағы аралық медиаторға айналдырды (马子木, 2017: 347). Зерттеудің келесі бөлімдерінде автор Цин империясының Батыс Памир мен оған іргелес аймақтарда билік желісін қалай құрғанын және бұл үдерісте жоңғар мұрасының қандай рөл атқарғанын нақты архивтік материалдар негізінде көрсетеді, жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Цин билігі Орта Азиядағы түрлі саяси құрылымдармен, соның ішінде қазақтармен, Қоқан билеушілерімен, Бадахшан және өзге де мұсылман әмірліктерімен біртіндеп дипломатиялық қатынастар орната бастағанын атап өтеді. 乾隆 дәуірінің 20-жылдарының басында, шамамен 1755 жылы, Цин билігі алдымен солтүстік бағытта – Жоңғария мен қазақ даласы аумағында – дипломатиялық желіні кеңейтіп, 定北将军 Банди арқылы қазақ (哈萨克) билеушілеріне елшілер жіберіп, Абылай типіндегі хандармен байланыс орнатқаны және көп ұзамай тұрақты сауда тетіктері қалыптасқаны көрсетіледі (马子木, 2017: 362). Ма Цзымудың пайымдауынша, жоңғар мемлекетінің күйреуі қазақтар үшін жаңа геосаяси кеңістік ашты, Цин әскерлері жоңғар аумағын толық бағындырғаннан кейін бос қалған өңірлерге қазақ рулары қайта

қоныс аударып, Жетісу мен Шығыс Қазақстандағы ықпалын күшейтті, ал Цин билігі бұл үдерісті мұқият бақылап, қазақтармен тікелей дипломатиялық қатынастарды кезең-кезеңімен қалыптастыра бастады (马子木, 2017: 362). Осындай жағдайда жоңғар дәуірінен қалған шекаралық-басқарушылық тәжірибе Цин үшін аса пайдалы болды, себебі қазақтарды қабылдау, олармен келіссөз жүргізу, шекаралық сауда мен көш-қонды реттеу барысында жоңғар кезеңінің әкімшілік-дипломатиялық үлгілері кеңінен қолданылды (马子木, 2017: 362). Автор Циннің Орта Азиядағы саяси қарым-қатынастары Шығыс Азияға тән классикалық «вассал – сюзерен» (朝贡 / 宗藩) моделінен өзгеше болғанын атап өтіп, бұл айырмашылықты «主仆» – ejen – albatu («ие – қызметші») жүйесі арқылы түсіндіреді, яғни Бадахшан, Вахан және өзге де Памир аймақтарымен, сондай-ақ қазақтармен және басқа түркі-мұсылман құрылымдарымен қатынаста Цин классикалық вассалдық үлгіні емес, өзара жауапкершілікке, саяси міндеттерге, әскери көмекке, сауда мен шекара қауіпсіздігіне негізделген прагматикалық модельді қолданған (马子木, 2017: 347; 362). Ма Цзыму маньчжур тіліндегі «录副奏折», «满文寄信档», «清高宗实录» секілді ресми құжаттарды, сондай-ақ парсы және түркі тілдеріндегі материалдарды қатар пайдалана отырып, Цин мен Бадахшан арасындағы келіссөздердің динамикасын, жоңғардан кейінгі билік вакуумының қалай толтырылғанын және Циннің Батыс Памирде билік пен ақпарат желісін қандай саяси тіл арқылы құрғанын көрсетеді (马子木, 2017: 362; 387). Зерттеудің қорытындысында автор жоңғар мұрасын Циннің Орта Азиядағы дипломатиясын түсіндіруде «монғолдық әмбебаптықтың» жалғасы ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз екенін айтып, Цин билігінің жоңғар мұрасын кадрлар, тіл, саяси терминология мен басқару логикасы деңгейінде прагматикалық түрде пайдаланып, уақыт өте келе маньчжур және қытай (хань) саяси-мәдени дәстүрлерін күшейткенін дәлелдейді, осылайша жоңғар мұрасы бастапқы кезеңде тиімді «аралық құрал» қызметін атқарғанымен, Циннің Орта Азиядағы билік тәсілі біртіндеп көпқабатты әрі көпмәдениетті құрылымға айналғанын көрсетеді (马子木, 2017: 387).

Фэн Хуэй (冯晖) өзінің «清朝与准噶尔汗国关系再探讨» атты зерттеуінде қазақ – жоңғар соғыстары мен жоңғар факторын Орталық Азиядағы саяси кеңістіктің фундаменталды элементі ретінде қарастырады. Автор жоңғар мемлекеттілігінің қалыптасуы мен күшеюі қазақ даласы үшін ұзақ мерзімді тұрақсыздық көзі болғанын атап өтіп, XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың ортасына дейін қазақтардың жоңғар экспансиясына үздіксіз қарсы тұрғанын, ал жоңғар шапқыншылығы қазақ даласының этнодемографиялық құрылымына тікелей әсер еткенін көрсетеді (冯晖, 2018: 19). Фэн Хуэй жоңғар билігінің саяси тілін, әскери терминологиясын және дипломатиялық практикасын талдай отырып, жоңғарлардың қазақты әскери тұрғыдан әлсірету үшін жүргізген жүйелі экспансиясын «准噶尔进逼与草原控制策略» деп атайды, бұл саясаттың өзегі жайылымдық кеңістікті тарылту, көші-қон жолдарын шектеу және қазақ руларының ішкі бірлігін бұзу болғанын дәлелдейді (冯晖, 2018: 20). Зерттеуде жоңғарлардың қазақ руларына бағытталған қысымының психологиялық әсері де көрсетіліп, қазақ халқының өзін «өмір үшін күресіп жатқан этнос» ретінде сезіне бастағаны атап өтіледі. Сонымен қатар, Фэн Хуэй қазақ-жоңғар қақтығысын тек этникалық жаулық тұрғысынан ғана емес, Орталық Азиядағы билік үшін күрес контекстінде түсіндіреді және жоңғар мемлекетінің қазақ даласын бақылауды Еуразия кеңістігіндегі саяси гегемонияға апаратын стратегиялық жол ретінде бағалағанын көрсетеді (冯晖, 2018: 14). Автордың маңызды қорытындыларының бірі – Цин империясының қазақ-жоңғар соғыстарын мұқият бақылап отырғаны және жоңғар билігі әлсірей бастаған кезеңде қазақтардың Цин үшін жоңғарға қарсы балама саяси күш ретінде маңызы артқаны туралы тұжырымы болып табылады. Цин құжаттарында қазақтардың «战斗民族» – соғысшы халық ретінде бейнеленіп, жоңғарға қарсы табиғи қарсылас сипатында көрсетілгені айтылады (冯晖, 2018: 14). Фэн Хуэй Цин деректеріне сүйене отырып, қазақтардың жоңғарға қарсы стратегиялық тепе-теңдік құралы ролін атқарғанын дәлелдейді және осы кезеңде қазақ билеушілерінің Цинмен тікелей дипломатиялық байланыс орнатқанын айғақтайтын құжаттар санының күрт

артқанын көрсетеді. Автор жоңғар жойылғаннан кейін қазақ – Цин дипломатиясының « 清 – 哈关系新篇章 » деп сипатталатын жаңа кезеңге өткенін, бұл форматтың салыстырмалы түрде теңгерімді әрі прагматикалық қарым-қатынасқа негізделгенін атап өтеді (冯晖, 2018: 15). Сонымен бірге, Фэн Хуэй жоңғар мемлекетінің күйреуі қазақ мемлекеттілігінің сырттан танылуының күшеюіне алып келгенін көрсетіп, жоңғар ордасы талқандалған соң қазақтардың бұрынғы «жоңғар вассалы» бейнесінен арылып, дербес саяси субъект ретінде қабылдана бастағанын айтады, ал Цин билігі қазақ жерін жоңғардың бұрынғы территориялық мұрасы емес, қазақ билеушілерімен келісім арқылы басқарылатын тәуелсіз кеңістік ретінде қарастыра бастағанын дәлелдейді (冯晖, 2018: 17). Автор жоңғар мұрасының Цин билігіне дайын дипломатиялық модель бергенін ерекше атап өтіп, жоңғарлар қазақтармен қатынаста қолданған кейбір саяси ұғымдар мен терминдердің Цин тарапынан да пайдаланылғанын көрсетеді, соның ішінде « 哈萨克朝贡 », « 疆域划定 », « 互市监管 » сияқты түсініктерді « 准噶尔遗产 » – жоңғар мұрасы ретінде сипаттайды (冯晖, 2018: 18). Қорытындылай келе, Фэн Хуэй қазақ-жоңғар соғысының тарихи нәтижесі қазақ мемлекеттілігінің жойылуына емес, керісінше нығаюына алып келгенін, ал жоңғар мемлекетінің күйреуі қазақ халқы үшін жаңа тарихи дәуірдің басталуына жол ашқанын атап көрсетеді, қазақтар геосаяси тұрғыдан тәуелсіз субъект ретінде көрініп, Цинмен байланысы нығайып, халықаралық аренадағы саяси салмағы артқанын XVIII ғасырдағы қазақ тарихының шешуші кезеңі ретінде бағалайды (冯晖, 2018: 19).

Қазақ – жоңғар қақтығыстары туралы мәліметтер Қытайдың ресми мұрағаттық әскери еңбегі « 平定准噶尔方略 » (Пиндин чжунгар фанлюэ) деректерінде нақты әрі жан-жақты түрде көрініс табады. Аталған деректің 卷首 бөлімінде жоңғар билеушілерінің аймақтық саясаты, олардың көрші этностарға, соның ішінде қазақтарға бағытталған әскери қысымы, жаугершілік ниеті мен экспансиялық әрекеттері сипатталып, қазақтар жоңғар агрессиясының жай құрбаны ретінде емес, керісінше оған қарсы тұрған белсенді әскери-саяси күш ретінде көрсетіледі, себебі жоңғар билеушісі Цэван Арабтанның айналасындағы халықтардың ішінде қазақтар тікелей жау және қарсылас ретінде аталады (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 1). Алдыңғы 前编卷一 бөлімінде бұл тұжырым нақты тілдік формула арқылы бекітіледі: « 其附近哈萨克、布鲁特诸部皆相仇讎 », яғни оның маңындағы қазақтар мен бұруттар (қырғыздар) түгелдей жау деп көрсетіледі, бұл жоңғар-қазақ қатынастарының табиғи әскери-саяси жаулық сипатта болғанын дәлелдейді (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 2). Осы бөлімде келтірілген « 但云向哈萨克出兵 » деген тіркес жоңғар билеушісінің қазақтарға қарсы әскер аттандыруды тікелей жоспарлағанын көрсетіп, қазақ даласына бағытталған соғыс қимылдарының мақсатты әрі жүйелі сипатта болғанын айғақтайды (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 2). 前编卷二 тарауында қазақтар тек қорғанушы тарап ретінде ғана емес, жоңғармен күресте өзге аймақтық күштермен бірлесе әрекет ете алатын әскери-саяси субъект ретінде көрінеді, мұнда « 传檄哈萨克、布鲁特... 即策妄阿喇布坦自来亦可剿灭 » деген жолдар арқылы қазақтар мен бұруттарға үндеу жасалса, тіпті Цэван Арабтанның өзін де жоюға болатыны айтылады, бұл қазақтардың аймақтағы әскери әлеуетінің Қытай сарапшылары тарапынан жоғары бағаланғанын көрсетеді (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 3). Ал 前编卷三 бөлімінде келтірілген « 逆贼阿睦尔撒纳逃往哈萨克 » деген дерек бүлікші Әмүрсананың қазақ даласына қашуын тіркеп, қазақ жерінің жоңғар билігі үшін қол жетпейтін, саяси паналау мүмкіндігі бар дербес кеңістік болғанын айқын көрсетеді (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 4). Осы тарауда сондай-ақ « 途遇哈萨克之兵, 其渠长仰慕天朝, 称臣奉贡 » деген сөйлем арқылы қазақ жасақтарының басшыларының Цин билігіне қатысты прагматикалық сипаттағы лоялдылық танытқаны көрсетіледі, бұл қазақ-қытай қатынастарының тактикалық және реал-саяси негізде қалыптасқанын аңғартады (平定准噶尔方略, XVIII ғ.: 4). 前编卷四 бөлімінде жоңғар билеушісінің тек қазақтарға ғана емес, Ресей мен бұруттарға да қарсы жаулық ұстанымда болғаны « 与俄罗斯、哈萨克、布鲁特皆为讎敌 » деген тіркеспен нақты айтылады, бұл жоңғар мемлекетінің Орталық Азия кеңістігіндегі агрессивті әскери-саяси субъект болғанын және қазақ халқының осы экспансияға қарсы аймақтық қорғаныс әрі қарсылас күш рөлін атқарғанын дәлелдейді (平定准噶尔方略, XVIII

ғ.: 5). Осылайша, « 平定准噶尔方略 » деректері қазақ – жоңғар қақтығыстарының табиғатын айқын көрсетеді: қазақ халқының жоңғарға қарсы күресі эпизодтық немесе кездейсоқ емес, жүйелі, ұзақ мерзімді және аймақтық деңгейдегі тарихи үдеріс болды, қазақтар жоңғарға тек қарсы тұрған қауым ғана емес, белсенді әскери-саяси актор ретінде көрініс тапты, ал Қытайдың ресми деректерінде олардың бұл рөлі нақты әрі бұлтартпас түрде тіркелген.

Қазіргі қытайлық зерттеуші 张建 (Чжан Цзян) XVII – XVIII ғасырлардағы Дөрбет – Жоңғар билеушілерінің саяси өрлеуін қайта қарастырып, әсіресе Цеван Рабдан (策妄阿喇布坦) билігі тұсындағы аймақтық қақтығыстарды жан-жақты талдайды. Бұл еңбектің басты ерекшелігі – қытай және мәнжур тіліндегі әскери архив материалдарын орыс мұрағат деректерімен салыстыра отырып қолдануы, соның нәтижесінде қазақ – жоңғар қатынастарына қатысты бірқатар маңызды мәліметтерді тарихнамалық тұрғыдан қайта бағалауға мүмкіндік береді. Автордың көрсетуінше, Жоңғар хандығы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында аймақтық әскери қуатын едәуір күшейтті: осы кезеңде жоңғар билеушілері әуелі Қобда мен Құлжа өңірлерін бақылауға алып, әскери жорықтарын кеңейту арқылы көрші тайпалармен қақтығыстарды күшейтті, ал қазақтар жоңғар экспансиясының негізгі нысаналарының біріне айналды (张建, 2013: 67). Еңбекте келтірілген деректерде жоңғар билігінің өз әскери әлеуетін күштеп көшіру саясаты арқылы арттырғаны атап көрсетіледі, атап айтқанда, 1691 жылғы жорық барысында Цеван Рабданның Қобда өңіріне келіп, бірқатар тайпалық бірліктерді, соның ішінде қазақтарға туыстас руларды өз иелігіне күшпен әкеткені « 策妄阿喇布坦将噶尔丹的子女人民俱收取 » деген архивтік жолдар арқылы дәлелденеді (张建, 2013: 67). Жоңғар билігінің күшеюі қазақтарды шекаралық аймақтарда тұрақты қоныс қозғалысын жүргізуге мәжбүр етті, ал жоңғарлармен қақтығыстар әсіресе Ертіс, Тарбағатай және Іле өңірлерінде жиі болғаны деректерден жанама түрде байқалады. 1691 – 1702 жылдары жоңғарлардың Енисей қырғыздарын күштеп көшіруі мен өз билігіне бағындыруы туралы мәліметтер келтіріледі, бұл оқиғалардың қазақ руларының дәстүрлі жайылымдары мен көші-қон жолдарына тікелей әсер еткені көрсетіледі (张建, 2013: 75 – 76). Сонымен қатар, зерттеуде жоңғар билеушілерінің әскери стратегиясында қазақ қоғамының ішкі бытыраңқылығын пайдалану, кейбір топтардың уақытша жоңғар жағына өтіп кетуі секілді факторлар да жанама түрде көрініс табады, бұл жағдайлар 1700–1710 жылдардағы жоңғарлардың отырықшы аймақтарға жасаған жорықтары контекстінде талданады (张建, 2013: 74 – 75). Чжан Цзян этнонимдік мәселеге де арнайы тоқталып, қытай деректеріндегі « 吉尔吉斯 » атауының шығу тегі мен мағыналық эволюциясын талдайды: бұл атау Хань дәуіріндегі « 坚昆 » этнонимімен байланысты болып, кейін IX ғасырда Ұйғыр қағанатын талқандаған Енисей қырғыздары арқылы дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар, орыс деректеріндегі «Киргиз / Киргизы» атауының кең мағынада қолданылып, кейде қазақтарды (哈萨克), хакастарды және басқа да түркі халықтарын қамтығанын атап өтеді (张建, 2013: 77). Осыған байланысты, кейбір қытай деректерінде « 吉尔吉斯 » атауының қазақтарға да қатысты қолданылуы орыс жазбаларындағы кең мағыналы этнонимдік дәстүрмен байланысты екені түсіндіріледі. Автордың тұжырымы бойынша, XVIII ғасырдағы қытай архив құжаттарын талдауда этнонимдік атауларды механикалық түрде қабылдауға болмайды, оларды тарихи және деректік контекст аясында қарастыру қажет, өйткені бұл қазақ – жоңғар соғыстарына қатысты деректерді дұрыс интерпретациялаудың негізгі шарттарының бірі болып табылады (张建, 2013: 77). Жалпы алғанда, 张建 еңбегінде пайдаланылған « 平定朔漠方略 », « 外藩蒙古王公表传 », мәнжур тіліндегі әскери донесениелер мен орыс архив құжаттары жоңғар билеушілерінің әскери қуатының өсуін, олардың қазақтар мен өзге де тайпаларға жасаған қысымын кең тарихи контекстте көрсетуге мүмкіндік береді (张建, 2013: 74 – 75). Дегенмен, еңбекте қазақ – жоңғар соғыстары жеке тарау ретінде арнайы талданбаса да, қолданылған деректердің ішінен қазақтарға қатысты құнды мәліметтер айқын көрініс табады, әсіресе 1691–1702 жылдар аралығындағы әскери-саяси жағдайлар мен жоңғарлардың аумақтық экспансиясы қазақ тарихын қайта пайымдауға маңызды ғылыми негіз береді.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ – жоңғар соғыстарының тарихына

қатысты бірқатар маңызды тұжырымдар жасалды. Ең алдымен, қазақ–жоңғар соғыстары тек қана әскери сипаттағы қақтығыстар жиынтығы емес, қазақ мемлекеттілігінің саяси дамуын айқындаушы фактор болғаны анықталды. Бұл соғыс қазақ қоғамындағы ішкі бірлік пен рулық құрылымдардың ынтымақтастығын күшейтіп, ортақ ұлттық қауіпке қарсы ұйымдасқан жауап беру тәжірибесін қалыптастырған. Зерттеу барысында қазақтардың жоңғарға қарсы әскери тактикасының жоғары деңгейде болғаны және оның уақыт өте заманауи маневрлік әрекеттермен толыққанын байқауға болады. Бұл әскери тәжірибе қазақ жасақтарының оперативтік қозғалыс икемділігін арттырып, олардың далалық соғыстағы тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар, жоңғар мемлекетінің күйреуі қазақтардың аймақтағы саяси ролін өзгертті. Қазақтар XVIII ғасырдың екінші жартысында аймақтық маңызды саяси субъект ретінде танылып, көрші мемлекеттермен дипломатиялық байланыстарды жаңа форматта жүргізе бастады. Бұл процесс қазақ мемлекеттілігінің сыртқы әлеммен қарым-қатынас аясының кеңеюіне мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қазақ – жоңғар соғыстарының Орта Азиядағы геосаяси баланстың өзгеруіне айтарлықтай әсер еткені анықталды. Жоңғар мемлекетінің жойылуы аймақта билік вакуумын тудырып, жаңа саяси қатынастар жүйесін қалыптастырды. Бұл жүйеде қазақтар тікелей саяси ойыншы ретінде көрініп, бұрынғы жоңғар – қазақ текетіресінен қазақ – Цин дипломатиясына өтудің жаңа тарихи желісі айқындалды. Зерттеу нәтижелері қазақ – жоңғар соғыстарының қазақ этносының тарихи жадында орны ерекше екенін, бұл соғыс халықтың өзін-өзі тану процесінде, тарихи идентификациясында тұрақты фактор болғанын да көрсетеді. Жоңғар шапқыншылығы қазақ тарихи санасында трагедиялық эпизод ретінде сақталса да, оның салдары белгілі бір жағынан қазақ мемлекеттілігінің нығаюына, ұлттық идеяның күшеюіне ықпал етті. Соңында, зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды нәтиже – қытай деректерінің қазақ–жоңғар тақырыбын зерттеуде аса құнды ақпарат бере алатыны. Олар қазақтардың аймақтағы тарихи роліне сыртқы объективті көзқарас беріп, тарихи процестерді кең контексте талдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи кезеңін кешенді түрде талдау бұл оқиғаның қазақ мемлекеттілігінің тағдырындағы шешуші ролін айқын көрсетті. Зерттеу нәтижесінде жоңғар шапқыншылығы қазақ халқы үшін тек қауіп пен зардап кезеңі ғана емес, сонымен қатар бірлік пен саяси кемелденуге жетелеген тарихи тәжірибе болғаны анықталды. Қазақ қоғамының ұйымдасу қабілеті, соғыс жағдайындағы жылдам әрекет ету тактикасы, көшпелі әскер құрылымының тиімділігі бұл соғыста шешуші факторға айналды. Жоңғар мемлекетінің күйреуі аймақтағы саяси ландшафтты түбегейлі өзгертіп, қазақтарға жаңа геосаяси мүмкіндіктер ашты. Қазақ билеушілерінің сыртқы саясаты белсенді дипломатиялық кезеңге өтіп, қазақтардың аймақтық саяси субъект ретіндегі орны күшейді. Бұрынғы жоңғар қауіпіне қарсы қорғанушылар ролінен қазақ хандары халықаралық қатынастар жүйесінде дербес әріптеске айналды. Зерттеу барысында қытай архивтік деректерінің маңыздылығы ерекше айқындалды. Қытай дереккөздері тарихи процестерге сыртқы объективті көзқарас ұсынып, қазақ–жоңғар қарым-қатынасының әскери және дипломатиялық аспектілерін нақты құжаттық негізде талдауға мүмкіндік береді. Бұл деректерді ғылыми айналымға енгізу қазақ тарихының бірқатар мәселелерін жаңаша түсіндіруге жол ашады. Қазақ–жоңғар соғыстарының тарихи жадтағы орны – ұлттық идентификация мен тарихи сана қалыптастырудағы маңызды элемент. Бұл соғыс нәтижесінде қалыптасқан ұлттық бірлік идеясы мен тарихи сабақтастық қазіргі қазақ қоғамының мәдени әрі мемлекеттік тұтастығының өзегін құрайды. Осы зерттеу қазақ–жоңғар кезеңіне байланысты тарихи интерпретацияны кеңейтіп, қазақ мемлекеттілігінің аймақтық деңгейдегі ролін нақтылай түседі. Алдағы уақытта жоңғар мұрасы мен оның Цин дипломатиясына, сондай-ақ қазақ–қытай қатынастарына әсерін одан әрі жүйелі зерттеу қазақ тарихының халықаралық контекстіндегі орнын аша түсуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Abdilashim, 2023 – Abdilashim D. (2023). The Study of a Kazakh Document in Chinese Archives Related to Khankhoja Sultan's Cattle Trade and Its Historical Significance // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. – Vol. 4 (112). – P. 40–46.

[Eng]

- Абдиләшім, 2024 – Абдиләшім Д. (2024). Қытай императорының қазақ сұлтанына жолдаған жарлығының тарихи маңызы // *Turkic Studies Journal*. – Т. 6. – № 1. – 7–22–66. [Kaz]
- Нагаминэ, 2021 – Нагаминэ Х. (2021). К вопросу о взаимоотношениях между Казахскими ханствами, Цинской и Российской империями. Рецензия на книгу: Noda J., Onuma T. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty // *Золотоордынское обозрение*. – Т. 9. – № 1. – С. 210–223. [Rus]
- Халымбетова, Калыгулова, 2024 – Халымбетова А.А., Калыгулова Ж.А. (2024). Историография борьбы казахского народа с джунгарским нашествием (XVII – XVIII вв.) // *Вестник университета им. М.Х. Дулати*. – № 2. – С. 120 – 129. DOI: 10.55956/CCMM5884 [Rus]
- 平定准噶尔方略, XVIII 年. –《平定准噶尔方略》卷首-前编卷四. 北京: 清内府档案, XVIII 年. Манчжур-кытай архивтік әскери материалдар жинағы. [Chi]
- 冯晖, 2018 –冯晖. (2018). 清朝与准噶尔汗国关系再探讨 // *西域研究*. –第 2 辑. –页 18–27. [Chi]
- 吴宏伟, 张昱, 2014 –吴宏伟, 张昱. (2014). 部落传统与哈萨克斯坦当代社会 // *俄罗斯东欧中亚研究*. –№ 6. –页 1–9. [Chi]
- 齐光, 2023 –齐光. (2023). 1727–1745 年准噶尔与哈萨克的战争 // *西部蒙古论坛*. –№ 4. –页 14–29. [Chi]
- 张建, 2013 –张建. (2013). 再造强权: 准噶尔汗国吉策妄阿喇布坦崛起史新探. 北京. –44 页. [Chi]
- 马子木, 2017 –马子木. (2017). 乾隆朝初通巴达克山考—兼论准噶尔遗产与清朝中亚外交之初建 // *中央研究院历史语言研究所集刊*. –第 88 本. –第 2 分册. –页 347–396. [Chi]
- OpenAI. ChatGPT (GPT-5.2) тілдік моделі. – OpenAI, 2023. – URL: <https://chat.openai.com> Қолданылу мақсаты: мәтінді тілдік өңдеу, грамматикалық түзету және ғылыми баяндауды құрылымдауға көмек көрсету. GPT-5.2 моделі ғылыми мәтіннің мазмұнын генерациялау үшін емес, тек редакциялық қолдау құралы ретінде пайдаланылды. – Қаралған күні: 15 қазан 2025 ж. [Eng]

References

- Abdilashim, 2023 – Abdilashim, D. (2023). The study of a Kazakh document in Chinese archives related to Khankhoja Sultan's cattle trade and its historical significance. *Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series*, Vol. 4 (112), pp. 40–46. [In Eng]
- Abdilashim, 2024 – Abdilashim, D. (2024). Qytai imperatorynyn qazaq sultanyyna zholdaghan zharlygynyn tarikhi manyzy [Historical significance of the Chinese emperor's edict sent to a Kazakh sultan]. *Turkic Studies Journal*, Vol. 6, No. 1, pp. 7–22. [In Kazakh]
- Feng, 2018 – Feng, Hui. (2018). Qing chao yu Zhunge'er Han guo guanxi zai tantao [Revisiting the relationship between the Qing dynasty and the Dzungar Khanate]. *Western Regions Studies*, Issue 2, pp. 18–27. [In Chinese]
- Khalymbetova & Kalygulova, 2024 – Khalymbetova, A. A., & Kalygulova, Zh. A. (2024). Istoriografiya bor'by kazakhskogo naroda s dzhungarskim nashestviem (XVII–XVIII vv.) [Historiography of the struggle of the Kazakh people against the Dzungar invasion (17th–18th centuries)]. *Bulletin of M.Kh. Dulaty University*, No. 2, pp. 120–129. <https://doi.org/10.55956/CCMM5884> [In Russ]
- Ma, 2017 – Ma, Zimu. (2017). Qianlong chao chu tong Badakeshan kao –jian lun Zhunge'er yichan yu Qing chao Zhongya waijiao zhi chu jian [The early Qing contacts with Badakhshan during the Qianlong era and the Dzungar legacy in the formation of Qing Central Asian diplomacy]. *Bulletin of the Institute of History and Philology, Academia Sinica*, Vol. 88, No. 2, pp. 347–396. [In Chinese]
- Nagamine, 2021 – Nagamine, H. (2021). K voprosu o vzaimootnosheniyakh mezhdu Kazakhskimi khanstvami, Tsinskoi i Rossiiskoi imperiyami [On the question of relations between the Kazakh khanates, the Qing and Russian empires]. Review of: Noda J., Onuma T. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. *Golden Horde Review*, Vol. 9, No. 1, pp. 210–223. [In Russ]
- Pingding Zhunge'er Fanglüe, 18th c. – Pingding Zhunge'er Fanglüe [Strategic account of the pacification of the Dzungars]. (18th century). Beijing: Qing Imperial Archives. Manchu–Chinese military archival collection. [In Chinese]
- Qi, 2023 – Qi, Guang. (2023). 1727–1745 nian Zhunge'er yu Hasake de zhanzheng [The war between the Dzungars and the Kazakhs, 1727–1745]. *Western Mongolian Forum*, No. 4, pp. 14–29. [In Chinese]
- Wu & Zhang, 2014 – Wu, Hongwei, & Zhang, Yu. (2014). Buluo chuantong yu Hasakesitan dangdai shehui [Tribal traditions and contemporary Kazakhstanian society]. *Russian, Eastern European and Central Asian Studies*, No. 6, pp. 1–9. [In Chinese]
- Zhang, 2013 – Zhang, Jian. (2013). Zaizao qiangquan: Zhunge'er huntaiji Cewang Alabutan jueqi shi xin tan [Reconstructing power: A new study on the rise of the Dzungar Khong Tayiji Tsewang Rabtan]. Beijing. 44 p. [In Chinese]
- OpenAI. ChatGPT (GPT-5.2) Language Model. – OpenAI, 2023. – URL: <https://chat.openai.com>
- Intended use: language editing, grammatical correction, and assistance in structuring academic writing. The GPT-5.2 model was used exclusively as an editorial support tool and was not employed for content generation. – Accessed: October 15, 2025 [In Eng].

Редактор: Мырзабекова А.М. Верстка: Сексенова Ж.М. Подписано в печать: 30.12.2025 г.
Издание: ТОО Международный университет Астана 010000, Казахстан, г. Астана, пр. Кабанбай
батыра, 8, тел.: +7 (7172) 47-62-10 (214), e-mail: mhce@aiu.edu.kz